1. Организационный момент, проверка готовности учащейся к уроку. Сообщение темы урока. Урок проводится с учащейся 3 класса фортепианного отделения Есдаuletқызы Аружан. Вступительное слово педагога: «Педагогическая практика показывает, что начиная с первых лет обучения игре на фортепиано, необходимо уделять внимание систематической работе над техникой. При игре на фортепиано нужны крепкие пальцы. Для тех учащихся, у которых слабые пальцы нужно больше уделять внимания пальцевой гимнастике и упражнениям. Гимнастика на освобождения тела обучающегося от зажимов (для шеи, кисти и пальцев, плечевых и локтевых суставов) — это самое первое на что педагог должен обратить внимание. Очень ценны упражнения Шмидт-Шкловской.»

2. Учащаяся показывает упражнения на освобождение мышц шеи, кисти и пальцев, плечевых и локтевых суставов.

Следующий этап — гаммы. К.Черни называл гамму фундаментом фортепианного обучения. Гамма является основой инструктивной этюдной литературы. В работе над гаммами развиваются ловкость, четкость, активность, самостоятельность и независимость пальцев, а также координация рук и определенные аппликатурные привычки.

а) Гамма E-dur очень удобна в позиционном отношении. Учащаяся разучила её без проблем. Задачи исполнения - слушаем и ведём на legato мелодическую линию в гаммах, динамическая задача — взбираемся на гору всё выше и выше - crescendo, а вниз

— *diminuendo*. Для разнообразия работы играем различными штрихами: глубоким звуком на *non legato* и *forte* (большой слон в тапочках). Ставим другую задачу — сыграем на *piano* также на *non legato* (росинки на траве).

б) Ш. Ганон упражнение №5. Обращается внимание на ровность 16-тых нот, и полный звук.

в) А. Диабелли Упражнение в ансамбле с педагогом. Аккорды следует «брать» пальцами как всё, что мы берём в руку, не напрягая, с упругим «рессорящим» запястьем.

3. Работа над этюдами.

Этюд (фр. - *etude* – изучение) — инструментальная пьеса, как правило, небольшого объёма, основанная на частом применении какого-либо технического приёма и предназначенная для усовершенствования техники исполнителя. Именно техника даёт исполнителю уверенность и возможность раскрыть содержание музыкального произведения

а) А. Гедике «Этюд» C-dur. Отрабатывается предусмотрительность 1 пальца - плавное движение пальца под ладонь (с момента освобождения его от обязанности играющего к своей следующей клавише). Отработка самостоятельного удара 1-вым пальцем. Одинаковая координация движений в обеих руках.

б) К. Черни Этюд «Карусель» соч 599 №63. Метрическая пульсация в левой руке — дирижёр. Должна быть четкая пульсация четвертей, т.к. в правой руке — триоли.

4. Заключение. «На этом уроке мы работали над развитием технических навыков на фортепиано. Эта проблема не достигается на одном уроке, её развитием нужно заниматься регулярно из урока в урок, проявляя настойчивость педагога и учащегося. Когда мы говорим о развитии техники у учащегося, то имеется в виду та сумма знаний, умений, навыков и приёмов игры, при помощи которых решаются звуковые и художественные задачи. Вне музыкальной задачи техника не может существовать.

На мой взгляд, перед каждым педагогом должна стоять задача — выработать собственный стиль работы с учеником. В каждом педагоге должна присутствовать одна важная черта — высокая требовательность к художественному замыслу, качеству игры и, следовательно, технике своих учеников. Постоянная педагогическая требовательность подводит учителя к вершинам педагогического мастерства, а ученика - к способности самостоятельного думать и решать технические проблемы. »



РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

**Елемесова Ақниет Серікқызы,
Түркістан облысы Кентау қаласы
«Кентау оқушылар үйі» МКҚК,
Roboclub үйірмесінің жетекшісі**

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»*



XXI-ғасыр техниканың даму ғасыры болғандықтан, компьютерлер мен роботтардың адам өмірінде алатын орны өте зор.

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбиенегізі. Білім беру саласында сабақтан тыс уақытта жүргізілетін әрбір үйірменің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі ерекше. Оның ішінде, техникалық – шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім – тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірмелер.

Осыған орай, Кентау қаласының «Кентау оқушылар үйі» МКҚК-да мектеп оқушыларының сапалы білім алуына, әсіресе, ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелердің

дамуына үлкен көңіл бөлінеді.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өзін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде робототехника – электроника базасында автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу үрдісі туралы ғылым, механика және бағдарламалау.

Не үшін робототехника? Біріншіден, бұл әлемде ғылыми зерттеулердің басым бағыты. Роботтар өндірістің жоғары технологиялық салаларына еніп, біздің өмірімізде күнделікті тұтынатын теледидар немесе телефон сияқты қалыптасқан затқа айналуға. Ерте ме, кеш пе роботтар адамның алмастырылмайтын көмекшілері болмақ, бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына ешкім күмән келтіре алмайды.

Екіншіден, білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін робототехника сабақтары. Робот құрастыру үрдісі – шығармашылық, берілген тапсырмалардың дайын жауаптары жоқ. Сондықтан да жаңаны іздеу үшін, бұрынғы бар білімін пайдалануға тура

келеді.

Үшіншіден – тұлғаның дамуы үшін мақсат қоя білуге негізделген шығармашылық іс-әрекеттік тәсіл. Компьютерлік технологиялар заманында өмір сүретін жеке тұлғаны шығармашылық тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған.

Робототехниканың негізінде оқушылар математика, физика, информатика және басқа жаратылыстану-ғылыми бейіндік пәндеріне алған білімдері мен дағдыларын кіріктіре отырып, робототехниканы, инженерлік дағдыларды қалыптастыруға және технологияларды оқып үйренуге мүмкіндігі жоғары.

Болашаққа жылжып келе жатқан жоғары технологиялар – ғарыш, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздік, қорғаныста және көптеген салаларда пайдаланылады. Осыған байланысты, қосымша білім беру ұйымдарында Робототехника үйірмелері жүргізіледі. Үйірмелерде оқушылар әлемдік робототехниканың жетістіктері және даму бағыттары туралы біледі, Лего-роботтарын құрастырады, бағдарлама жасайды және деректер моделін құрастыруды ойлап табады.

Кентау оқушылар үйінде біздің оқушылар тек роботтар құрастырып, бағдарламалаумен шектелмейді. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды



сіңіре отырып, сапалы білім беруге аянбай еңбек етудеміз.

Оқушымыз Смайл Аружан ұлттық дәстүрлерді насихаттауға бағытталған жоба жасап, «Қара жорға» әніне билейтін ерекше робот жасап шығарды. «Қара жорға» әніне билеген роботты Оқу ағарту министрлігіне және «Алатау КазМедия орталығы», «Хабар», «Қазақстан ұлттық арнасы» тікелей эфирде қонақта болып, бүкіл Қазақстан еліне жобасын көрсетіп, мадақталды.

«Ұлттық жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды».

Ұлттық ойындар арқылы, баланың бойына ұлттық тәрбиені, өшпес рухты, қазақы болмысты қалыптастыруға болады. Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу аса маңызды.

Атап айтса, «Арқан тартыс», «Көкпар», «Теңге алу» сияқты Ұлттық ойындарымызды техника саласымен сабақтастырып, өскелең жас ұрпақтың білім дәрежесіне даңғыл жол ашу – біздің басты мақсатымыз. Жаңаша ойлайтын жастардың қабілетін шындай түсетін мұндай идея кемде – кем.

Сол мақсатпен Кентау оқушылар үйі ұжымы осындай игі жобаны іске асырып отыр. Ұстаз – ұлттың ұйытқысы, бет-бейнесі, өскелең ұрпақтың санасын жаңғыртушы, алға жетелеуші шырағы. Көпті ізіне түсірген, жол сілтеуші ұстаздардың қай бағытта болса дағы ұлтқа деген, қазақ еліне деген ықыласы ерекше болуы керек. Біздің техника саласын ұлттық ойынмен сабақтастырумыздағы басты міндет, басты ниет осы болып тұр.

Арқан тартыс ойыны. Мақсаты – тартысқа түскен роботтар бір-бірімен күш

сынасып, ортадағы белгіленген сызықтан қарсыласын сүйретіп, өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы ортадағы белгіленген сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізсе, сол жағы ұтқан болады.

Робототехника үйірмесіне қазақтың Арқан тартыс ойыны осы тәртіппен өткізіледі.

Ойын ережесі:

1. Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;
2. Роботтың көлемі 25x25 см болу керек;

Дайын болған 2 команда роботтары арқан тартыс алаңында қарама-қарсы орналастырылады және алаңда көрсетілген сызық бойымен бірін-бірі тартып шығару керек. Роботтар 3 рет кезедеседі, ұпай саны көп робот жеңімпаз атанады.

Көкпар ойыны командалық ойын болғандықтан, біз оқушылар арасында командалық жұмысты ұйымдастырамыз. Топтағы оқушылар 2 командаға бөлініп, әр команда 3 роботтан құрастырады. Ойын ережесі:

1. Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;
2. Роботтың көлемі 20x20 см болу керек;

Ойын барасында роботтар оқушылардың басқарумен ойнатылады. Серке орнына роботтар үшін біз жасанды ойыншық қоямыз. Алаңда 2 тайқазан, айыппұл алаңы орналасқан. Роботтар арасында өтетін көкпар ойыны толық Көкпар ойының ережесі бойынша ұйымдастырылады. Командалар тайқазанға неше рет «серкені» салғаны бойынша ұпай есептелініп, жеңімпаз команда анықталады. Көкпар ойыны 2 турдан тұрады, әр тур 5 минут ойнатылады.

Теңге алу ойыны. Теңге алу ойыны шапшаңдықпен ептілікке үйретеді. Ойын ережесі:

1. Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;
2. Роботтың көлемі 20x20 см болу керек;
3. Роботтың жылдамдығы жоғары болу керек;

Теңге алу ойынында роботтар қара сызық бойында орналасқан қызыл шүберекке оралған теңгелерді алу керек. Бұл ұлттық ойын барысында біз роботтың уақыт көрсеткішіне және жинаған теңгелерін есепке ала отырып, жеңімпазды анықтаймыз.

Робототехниканы зерттеу оқушылардың болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Оқушылар робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, модельдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын рухани байлықтарымен қалыптастырады. Оқушылар нақты мақсат қойып, оған жетуге үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ОЙЫН АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІКТЕРІН ДАМУ

Кентау оқушылар үйінің
қосымша білім беру педагогы Ботабаева Г.



Қазіргі кезде қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-тәрбие жүйесінің үлесіне тиетін ескерсек, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуына ойынның алатын орны ерекше. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып дамуын қалыптастыруға болады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде ойын-сауық жаттығу сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, логикалық ойындар, ұлттық ойындар және т.б. Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруге көмектеседі. Ұлы педагог И.А. Сухомлинский ойынсыз, ертегісіз шығармасыз, ойсыз толық мәндегі ақыл ой тәрбиесіз болмайды деп санаған. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ қызықты, әрі жеңіл игереді. Ойын

сабақтары оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілетін кеңейтеді. Ойын кезінде оқушылар бір-бірімен тығыз қатынаста болып, ұжымдық бірлігі нығайады. Ойын түрін пайдалана білу мұғалімнің меңгеріп отырған білімін ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектеседі. Ойынды түрлендіруге жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жатқызуға болады. Олар әр түрлі, әр ақыл ойды дамытуға демалыс сәттерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Оқушы әрекет үстінде өзін-өзі еркін ұстауға қысылып қымтырылмауға, басқалармен тіл табысуға жолдастық, достық сезімінің оянуына мүмкіндік жасайды. Ойынның негізгі мақсаты оқушының білімді меңгеруі болса, мұғалімнің негізгі міндеті сол білімді пайдалана отырып оқушының өздігінен жұмыс істейтіндігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі жағдай мен ертуге қол жеткізу.

Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсе болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Соңдықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты ізденіп отыру керек деп ойлаймын. Бастауыш сынып балалары болашақтың иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдинетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын, деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін мәдинетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп қоршаған ортадағы қарым қатынасын, мінез-құлқын өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Бастауыш сыныпта адамгершілікке тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдеріне тәрбиелеуге болады. Әрбір ұстаздың мақсаты сабақ мақсатын көтеру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ, бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі-« Ойын арқылы оқыту» технологиясы, ойын-бала қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзіне қоршаған дүние ретінде

туралы түсінік алады. Ойынның негізгі мақсаты-баланы қызықтырып отырып білімді берік меңгеруге ,ойын ойната отырып оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыр,өздігінен жұмыс істеуге үйрету,қиынсыз ойлауға дағдыландыру.

Сұлтанмұрат Торайғыров « Балалықтың қанына ойын ашық» деп бекер айтпаған. Өйткені ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкінділігі және қызығуы анық байқалады.Егеменді еліміздің тірегі –білімді ұрпақ десек білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі.Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс- әрекет деп түсінеді.

Мұғалім үшін басты міндет оқушының қызығушылығын арттыру,оның дамуына жағдай туғызу,сөйлеу қабілетін дамыту.Бастауыш сынып оқушысы балалықпен толық қоштаспаған,мектепке жаңа бейімделе бастаған ойын баласы. Өйткені төменгі сынып тағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады.Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп,тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Бастауыш сынып оқушыларын ойын арқылы оқытуда коммуникативтік тапсырмалардың рөлі ерекше.Ол тапсырмалар баланың тұлғалық дамуының ішкі қайнар көзі ретінде қызмет етеді,сондай-ақ оқу іс- әрекеті барысында тұлғааралық қарым-қатынасы мен өзара әрекеттеріндегі оның қажеттілігін қанаттандырады.Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәселесі қазіргі уақытта әрбір нақты адам үшін де қоғам үшін де өзекті болып табылады.Егер оқушы тақтаға жауап беруге ұялса немесе шамадан тыс алаңдаушылық сезсе оның нақты жауабы коммуникативтік біліктілікті іске асыру ретінде бар білімдерінен нашар болады,ал оның бағасы,тиесінше төмен болады.Алынған теріс тәжірибе оқу қызметіне теріс әсер етеді.Екіншіден баланың мектепке бейімделуі,соның ішінде ұжымдағы эмоционалдық әл-ауқаты комуникативтік біліктілігі білім беру үдерісінде оқушының бүгінгі тиімділігі мен әл-ауқатының ресурсы ретінде де қарастыруы мүмкін.

Бастауыш сынып оқушыларын коммуникативтік біліктерін қалыптастыру –өте өзекті мәселе, өйткені осы біліктердің қалыптастыруы – дәрежесі балаларды оқытудың нәтежелілігіне қатар олардың әлеуметтенуі мен жалпы тұлғаның дамуына да әсер етеді. Іскерліктер іс- әрекетте қалыптасады,ал коммуникативтік іскерліктер оқушылардың сабақтарда, сондай ақ сабақтан тыс іс-әрекеттерде қарым қатынас процесінде қалыптасады және жетілдіріледі .Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік қызметін жандандыру оқушыларды жігерлі,мақсатты қарым қатынасқа шақыру поцесін көздейді.Қатынас кез келген сабақтың ажырамас бөлігі,сондықтан оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру оқу тәрбие порцесінің сапасын арттыруға әкеледі.Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орнын Қазақстандық ғалым Н.Құлжанова да зерттеген.Ойын бала үшін еліктеу инстинг,күнделікті негізгі әрекет және оның жеке өмірі , -деп дәлелденген.Н.Құлжанова ның айтуы бойынша ойынды әдептілік,тәрбиелік мақсатта пайдалану –баланың болашақ өміріне түзу жол салу,үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделу басты педагогикалық мақсаттар.Ғалым « Бала ойында ғана тынығып, жұмыс жасап,өсіп жетіледі.» Оның ойлау қабілеті жетіліп қарым қатынас жасау мүмкіндігі артатынын атап көрсеткен.

Бастауыш сыныптарда ұсынылып отырған ойындардың басым көпшілігі балаларды мейірімділікке,достыққа ,сүйіспеншілікке,сыйластыққа үйретуді көздейді.Сабақ барысында пайдаланылатын кейбір ойындардың үлгілері:

« Даналық сөздер» ойыны.

Сандықшаға қатты қағаздан жасалған әріптерді салып қоямын.Үш топтан бір –бір оқушыдан шығып сандықшаның ішіне қарамай ,әріптердің бірін алады.Қандай әріп шықса ,сол әріптен басталатын даналық сөздерді айтуы тиіс.Айта алмай қалған бала айып тартады.Мысалы,Ұ әріпі болса –« Ұят өлімнен де күшті »,» А » - « Ақыл шыңы -даналық»,» Ақыл-жастан,асыл-тастан» , « Т»» Туған жер-алтын бесік,асыл анам».

Ойын-жаттығу « Обал сауап»

Оқушылардың осы тақырып бойынша алған білімдері жаттығу арқылы бекітіледі. Ақты төкпе ,обал болады.

Торға түскен құсты босат,сауап болады.

Ойындарды өткен тақырыштармен байланыстырып отырамыз, мысалы « Көңіл күйімізді басқара білейік» тақырыбына « Менің көңіл күйім қандай?» ойынын ойнатылады. Мұнда бір бала ортаға шығып, өз көңіл-күйін мимика, қимыл қозғалыстар арқылы көрсетеді. Қалғандары оны тауып айтады. Ойын кезекпен осылайша жалғаса береді. Нәтижесінде оқушылардың.

Қисыңды ой-қабілеті дамиды;
Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
Сөздік қоры дамиды, тілі дамиды;
Зейіні қалыптасады;
Байқампаздығы артады;
Бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
Сабаққа қызығушылығы артады;

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Үшінші (негізгі) деңгей. Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ, 2012
2. Қоянғазин Б. Сабақта ойын ұйымдастырудың маңызы. Бастауыш мектеп. 2001ж.



«МУЗЫКА - ЯЗЫК ДУШИ»

Алматинская область
Енбекшиказахский район с.Шелек
КГКП « Детская школа искусств» Педагог-
исследователь
по классу фортепиано и сольфеджио
Горх Надежда Васильевна

*Музыкант играл на скрипке. Я в глаза его глядел
Я
не то чтоб любопытствовал- я по небу летел
Я не то чтобы от скуки, я
надеялся понять,
Как умеют эти руки эти звуки извлекать
Из какой –то деревяшки, из каких- то грубых жил
Из какой- то там фантазии, которой он служил,
Да ещё ведь надо в душу к нам проникнуть и поджечь...
А чего с ней церемониться, чего её беречь.
Счастлив дом, где пенье скрипки наставляет нас на путь
И вселяет в нас надежду.- остальное как-нибудь.
Счастлив инструмент, прижатый к угловатому плечу,
По чьему благословению я по небу лечу.
Счастлив тот, чей путь не долог, пальцы злы, смычок остёр,
Музыкант, соорудивший из души моей костёр!
А душа (уж это точно), ежели обожжена-
Справедливей, милосерднее и праведней она.
Б. Окуджава*

Всё самое главное в жизни начинается у человека с детства. Музыка – язык души. Учить трудиться душу надо с самого раннего детства, иначе, как показала, жизнь будет поздно. Вот почему так важно всех детей приобщать к музыке, не задумываясь над тем, станут ли они профессиональными музыкантами или нет. Исходя из своего 34 - летнего опыта работы педагогом по классу фортепиано в детской музыкальной школе я выработала своё кредо- максимально знакомить учеников со всем лучшим что создано в музыке, без всяких возрастных барьеров. Для меня фраза: « Он это не поймёт не допустима». Что мы

знаем о том, как воспринимает ребёнок музыку, как она воздействует на его ещё только формирующуюся личность, что из воспринятого из музыкальных великих творений унесёт он в дальнейшую жизнь и какое воздействие услышанное им в детстве, окажет на формирование его личности? На своём опыте я поняла, что ребёнок может своим ещё не перегруженным массой впечатлений сознанием воспринимать всё новое, хотя бы и сложное, и, своим «целинным восприятием осознать и унести с собой в жизнь запомнившиеся образцы лучшей музыки. И это будет присутствовать в формировании его личности и судьбы. Именно поэтому в настоящее время повышается роль дополнительного образования, составной частью которого является обучение детей музыке и музыкальной грамотности. Мы не ставим перед собой цель – воспитать из каждого ребёнка гениального музыканта или великого композитора, хотя процесс выявления одарённых детей тоже немаловажен. Главное, воспитание человека облагороженного музыкой, что само по себе уже большая удача. Человек, понимающий и тонко чувствующий музыку не способен на подлость, предательство, другие низменные поступки. Ведь воспитание духовно- нравственных качеств, всегда считалось одной из сложных и актуальных задач педагогической науки.

Среди тех, кого приводят учиться к нам в музыкальную школу, с целью начинать обучать игре на фортепиано, редко приходят дети самостоятельно потянувшиеся к музыке, чаще их приводят родители жаждущие дать музыкальное образование своим чадам. И поэтому с самого начала педагогу важно понять все индивидуальные особенности ребёнка, а они раскрываются не сразу. Проходит два, три года, пока станет ясно на какой путь его направить. Бывает, уже на третьем году обучения видишь, что перспектива музыканта профессионала для данного ученика весьма сомнительна. Но это не значит, что нужно бросать занятия. Язык музыки подразумевает много разновидностей и способов обучения, исходя из которых, можно воспитать не только солиста, но и музыкального педагога, будущего композитора или музыковеда.

Язык музыки воспитывает следующие духовно- нравственные компоненты личности:

1. Самодисциплину. Музыкальные занятия построены на жёстком графике (расписании). Музыканты сродни спортсменам и уроки в музыкальной школе они как тренировки, регулярны.

2. Интеллект. В этом плане занятия музыкой конкурируют с математикой, изучение нот, владение читкой с листа, построение интервалов, аккордов, освоение ритма, стилей, направлений сродни профессиональной шифровке. Это требует определённой работы от головного мозга. Все великие учёные доказали что необходимо учиться языку музыки.

3. Музыка закаляет характер, вырабатывает стойкость на жизненном пути, повышают уровень ответственности. Нельзя передвинуть сроки экзаменов, технический зачёт или концерт. Учиться музыке – это значит учиться отвечать за себя и свои поступки.

4. Музыка развивает системное восприятие. Исполнение музыкального произведения на концерте это единовременный процесс. Остановиться нельзя – поезд пошёл. Нужно управлять педалью, темпом, динамикой и т. д. Осваивается навык управления событиями одновременно.

5. Музыка и язык – близнецы- братья. Они родились следом друг за другом. Сначала музыка, затем словесная речь. Играющие и поющие лучше говорят и пишут. Обучение музыке похоже на изучение иностранного языка. Всем известно, что вся музыкальная терминология построена на итальянском языке.

6. Язык музыки облегчает коммуникацию, поскольку занятия музыкой расширяют кругозор. За годы учёбы ребёнок – музыкант познакомится с галантным и дружественным Моцартом, ершистым Прокофьевым, философом Бахом. Теперь остаётся один шаг до таланта менеджера.

7. Огромное значение для развития драгоценных нравственных качеств имеет игра в ансамбле. В младших классах со своим педагогом, в старших с ровесником по классу. Ребёнок совершенствует свой характер, подсказывая решения которые могли быть и не найдены с самим собой. А ещё дети играющие в ансамбле становятся друзьями на всю

жизнь. Лично для меня это один из самых любимых жанров исполнительского искусства. Он дарит незабываемые минуты человеческого общения, творческого вдохновения.

8. Музыка приучает к успеху. Многие известные люди, миллионеры, актёры занимались музыкой. Из своего опыта я вижу, что ребёнок ставший лауреатом конкурса всегда хочет повторить свой успех.

9. Но как я считаю, одним из важнейших качеств музыки является патриотическое воспитание. Музыка воспитывает любовь к Родине, гордость за своё искусство. Этому воспитывают на уроках хора при исполнении Гимна страны, при разучивании народных песен. И ещё это воспитывает толерантность, уважение к культуре других народов. Этому учат уроки сольфеджио, зарубежной и казахской музыкальной литературы.



БАЙҚАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МӘНІН АШУ

Данебекова Гулжан Әуезханқызы
Түркістан облысы. Кентау қаласы
Кентау оқушылар үйінің
«Домбыра сазы» үйірмесінің жетекшісі



Сабақтың мақсаты:

- Домбыра аспабында ойнау тәсілдерін оқушыға дұрыс меңгерту.

- Күйлер ойнату арқылы оқушының музыкалық қабілетін дамыту.

- Баланың өнерге деген сүйіспеншілігін, байқауға қатысу ынтасын арттыру, жауапкершілікке, эстетикаға, патриоттыққа және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Жоспар:

- Жаттығулар ойнату

- Е. Үсенов «Поэма» алма кезек орындалатын пиццикатоға, тремолоға тоқталып өту.

Фортепиано сүйемелімен ойнату.

- Қ. Ахмедияров «Алтын ұя» күй жайында шағын мағлұмат беріп, күйдегі ерекшелік, яғни қағыстарын, ырғағын нығайту.

- К. Күмісбеков «Арман». Мұғалім орындап береді, әрі қарай бір бөлімін оқушымен талдау жұмысы.

Сабақтың барысы: Жаттығулар ойнату. Үйге берілген тапсырма «Поэма» шығармасының көркемдік мәнімен жұмыс жасау. Автор жайлы шағын мағлұмат. Е. Үсенов 1952 жылы Райымбек ауданында, Талды ауылында туылған. Композиторлар конкурсының 3-дүркін лауреаты. Қазақстан композиторлар одағының мүшесі. 1977 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны бітірген. Алғашқы музыкалық шығармаларын осы жылдары жаза бастады. 1981 жылы Н. Тілендиев жетекшілік еткен «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрамына қабылданды. Ризз-қағысы жайлы әңгімелеу. Пиццикато қағысы итальян тілінен аударғанда – шымшып қағу, іліп қағу, саусақтың көмегімен ішектерді бірінен соң бірін жұлып ойнау. Тремоло штрихы. Тремоло – бір немесе бірнеше дыбыстың өте жиі қайталануы. Ол дыбысты ұзақ ұстап тұру үшін немесе әуенді әрлеу үшін қолданылады.

1. Жеке сұқ саусақпен орындау. Бұл тремолонь домбыраның домбыраның шанақ түбіндегі түйме тұсынан оң қол білегімен қаусыра ұстап, алақанды төмен қаратып орындау керек. Тремоло штрихына әр ішекте жеке жаттыққан тиімді.

2. Сұқ саусақпен бармақ арқылы ойналатын тремололар қолдың әр түрлі қимыл-қозғалысымен орындалады. Мәселен, тремоло штрихының бірінші түрінде қозғалыс саусаққа берілсе, екіншісінде буынға беріледі.

Лига – бір биіктіктегі көрші ноталардың үздіксіз дыбысталуын көрсету үшін қолданылады.

Қ. Ахмедияров «Алтын ұя».

Қысқаша мәлімет: 1946 ж 25 наурызда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылында дүниеге келген. Дәулескер күйшінің жүрегі 2010 жылы 65 жасына қараған шағында тоқтады. Сейтектің сынығы, Махамбеттің өрлігі бар Қаршыға атамызды әркез халқы «Күй-Қаршығасы», «Ғасырдың күйшісі» деп мақтайтын.

«Алтын ұя» – қоғамдағы әрбір адамның жанұясы – туған елімен қатар, тарыдай болып кіріп таудай болып шыққан алтын ұя мектебі, ат жалын тартып азамат болып жоғары білім алып, саналы да салауатты өмірге аттандырған алтын ордасы бары анық. Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының жарты ғасырлық мерейтойына тарту-күй шашу. Күй – вальс ырғағында, жан сезімін ғанибетке бөлейтін әсем әуен. Тақырып сазды, қарапайым, көңілге тез қонады. Күй бұлағынан сусындаған, заңғар көкке күй қанатын

қатайтып самғатқан оқу орны, өнердің қасиетті қара шаңырағының жарты ғасырлық тойында дүниеге келді. Жайма шуақ, ұлпа әуезді, секірмелі мінезі жоқ, бірқалыпты, құлаққа сіңімді, жан тербетер сазды күй. Алтын ұяға сай алтын әуез.

К. Күмісбеков «Арман».

К. Күмісбеков (1927-1998) белгілі композитор. Ақмола облысының Қорғалжың өңірінде дүниеге келген. Жасынан өнерлі ортада дәстүрлі ән күйге мейлінше сусындап өскен. Құрманғазы консерваториясында Е. Брусиловскийдің класынан композиторлық мамандығы бойынша бітіріп, өмірінің соңына дейін осы оқу орнында ұстаздық қызмет атқарып, талай буын шәкіртке дәріс берді.

Арман күйі – шағын шолу. Мәнерлік әдістерді арттыру. Мұғалімнің нұсқауы бойынша күйді орындау.

Пунктирлі ырғақ. Тактідегі ұзартылған әлді үлес пен қысқартылған әлсіз үлестің кезектесіп келуіне негізделген ырғақты пунктирлі ырғақ деп атайды. Бұл ырғақ көбінесе өр, салтанатты характердегі ән-күйлерде кездеседі. Өздеріңіз білетіндей нүкте ноталардың ұзақтығын арттыратын белгілерді білдіреді.

Қорытынды: Домбыраны негізгі ойнау тәсілдерін меңгерген оқушы өз орындаушылық шеберлігін одан әрі жетілдіре түсу үшін күрделірек әдіс-амалдарды, ерекшеліктерді үйренуі қажет.

ДАРЫНДЫ БАЛА – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Искендірова Дана Нұралықызы Түркістан облысы, Кентау қаласы Кентау оқушылар үйінің әдіскері



«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала – елдің ертеңгі азаматы. Балғын бала жас өскін шыбық сияқты. Бағыттаған жағына қарай бой түзеп өседі. Адамның жас күнінде үйренген машығы өмір бойғы кәсібіне айналған жағдайлар аз емес. Соңдықтан қазіргі мектептен тыс үйірмелердің мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің талабы. Бүгінгі оқыту жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, оң нәтижелер беруде. Кентау оқушылар үйінің педагогтері де осы мақсатпен қызмет етуде. Жеке тұлғаны қалыптастыруға, білім мен тәрбиенің даралануына көңіл бөлетін қосымша білім беру ұйымдары мен бағдарламаларды жан-жақты жетілдіруге ерекше көңіл бөлінген. Әрбір оқушының қабілетін, дарынын шыңдап қоймай, олардың кәсіби бағдар алуына сеп бола алады.

Балаларды өнерге баулып шығармашылығын дамыту үшін, жұмысын жандандырған ұлағатты жандардың еңбектері ұшан теңіз.

Оқушылардың шығармашылық үйіндегі балаларға арналған үйірмелердің оқушыларға берер азығы мол. Әрбір оқушының қабілетін, дарынын шыңдап қоймай, олардың кәсіби бағдар алуына сеп бола алады. Қаламыздағы «Кентау оқушылар үйінің» балалармен тығыз байланыста жұмыс атқарып келе жатқанына да 65 жыл толды. Осы жылдар аралығында қаншама жас жеткіншектер өз қалауларын тауып, есейіп өмірден өз орындарын тапты. Баланы тәрбиелеудің басты құралы саналатын үйірмелер жұмысы

әлі күнге дейін үздіксіз жұмыс жасап келеді. Кентау оқушылар үйінде жалпы саны 45 үйірме 1400 оқушы жұмыс жасайды. Сабақ кестесі танертең сағат тоғыздан, кешкі алтыға дейін. Барлық үйірмеде бала саны толық, бір топта он бес баладан артық алмайды. Бізде ән айтып, би билеуге, музыкалық аспаптарды да үйрене алады. Мүсін жасап, сурет салып, қолөнерді де меңгеруге болады. Осы өнегелі ордада жұмысына адал, бала бойындағы дарынын аша білетін бір топ ұстаздар қауымы қызмет жасайды. Балаларды өнерге баулып шығармашылығын дамыту үшін, жұмысын жандандырған ұлағатты жандардың еңбектері ұшан теңіз. Олар жұмысын үздіксіз және үзіліссіз жалғастырып жатыр. Бұған дейін ешқандай музыкалық білімі жоқ немесе ешқашан аспап ұстап көрмеген, биге де икемі жоқ балалар өздерінің ыждағаттылығымен, өздерінің дарындылығы және қызығушылықтарының арқасында жетістікке жетті, ұстаздар еңбегін ақтады. Әрбір ата - ана баласының жарқын болашағын армандайтыны рас. Жетіліп келе жатқан жастың қабілетін ерте бастан анықтап, тұлғалық жағынан қалыптастыру ата-ана үшін үлкен еңбекпен қажыр-қайратты талап етеді. Қабілет әрбір баланың бойында болады. Тек соны дер кезінде байқау ұстазға жүктелген. «Мұғалім ең жауапты міндетті орындайды-ол адамды қалыптастырады»-деп даналарымыз айтқандай бала бойындағы өнерді, қабілетті анықтап, жарыққа шығарушы өздеріңіз. Жетіліп келе жатқан жастың қабілетін ерте бастан анықтап, тұлғалық жағынан қалыптастыру ата-ана үшін, үлкен еңбекпен қажыр-қайратты талап етеді. Қабілет әрбір баланың бойында болады. Тек соңы дер кезінде байқау қажет. Қабілетті: есту, көру, сезіну осы үш жүйе арқылы анықтауға болады. Ойын үрдісі барысында баланың қызығушылығын анықтауға болады. Мысалы, бала музыкаға, спорттық ойындарға немесе сурет салуға қызығуы мүмкін. Жас жеткіншектің мінезі мен тұлғалық ерекшеліктері әртүрлі болады. Бірі- белсенді, ал енді бірі- тұйық келеді. Десе де баланың өзіне тән мінезі болады, сол жағдайға мән беруіміз керек. Ол бала өзінің қызығушылығын ашық айта бермеуі мүмкін. Сондай жағдайда ата-аналар баланы күштеп үйірмеге жазып жатады. Мұндай кезде баланың бойында агрессивтілік немесе ата-анасына қарсылығын білдіре алмағандықтан ашушаң болуы мүмкін. Ата-ана баланың суды ішкені, тамақты жегеніне дейін зер салып бақылау керек. Себебі, әр баланың бойында ашылмаған бейімі мен қыры болады. Ата-ана соңы тек дер кезінде дамытып қолдау көрсете білу керек. Иә, баланың бос уақытын қалдырмай, жүйелі түрде жоспарлау болашақта бала өз уақытын үнемді жұмсап үйренетін болады. Бірақ бұның екінші кереғар жағы бала үнемі біреудің көңілінен шығу, өзіне уақыт таба алмайтын жағдайға жетеді. Ал, егер бала қоршаған ортаны өз бетімен танып білетін болса, табиғатты зерттейтін болса, болашақта ол адамнан ғалым шығуы мүмкін. Мұндай балалар кездескен қиыншылықты өзі жеңе алатын болады. Өзімен өзі жүрген бала ішкі жан дүниесіндегі қиялы артады, және шығармашылық қабілетке ие болады. Ата-ана мен баланың үйірме таңдаудағы 7 қателігі

1. Біріншіден, бала баратын үйірмені өзі таңдауы керек. Өз бетінше шешім қабылдай алмаған бала, болашақта ол үшін ата-анасы шешім қабылдау керек деп үйреніп қалады. Сондықтан ересектер өз ұрпағына мұқият қарап, оның барлық қабілеттері мен хоббилерін сараптап, кез келген теріс пікірге және өздерінің армандарына қарамастан, баланың қалаған үйірмесіне берген жөн.

2. Біздің қоғамда қалыптасып қалған теріс миф бар. Ол «баланы балалық шақтан айыруға болмайды» деген. Бұл қате пікір, мұның нәтижесі ештеңе таңдамай, ақыр соңында бала да ешқандай үйірмесіз қалады. Үйірмеге барғанша көбірек серуендеп, таза ауада ойнасын, мектептегі тапсырмалары да жетеді дегенді жиі естіп жатамыз. Баланың білімге, дамуға деген құштарлығы туа біткен қасиет. Олар оқуға, жаңа нәрселерді білуге, жаңалықтар ашуға, гипотеза құруға және іздеуге қызығушылық танытады. Бұл дегеніміз - даму. Балалық шақ деген осы. Керісінше оған жаңа нәрселерді зерттеуге және үйренуге болатына көзін жеткізу арқылы мүмкіндік беру керек.

3. Ең жақсы үйірмені таңдап, оны тастап кетуден қорқу. Үйірме- бұл баланың болашақ мамандығы емес. Баланы бір рет және мәңгілікке бөліп, оған болашақтың дайын траекториясын анықтаудың қажеті жоқ. Керісінше, ол ондаған түрлі үйірмелерге барып өзін байқап көрсін. Ата ана да, бала да байқап көруден қорықпау керек.

4. Үшінші қателік «компания үшін». Бала көп жағдайда жалғыздықтан

немесе қоғамнан қорқады. Бұл әсіресе көшбасшылық қасиеттері қалыптаспаған балаларға қатысты. Сондықтан олар өздеріне достар іздейді, және көп жағдайда сол достарының соңынан ереді. Жақын жанның қолдауы оң әсерін береді. Дегенмен кері жағы бар. Жас жеткіншек өзінің хоббиі мен қалауын ысырып екінші орынға қояды.

5. Физика, математика сабақтары мектептің бағдарламасында бар. Оған қосымша дайындалып не керек деп ойлайтын ата-ана немесе балалар бар. Бұл қосымша білім алу сіздің осы сабақтарға деген қызығушылықты оятуы мүмкін.

6. Тағы бір себебі- баланың үйірмесі тұратын жерден алыс болуы. Мектептегі берілген тапсырмалардан шаршап келген бала, қосымша үйірмелерге баруға күші де қалмай қалады.

7. Білімді үйде өз бетінше оқып та алуға болады деген жаңсақ пікір. Иә, мүмкін шынымен де үйде білім алуға болатын шығар. Бірақ бұл жеткіліксіз.

Сондықтан да өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірт жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткіземін деп жүрген ұстаздарға айрықша алғысымды білдіремін! Ел-қоғам алдында абыройларыңыз арта берсін, жаңа Қазақстанымыздың, жаңа тарихымыздың жарқын болашағы жолында жасап жатқан еңбектеріңіз жана берсін!

ҚОҚЫС – ФАСЫР ДЕРТІ

Түркістан облысы, Кентау қаласы Кентау оқушылар үйі
«Жас эколог» үйірме жетекшісі
Фариха Мырзабаева



*«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» Ш.Айтматов*

Туған жер табиғатының тағдырын түсініп, оған жанашырлықпен қарау кез келген саналы тұлғаның міндеті. Қазақ жері экологиялық дағдарысқа ұшырамасын десек, ертерек қолға алатын уақыт келді. Әрі кезек күттірмейтін мәселе екені де барша қауымға да аян. Қоршаған ортаның ластанбауын ең бірінші әр отбасы мүшелері түсініп, қоқысты бөліп жинауды қолға алу керек. Күнделікті әр үйде жиналатын қоқысты сұрыптауға арналған 3-4 түрлі жәшік болу керек. Қатты, қағаз, тамақ қалдықтары мен салафанға арналған. Қоқыстың қай-қайсы болмасын адам мен табиғатқа зиян екені дәлелденіп жатыр. Енді әрекет ету қалды. Арнайы қоқыс жиналатын орындарға міндетті түрде түрлі-түсті контейнер қойдырту керек. Қоқысты қайта

өңдеуді өз қаламызда қолға алу керек. Туған жер табиғатының тағдырын түсініп, оған жанашырлықпен қарайтын қала тұрғындары мен қонақтарға арналған арнайы жадынама болу қажет. Экологиялық шынайы түсінік қалыптасқанда ғана әрекет жүзеге асады. Сөзден іске көшетін кез жетті деген ойдамын.

Мамандар 21 ғасырда адамзат атаулы ақпараттар тасқынына төтеп бере алмау себебінен психологиялық күйзеліске ұшырайтынын жиі айтады. Бірақ одан басқа да үлкен қауіптің бар екенін мойындауға тура келеді. Бұл – экологиялық апат.

Ел-елде, жер-жерде өндіріс ошақтары мен қарапайым адамдардан шыққан түрлі қоқыс ешқандай електен өтпестен ашық алаңқайларда сақталып келеді. Ал сыртындағы қалдықтар одан жүздеген есе көп.

Жалпы, тұрмыстық қатты қалдықтардың құрамына тағам, қағаз, металл сынықтары, резеңке, шыны, ағаш, мата және пластик, синтетикалық қалдықтар кіреді.

Біздегі жағдайға келер болсақ, қатты тұрмыстық қалдықтардың басым бөлігі компоненттерге бөлместен, яғни сұрыпталмастан ашық қоқыстарға, қалалық көму полигондарына шығарылады және қоймаланады. Шыңдап келгенде, олардың 97%-ы ҚР табиғат қорғау және санитарлық заңнамасының талаптарына сәйкес емес. Көптеген қалада орналастыру мен жайғастыру жобасыз және қоршаған ортаға әсерін бағалаусыз жүзеге асырылды. Ел бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардың 5%-ы ғана кәдеге жаратылады. Қорытындылай келе, өзіміз әр өнімді пайдаланған соң, оның қалдығына немқұрайды қарамау керектігін түсінуіміз керек. Сұрыпталған қоқыстың артында экономикалық өсім жатқанын және оның қоғамға келтіретін пайдасының мол екенін әркім білуі тиіс. Ал шашылған қалдықтың қоршаған ортаға келтіретін зияны – дүниежүзілік дертке айналған экологиялық апаттың алғашқы белгілері. Сол себепті, сұрыптау мәселесіне келгенде көзқарасымызды сана биігінде тоғыстыра алсақ игі...

Әр мемлекет өз елінің бас қалаларына ерекше көңіл бөледі. Заманауи инфрақұрылым, жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер, балабақшалар мен мектептер, қызмет көрсету және демалыс орындары – бәрі-бәрі шаһардың көркін ашатын, мәртебесін арттыратын нысандар болуы шарт. Халық көп шоғырланған мегополистерде көше, аула, ауа тазалығын сақтау және бір тәулікте тау болып жиналатын қоқыс мәселесі еріксіз алаңдатады.

Қоқысты сұрыптау мәселесі

Қазіргі таңда қоқысты іріктеуді игере алмай жатқан мемлекеттер – дамушы елдер. Мұның түрлі себебі бар, біріншіден тұрмыс қалдықтарын өңдейтін технологияның жолға қойылмауы, қажетті ресурстардың тапшылығы, күнделікті шығатын қалдықтардың үлкен көлемі, сонымен қатар, адамдардың қоқыстан болатын залалдың, экологияға әкелетін қауіпті толық сезінбеуінде. Күнбе-күн қалдықтарды қоқыс жәшігіне салмас бұрын көпшілігіміз бұның бәрі қайда кетеді деп ойланбаймыз да. Пакеттерге тамақ қалдықтары, жуынды, қағаз, пластик аралас салынып, толассыз тасталып жатыр.

Әлемдік тәжірибе

Дамыған елдердің көбінде тапталып жерде жатқан тұрмыс қалдықтары әжептәуір табыс көзі. Бұл бизнес әрі әлеуметтік жауапты іс. Қоқысты қайта өңдеуден түскен ақша қалта мен қоршаған ортаға бірдей пайда әкеледі. Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеудің негізгі бағыттары – қағаз өнімдері, әйнек сынықтары, бөтелкелер, полимерлер, пластик өнімдері, ағаш және темір заттары болып тармақталады. Тіпті, борситын тамақ қалдықтарынан биогаз өндіретін мемлекеттер де бар.

Франция

Қоқысты қайта кәдеге жаратудан, сұрыптаудан жетекші орында – франциялықтар. Францияда қоқыспен күресуде қоқыс өртейтін кешенді зауыттар салынған. Мәселен, Париж түбіндегі Иври-сюр-Сен зауыты жылына шамамен 600 мың тонна қоқыс өртейді. Қоқыстарды парализ әдісімен өте жоғары температурада күйдіреді, сонда улы заттар жану кезінде толық ыдырап, күл болады, есесіне атмосфераға зиянды газдар бөлінбейді. Франция қоқысты селекциялық жинау әдісімен қоқысты қайта өңдеу арқылы 30% алюминий, 50% әйнек, сонша газет қағазын өндіреді.

Қытай

Көршілес Қытайда қоқыс сұрыптау, қайта өңдеу үлкен бизнес саласына айналған. Аспан асты елінің Бейжің іспетті ірі қалаларында қоқысты түрлі әдіспен сұрыптайды, заманауи технологиялар мен адам күші қатар қолданылады. Қоқыс жинаушыларға төлемақы күнбе-күн төленгендіктен, қолма-қол ақшаға мұқтаж жұмысшылар бұл іске үйір. Бір Шанхайдың өзінде мыңдаған қоқыс қабылдау орындарында 2,5 миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді.

Жапония

Өмір сүрудің өзіне жер таппай отырған жапондықтар қоқысты іріктеу, реттеу жұмыстарына аса үлкен жауапкершілікпен қарайды. Токио мен ірі қалаларда қоқыс контейнерлері қағаз, пластик, әйнек, темір, жанғыш, жанбайтын, қайта өндірілетін деп іріктеледі. Әр қалдықтың өзіне тиесілі түсті пакеттері болады. Мәселен көк пакетте қағаз қалдықтары болса, жасыл түсті пакетте пластик болады, егер қоқыстарды шатастырып, әлде аралас тасталса, сол үшін «шатасқан» тұрғын қомақты айыппұл төлейді. Супермаркеттерде пакеттердің шамадан тыс қолдануын шектеу мақсатында пакеттер

берілмейді. Қоқысты жинау қызметі бір күнді тек бір қоқыс түріне арнайды.

Әлемнің көп жерлерінде қоқысты өртеуге тыйым салынған, өйткені тұрмыс қалдықтарынан түрлі улы газдар бөлініп ауаны ластайды. Қалдықтарды өртеу АҚШ пен Жапонияда рұқсат етілген, бұл елдерде плазмалық газдау әдісі қолданылады. Жапондықтар өртелген қоқыс күлін арнайы құрылғылармен тығыздап, құрылыс заттарын өндіреді, ғимараттар тұрғызып, тіпті бүтін жасанды аралдар салып жатыр.

Түркия

Түркия астанасы, жалпы қалалары тазалығымен тамсантады. Түрік қоқыс тазалаушысы – беделді әрі жалақысы жоғары мамандық. Қоқыс тазалаушы орта буынды банк менеджеріне қарағанда жақсы табыс табады. Тазалыққа жауапты қызметкерлер үшін әлеуметтік қолдау жолға қойылған: медициналық сақтандыру, жоғары зейнетақы, қолжетімді баспана алуға мүмкіндіктері зор.

Ресей

Мәскеуде қоқыс үйінділерін игеру бойынша жағдай мүшкіл. Ресей астанасы ТМД елдері қалаларындағы мәселелерге ұқсас қалдықтарды сұрыптап жинау жүйесі реттелмеген. Үйінділерді сұрыптау үшін арзан жұмыс күші саналатын мигранттар тартылған, күнделікті шайлығын табуға мұқтаж жандар осындай лас жұмысқа жалдануға мәжбүр.

Қоқысты қайта өңдеп пайда табу

Адамзат барда еш уақытта таусылмайтын қор – қоқыс. Ендеше полигондарда үйіліп жатқан қоқыс үйінділерін сұрыптап, жаңа өнім шығаруға әбден мүмкін. Қоқыс саласы бизнес көзіне айналуы үшін қомақты қаражатты, жақсы дайындықты талап етіп тұр. Сондықтан бұл салаға кәсіпкерлік тәжірибесі мен капиталы бар бизнесмендер араласа алады. Ең кемінде көлемі 1000 шаршы метрден асатын қойма, қайта өңдеу цехтары, жоғары температураларда өртейтін пештер, қоқыс сұрыптаушы машина, темір арқанды аспалы магнит, жүк көлігі керек.

Алайда бұл шаралар аздық етеді. Ең бастысы, қазақстандықтар экология мәселесіне назар аудармайтыны қынжылтады. «Мен неге қоқыс жайлы ойлануым керек? Ай сайын коммуналдық төлем төлеп отырмын ғой», дейді тұрғындар. Бірақ, пакетке оңды-солды салынған түрлі санаттағы тұрмыс қалдықтары қала шетіне барып үйіліп жатқанынан залал көп келеді. Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды – қағаз өнімдері бүлінеді, бөтелкелер жарылады, жуындымен араласады. Күнделікті шығатын тұрмыс қалдықтарын сұрыптап, арнайы қоқыс жәшіктеріне салу, макулатура, шина мен бөтелкелерді өткізіп, пайда табу әрі қоршаған ортаны қорғау – азаматтық іс.

Қазіргі қалдықтардың ерекшелігі олардың биохимиялық ыдырауының қиындығы болып табылады. Әр түрлі қоқыс түрлерінің ыдырауы үлкен уақытты талап етеді: қағаз - 2-2,5 ай; • жеміс қабығы - 6 ай; • картон - 5 жыл; • темекі сүзгілері - 10-12 жыл; • полиэтиленді қаптар - 10-12 жыл; • былғары аяқ киім - 25-40 жыл; • Қалайы бар банка - 100 жыл; • алюминий банка - 200-300 жыл; • 500 жылға дейін пластикалық бөтелке; • Шыны ыдыс - ешқашан; Қалдықтардың жиналуы топырақтың, атмосфераның, жер үсті және жер асты суларының ластануының өзгеруіне әкеледі. Жұқпалы аурулардың тасымалдаушылары болып табылатын қаңғыбас жануарлар мен кеміргіштердің таралуына ықпал етеді. Төгінділер көбінесе атмосфералық ауаны ластайды. Менің ойымша осының бәрінен улы заттар бөлінеді.

Енді «бұлақ көрсең, көзін аш» деген бабалардың қасиетті қағидасына адалдық танытып, жомарт даламызды күл-қоқыстан тазартып, тынысын ашуымыз қажет – ақ. «Қазақ жер жарасы – жан жарасы» деген ұлағатты ұран тұтқан ұлт. Халқымыз атамекенін асылындай аялауды атадан балаға мирас еткен. Ендеше, қазақ даласы күл-қоқыс қоймасы емес. Бүгінгі ұрпаққа айтар ұлағат, жеткіншектер санасына құятын ғибрат туған жеріміздің тоқымдай телімін тусыратпай сай-саласын күл-қоқысқа толтырмай, қоқыспен бітелген бұлақтардың көзін ашып, тауы мен тасын көздің қарашығындай қорғау – халықтық мүддеміз, перзенттік парызымыз. Табиғат – бәріміздің ортақ үйіміз. Дәл қазір табиғат бізден көмек күтуде. Ал табиғатты былғайтын тек адам ғана. Табиғаттың тозуы экологиялық кризис. Бұл үлкен ғаламат апат. Қазіргі кезде қатты алаңдатып отырған жағдай-табиғатымыздың

тікелей адамның іс-әрекетінен ластанып, бұзылуы. Өз қаламыздың экологиялық жағдайын сауықтыру үшін ағаш бұталарды кеспей, биологиялық ерекшеліктеріне қарай көктемде отырғызу керек. Жерді дұрыс пайдаланып, қоршаған ортаға, тазалығына көңіл бөліп табиғатымызды аялайық, сақтайық. Оны таза сау күйінде болашақ ұрпаққа табыс ету-біздің парызымыз.

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ БОҰЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «БАЛАЛАР ӨНЕР МЕКТЕБІ» КМҚК

Имамбаев Думан Жұматайұлы
Тәрбие ісінің меңгерушісі.

2012 жылы Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің халық аспаптар бөлімінің; сыбызғы, сазсырнай үрмелі аспаптарын меңгеріп диплом алдым. Сол жылы өзім туған жерім, ауылым Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылы «Балалар өнер мектебіне» сазсырнай аспапшының ұстазы болып орналастым. Еңбек жолым 2012 жылы бастадым.

2015 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне музыка факультеті домбыра аспабына оқуға түсіп, 2019 жылы оқуды аяқтап, диплом алдым. Шелек ауылы «Балалар өнер мектебіне» домбыра аспабының ұстазы болып, еңбек жолым жалғастырдым. 2023 жылы тәрбие ісінің меңгерушісі болып тағайындалдым.



«Домбыра-қазақтың ең ардақты ұлттық қазынасының бірі»

Кіндік қаным тамған жерім аулымда, өнер мектебінде қызмет етіп, балаларды өнер жолына тәрбиелеп, қазақтың киелі ұлттық домбыра аспабын насихаттап үйретіп, қазақ өнеріне үлесімді қосып жатқанымға қуанамын, мақтанамын.

Ұлттық дәстүр мен салт- сана тағылымын жас жеткіншектің бойына дарытып, оның жан дүниесін ояту, өнерге деген ынтасын арттыру. Бабадан қалған қазақтың киелі домбыра аспабын құрметтеп, еркін ойнауға үйретіп, өнерге баулу.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының аясында I-тоқсан «Ақындар айтысы» тақырыбына өткізілген ақындармен кездесу ашық іс-шарасы.

«Ақындар айтысы»

Кештің тақырыбы: «Ақындар айтысы»

Кештің қонақтары:

1. Халықаралық айтыс, жыр-терме одағының мүшесі, халықаралық жазушылар одағының мүшесі Әбдісаев Даубай Мамытұлы.

1. Обылыстық Республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жүлдегері, Үмбетәлі Кәрібаевтың 100-жылдық мерей тойында II-орын иеленген Бапанов Сейтек Тоқайұлы.

Кештің мақсаты: Оқушыларды қазақтың айтыс өнерімен таныстырып, айтыстың шығу тарихын, түрлерін, ерекшелігін, мақсатын еске түсіру. Айтыс өнерінің маңыздылығын ұғындыру. Айтыс өнері арқылы еліне, жеріне, қазақтың дәстүріне, және өнерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Бүгінгі біздің «Ақындар айтысы» атты кездесу кешімізге «Қазақ» деп ет жүрегі езіліп, халқының қамын ойлап, елінің мұңын жеткізе білген, шындықты домбыраның шанағына сыйдырып, ашшы шындықты айтып, айтыс өнерінде өзіндік ойып алған орыны бар, ақын ағаларымыз Әбдісаев Даубай Мамытұлы және Бапанов Сейтек Тоқайұлы. Қош келдіңіздер!

Сыр сұхбат

1. Қазақтың айтыс өнерінің басталу тарихын айта отырсаңыздар?

Ақын Әбдісаев Даубай Мамытұлы:

- Қазақ халқының ауыз әдебиетінің негізгі бір саласы — айтыс өнері. М.Әуезов «айтыс... өлең жарысы, өнер жарысы... бұл жай айтысушы ақындарды, үлкен жиын топта сайысқа шығарған батырлардай, күреске түсірген балуандардай, бәйгіге қосқан аттардай, бәсеке жарыс қызуына араластырады» деп келтіреді. «Айтыс — уәж, дәлелге құрылған екі қарсыластың ақындық сөз сайысы, өнер бәсекесі». Ол екі адамның сөз жүзінде тартысуы, қағысуы, дауласуы, жарысуы, сынасуы, өнер салыстыруы деген ұғымды қамтиды. Жалпы бұл өнер қара сөз түрінде де, өлең түрінде де дамып, халықтың қоғамдық өміріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан. «Ең алғаш тұрмыс-салт жырлары «Жар-жар» мен «Бәдіктен» бастау алып, сан алуан асу-кезеңдерден өтіп кемелдене жетілген айтыстың алғашқы үлгілері көпке ортақ жатқанды өлеңдерден тұрса, кейінірек өз жанынан шығарып айтылатын суырыпсалмалылық сипаты басым болып отырады...

Айтыс қазақ даласында негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айрықша кең өріс алып, мол серпінмен дамыды. Бұған сол тұстағы қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрі басты себеп болды». Оны тудырған да, дамытқан да ақындар болған. Бұл өнер түрі қазаққа ағайындас, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтарында да кездеседі. Айтыстың басты ерекшелігі — оның суырыпсалмалы түрде орындалуы.

2. Айтыстың түрлері ?

Ақын Бапанов Сейтек Тоқайұлы:

- Айтыс — халық ауыз әдебиетінің ең мол да ерекше саласы. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде сапасы жағынан да, саны жағынан да ерекше орын алады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар:

1. Бәдік айтысы.
2. Жар-жар.
3. Жануар мен адамның айтысы.
4. Өлі мен тірінің айтысы

5. Жұмбақ айтысы.

6. Салт айтысы: 1) қыз бен жігіт айтысы; 2) ақындар айтысы.

7. Осы күнгі айтыстар.

Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Көбіне-көп айтыста жеңілген ақын өткен айтысты ел арасына таратуға міндетті саналған. Сөйтіп, бір-біріне логикалық ой-жүйемен терең жымдасқан екі ақынның өлеңдері біртұтас дүниеге, қисса, дастан секілді желілі шығармаға айналған. Айтыс ақындарының ұғымында өлең белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. Кемпірбай, Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл тәрізді ақындар өлеңнің “киесі бар, иесі бар” деп білген. Мысалы, Бұдабай, Бақтыбай, Жанак ақындар түсінде бір ақсақалды әулиенің “өлең аласың ба, көген аласың ба?” деген таңдатуынан соң, өздерінің өлеңді қалағандарын айтады. Бұл табиғатынан осы өнер түріне бейім жаратылған ақындардың ой-қиялының жемісі болуы да ғажап емес.

Қазақ айтыс өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін айтыс мектептерін ашып, жас ақындар тәрбиелеп, қазақтың төл өнерін дәріптеп жеткізу бұл біздің басты мақсатымыз және міндетіміз.

Әрқашан осындай мерейлі күн, шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға баянды бақыт, жарқында мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, қызыққақ толы ғұмыр тілей отырып, әрқашан көпшіліктің ыстық ықыласымен, құрметіне, ризашылығына бөленіп, абыройларыңыз асқақтай беруіне тілектеспіз. Уақыт бөліп келгендеріңізге алғысымыз шексіз.



«КҮІ ОРЫНДАУДАҒЫ КЕЗДЕСЕТІН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР»

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Балалар өнер мектебі» КМҚК
Кагазбеков К.Р.

Мен Кагазбеков Канат Рахимбекович Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек «Балалар өнер мектебінің» домбыра класының мұғалімі боламын.

Шәкірт тәрбиелеудегі алдыға қоятын негізгі мақсатым - оқушыларға кәсіби деңгейде білім беру. Ұстаздық еңбек жолында сабақ берумен қатар шығармашылық бағыт пен де тығыз байланыстамын. Яғни басқа аспаптарға арналған шығармаларды (күйлер, пьесалар) домбыра аспабына лайықтап, өңдеу.

Өзекті мәселем: Қазақтың ұлттық домбыра аспабын меңгеру деңгейін заман талабына сай дамыту.



Оқушының ой-өрісін жан-жақты жетілдіріп, қазақ мәдениеті мен ұлттық аспаптарды құрметтеуге баулу.

Домбыра аспабында орындалатын күйлердің өз дәрежесінде орындалуына әдіс-тәсілдерді қолдану, ерекшеліктері мен күрделілігіне байланысты.

Қазақ музыкасындағы жанрлардың ішіндегі ең негізгі көп тараған ұлттық сипаттағы әуеніміз ол-күй. Күй көптеген аспаптарда, аспап мүмкіндігіне және күйдің жазылу формасының күрделілігіне байланысты болып келеді. Күй сыбызғыда, сырнайда, қобыз аспаптарында орындалады. Бірақ осы аспаптардың орындау мүмкіндігіне де ерекше мән берілуі тиіс. Қазақ музыкасындағы күйдің негізгі көп орындалатыны домбыра аспабында екені белгілі. Домбыра аспабы-күй орындаудың ең басты тұлғасы. Ал күйлер әртүрлі орындау шеберліктерді қажет етеді. Домбыра аспабында орындалатын күйлер-шертпе, төкпе күй деп екіге бөлінеді.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Күй орындаудағы кездесетін әдіс-тәсілдер».

Жоғарыда айтылғандай әр күйді орындауда әртүрлі әдістер, штрихтар (қағыстар) кездеседі.

Сонымен қатар күйді орындаушының жеткізуіне де көп байланысты болып келеді. Ноталық жазбадан бөлек, көптеген күйші-орындаушылардың нұсқаларын (варианттары) тыңдап, күйді өз деңгейінде орындап жеткізу, үлкен дайындық пен шеберлікті қажет етеді. Тілендіұлы Нұрғиса (1925-1998) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы. Туып өскен жері – Алматы облысының Іле ауданына қарасты Шилікемер ауылы. Топырқ бұйырған жері Жамбыл кесенесінің іргесі. Москваның П.И. Чайковский атындағы консерваторисының дирижерлік факультетін (проф. Н.П. Аносовың класы бойынша) бітірді. Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында (1953-1961), қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінде (1961-1964) және тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары оркестрінде (1981-1998) бас дирижер қызметін атқарды. Сондай ақ, 1968 жылдың «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас редакторы болып істеді. Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО ның халық әртісі. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Н.Тілендіұлына 1998 жылы «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Тілендіұлы Нұрғиса қазақтың музыкалық мәдениетіне композитор, дирижер, орындаушы ретінде өшпес із қалдырған суреткер. Ол 500-ден астам музыкалық төл туындылардың авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да қайран қалдырады: ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера, балет т.б. Сүйікті шығармаларынан «Достық жолымен» (1958), «Менің Қазақстаным» контатасын (1959), Қ.Қожамяровпен бірлесіп жазған «Алтын таулар» операсын (1961), «Ата толғауы» және оркестр үшін жазылған шығармаларын (1962), «Халық қуанышы» (1963), «Қайрат» (1964), «Жеңіс солдатты» (1975) сияқты увертюраларын атауға болады. Оның «Аққу», «Аңсау», «Арман», «Ата толғауы», «Әлқисса», «Қорқыт туралы аңыз», «Көш керуені», «Махамбет», «Фараби сазы» сияқты күйлері мен «Саржайлау», «Алатау», «Ақжайық», «Ақ құсым», «Өз елім» сияқты ондаған әндері халықтық бояу нақышының қанықтығымен, өзіндік қолтаңбасының айқындығымен жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын рухани қазынасын айналған. Мұның сыртында қырықтан астам пьесаға және жиырмадан астам фильмге музыка жазған. Тілендіұлы Нұрғиса музыкасын жазған М.Әуезовтың, Ш.Аймановтың, Т.Ахтановтың, Ә.Тәжібаевтың пьесалары, сондай ақ «Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым Қожа», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ құлан» фильмдері әлдеқашан қазақ сахнасын мен экран өнерінің классикасына айналған.

Тілендіұлы Нұрғиса қазақтың музыкалық мәдениетіндегі сал серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Ол өнер туындату барысында уақыттың идеологиялық өктемдігіне, ассимиляцияшыл әсіре үрдісіне мүлде мойын ұсынбастан, өзінің тәңір дарытқан төлтума қалпынан қылдай ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қала алды. Бұл ретте, Нұрғиса жерден қуат алатын Антей сияқты, қазақтың, туған жерінің ғасырлардан келе жатқан музыкалық дәстүріне табанын нық тіреп тұрып, өзінің арман аңсарын еш жасқанбастан дыбысқа айналдыра білді. Ол өз заманының музыкалық танымын терең игерген кәсіпқой музыкант бола тұра суырыпсалмалық дәстүрді ұдайы шабыт

тұғыры етіп отырды. Былайша айтқанда, көргенді күйттеп, естігенді жаттап отыратын оркестрлік қасаңдыққа Нұрғиса буырқанған шабыт еркіндігін дарыта білді. Бұл ретте, Нұрғиса сахараның ақ бас абыздары сияқты, өз үнін көп дауысқа тұншықтырмай, өз лебізін көп даңғазаға ілестірмей, қазақтың дәстүрлі музыкалық тіліндегі дарашыл қасиетті (монодийность) тәу етіп өтті.

Нұрғисаның композитор, дирижер, орындаушы ретіндегі ойы көпке ортақ, тілі көпке түсінікті. Егер, салсерілер өнері адамның жан жүрегіне бағытталуымен дараланса, сол ұлы дәстүр Нұрғисаның да барша шығармашылық болмысында аста төк болып, шалқып шашылып жатты. Дәл осы тұрғыда Нұрғиса қазақтың дәстүрлі музыкасының әрін тайдырмастан, нәрін жоғалтпастан тек қана өзіне тән профессионализмді қалыптастыра алды.

1960-64 жылдары Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып қызмет атқарды. 1968-81 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыкалық редакциясының бас редакторы болып, 1981-98 жылдары өзі ұйымдастырған «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблінің көркемдік жағын басқарды. Еркін төгілген әсем әуен, сымбатты ырғақ, нәзік лиризм, азаматтық пафос пен динамикалық серпін – композитор шығармаларына тән қасиет.

Тілендиев — «Ортеке» балет-поэмасының және «Менің Қазақстаным» кантатасының, «Достық жолымен» балетінің, «Алтын таулар» операсының, оркестрге арналған «Поэма», «Ата толғауы», «Ақсақ құлан», «Махамбет», «Көш керуен» поэмалары мен «Халық қуанышы», «Қайрат», «Жеңіс салтанаты» атты увертюралардың, 400-ден астам ән-романстардың авторы. Ол 50-ден астам драмалық спектакльге, 19 көркем фильмге («Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым Қожа» т.б.) 17 мультфильмге («Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан» т.б.) 14 деректі хроникалық фильмге музыка жазды.

Алматы қаласында композитор есімімен көше (бұрынғы Софья Ковалевская атындағы), «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблі Тілендиев атымен аталады және ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды
Н.Тлендиев «Әлқисса» күйі.

Әр күйдің өзіндік құрылымдары болады. Мысалы, дәстүрлі күйді бас буын, орта, негізгі буын, кіші, үлкен саға деп буындарға бөлеміз. «Әлқисса» күйінің бір ерекшелігі, бұл күйде шертпе қағыстар мен төкпе қағыстар бірге үштасып орындалады. Яғни біз «Әлқисса» күйін шертпе немесе төкпе күй деп толық айта алмаймыз. Демек Нұрғиса ағамыз екі дәстүрлі мектептерді (шертпе, төкпе) біркүйінде кеңінен қолданған.

Күйді үш бөлімге бөліп қарастыруға болады.

1. Бас буын (күйдің басы, негізгі әуен)
2. Орта буын (шертпе қағыстармен үйлесіп орындалуы)
3. Саға буын (төкпе қағыстармен күйдің шарықтап дамуы)

Осы буындардың арасында әдемі, сазды құрайтын әуен қайталанып отырады. Оны күйдің «қайырмасы» деп айтсақ та болады. «Әлқисса» күйінің нақты шығу тарихы жоқ. Нұрғисаның әкесі Атабай күйші болған екен. Нұрғисаны бала кезінде домбыраға баулыш, оған түрлі жаттығуларды үйретеді. Ал, кейін Нұрғиса өскесін, сол әкесінің үйреткен жаттығуларын біріктіріп, «Әлқисса» күйін шығарады екен.

Ал енді «Әлқисса» күйін орындап көрейік.



The musical score consists of four systems of staves. The first system has two staves with a circled '1' above the first measure. The second system has two staves with dynamics 'p' and 'v' above the first measure. The third system has two staves with dynamics 'f' and 'p' above the first measure. The fourth system has three staves, each containing a complex rhythmic pattern with triplets and sixteenth notes. The key signature is one sharp (F#) and the time signature changes from 3/4 to 2/4.

Қорыта айтқанда, қазақ музыкасындағы күйлерді төкпе, шертпе деп орындау ерекшеліктерін бөліп айтқанымызбен, бұл күйлер бір-бірімен тығыз байланысты, әуендері, үндері бір қазақ халқының үнімен жалғаса береді, дамиды.

УЧИТЕЛЬ НЕ ВЕЛИК, ВЕЛИКА ЕГО СЛУЖБА!

КГКП «Детская школа искусств»
Карпикова Салтанат Эсетовна Педагог-исследователь
по классу фортепиано



Выбор профессии - один из самых важных моментов в жизни человека, определяющий дальнейшую его судьбу.

И у каждого из нас свой путь в поисках этого судьбоносного решения.

Кто-то идет по стопам своих родителей, а кто-то, романтик по натуре,

еще с самого раннего детства, грезит о ней в своих детских снах, кому-то приходится всю жизнь тянуть лямку на нелюбимой работе, чтобы прокормить семью, а для кого-то, профессия становится его призванием на земле.

Я счастлива, что отношусь к последним. Справедливости ради нужно сказать, что к своей профессии - учитель музыки, я пришла в общем-то случайно. Но как говорят мудрецы, ничего в этой жизни не происходит без веления свыше.

Наверняка звезды на небесах сложились таким образом. Когда моя мама в далеком 1976 году, привела меня за руку, в только что открывшуюся в Шелеке, детскую музыкальную школу, я не скажу, что отчаянно упиралась, но и особой

охоты к дополнительным занятиям у меня не было.

Кстати, учиться в музыкальной школе в те годы было очень престижно.

И мне, вобщем-то было интересно. Особенно понравилось огромное, для меня тогда, фортепиано. После прослушивания меня приняли на обучение, именно по классу фортепиано. Я постепенно втянулась в загадочный мир музыки.

А первые аккорды, которые я самостоятельно сложила в музыкальную композицию, стали для меня настоящим откровением. Годы учебы в музыкальной школе пришли как одно счастливое мгновение. Я до сих пор благодарна своему преподавателю по классу фортепиано Зингер Лилле Отговне, которая не только научила меня играть на этом божественном инструменте, но и сама была для всех нас, своих учеников неким божеством и примером для подражания. Музыкальную школу я окончила с отличием, а после окончания уже общеобразовательной школы, у меня не стоял вопрос, как у некоторых других моих одноклассников: «Куда пойти учиться?» Я уже сделала свой выбор: «Буду учителем музыки!». Сразу после школы я поступила на музыкальный факультет Женского Педагогического института, который кстати, тоже окончила с отличием в 1987 году, получив на руки красный диплом.

Я не мечтала о музыкальной карьере, у меня было только одно желание, работать с ребятами, учить их музыке, учить прекрасному. Поэтому, уже в этом же, 1987 году, я очутилась в стенах родной музыкальной школы, уже в качестве учителя музыки по классу фортепиано.

Я уже 36 лет работаю в Шелекской детской музыкальной школе, в данное время школе искусств, пережила вместе с родным коллективом самые радостные и самые непростые времена. Помню тяжелые 90-е годы прошлого века — годы развала и сумятицы, когда школа была на грани закрытия. Но мы пережили эти трудности и выстояли, сохранив нашу школу. Как говорится, «все приходящее в этом мире, а музыка вечна». За годы работы, через мои так сказать, руки прошли несколько сотен учеников, но я помню всех, потому что в каждого из них вложила частичку своей души.

Известная мудрость гласит: «Учитель воспитай ученика».

В этом изречении заложен глубокий и многогранный смысл. Начиная с середины

2000-х годов стали проводится самые различные музыкальные конкурсы среди учащихся музыкальных школ.

Я горжусь, что начиная с 2000 года мои ученики постоянно не только участвуют на международных и республиканских конкурсах, но и становятся их лауреатами. Перечислять всех, образно выражаясь, не хватит времени и бумаги. Назову лишь победителей двух последних лет.

Рахимов Рустам занял Гран-при в Международном конкурсе «Steps to the Stars» (10.02.2022)

Абдрахманова Молдир заняла Гран-при в Международном конкурсе «Stepst the Stars» (10.02.2022)

Абдрахманова Молдир заняла первое место в Международном фестиваль-конкурсе «Куншуак» (25.02.2022)

Глушакова Маргарита заняла Гран-при в Международном конкурсе «Steps to the Stars» (Весенний сезон 2022)

Мышако Лидия заняла Гран-при в Международном конкурсе «Steps to the Stars» (Весенний сезон 2) (2022)

Жамалова Алияна заняла Гран-при в Международном конкурсе «Steps to the Stars» (Весенний сезон 2022)

Сулейманова Эмилия заняла Гран-при в Международном конкурсе «Steps to the Stars» (Весенний сезон 2022)

Зубков Михаил занял I место в Республиканском фестиваль-конкурсе «Первые шаги» (20.03.2022г)

Даутова Карина заняла место в Международном фестиваль-конкурсе «Сәлем Астана» (10.07.2022)

Сулейманова Эмилия заняла 1 место в Международном фестиваль-конкурсе «САМҒАУ» (04.12.2022)

Мышако Лидия заняла 1 место в Международном фестиваль-конкурсе «САМҒАУ» (04.12.2022)

Абдрахманова Молдир заняла II место в Международном фестиваль-конкурсе «САМҒАУ» (04.12.2022)

Смак Адина заняла II место в Международном фестиваль-конкурсе «САМҒАУ» (04.12.2022)

Камашова Джамиля заняла место в Международном многожанровом конкурсе «JULNAR FEST» (04.03.2023)

Смак Адина заняла место в IV Международном конкурсе пианистов «Вальс цветов» 2022г

Камашова Джамиля заняла II место в IV Международном конкурсе пианистов «Вальс цветов» 2022г

Даутова Карина заняла II место в IV Международном конкурсе пианистов «Вальс цветов» Рахимов Рустамбек занял II место в IV Международном конкурсе пианистов

<<Вальс цветов» 2022г
Абдрахманова Молдир заняла II место в Международном многожанровом конкурсе «GULNAR FEST» (08.04.2023)

Винник Инна заняла Гран-при в Международном многожанровом конкурсе «GULNAR FEST» (13.05.2023)

Рахимов Рустамбек занял Гран-при в Международном многожанровом конкурсе «GULNAR FEST» (27.05.2023)

Абдрахманова Молдир заняла II место в IV Международном конкурсе пианистов «Волшебные снежинки» 2023г

Зубков Михаил занял II место в IV Международном конкурсе пианистов «Волшебные снежинки» 2023г

В 2023 году мои труды отметило Министерство Образования РК, Республиканский учебно-методический центр Дополнительного образования наградив

в профессиональный
День учителя благодарственным письмом.

Учитель музыки, несмотря на творческую составляющую его профессии, прежде всего педагог.

А настоящий педагог должен быть в постоянном поиске, применять, согласно велению времени инновационные методы преподавания музыкальных дисциплин, заниматься научно-исследовательской работой. Недавно я закончила исследовательскую работу на тему: «Восприятие музыкального воспитания». Провела мастер-класс для учителей музыки на тему: «Работа над музыкальным образом в классе фортепиано с применением традиционных и инновационных технологий» Благодаря современным технологиям, которые я применяю в системе обучения, многие мои ученики научились составлять музыкальные композиции, сочинять музыку. Бытует выражение «Красота спасет мир». А музыка, как один из видов прекрасного на земле, учит людей быть добрей, возвышенней и чище душой, облагораживает их. Я рада, что мое дело не умрет вместе со мной, его продолжат мои ученики.

Пусть музыка, окружающая мир будет внутри каждого из нас!



«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТЕХНИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ В КЛАССЕ ФОРТЕПИАНО»

Алматинская область
Енбекшиказахский район с.Шелек
КГКП «Детская школа искусств» Педагог-исследователь
по классу фортепиано Колесникова Татьяна Витальевна



Цель: показать способы решения технических проблем в классе фортепиано.

Задачи:

1. Формирование у учащегося осмысленного подхода при работе над техникой.
2. Развитие и закрепление рациональных приёмов игры на инструменте.
3. Воспитание волевых качеств у учащегося при достижении результатов.

План:

1. Вступление, введение в проблему мастер-класса.
2. Практическая часть.
3. Анализ проделанной работы.

Ход мастер-класса:

1. Введение в проблему мастер-класса. Игра на музыкальном инструменте представляет собой один из сложнейших видов человеческой деятельности, который требует для своей реализации :

- а) высокой степени личностного развития в целом,
- б) отлаженной работы психических процессов – воли, внимания, ощущений, восприятия, мышления, памяти, воображения и
- в) безупречной согласованности тонких физических движений. Высокого художественного результата невозможно достигнуть, если учащийся не владеет техникой игровых движений, через которые он и передает при помощи музыкального инструмента свои мысли и чувства.

Фортепианное исполнительство – искусство практическое, требующее определённых технических навыков. Поэтому культура работы над фортепианной техникой относится к наиболее важным вопросам методики обучения игре на фортепиано, т.к. профессиональное вычленение технических компонентов игры необходимо сочетать с профессиональным охватом процесса в целом. Развитие пианистических данных, накопление технических средств исполнения неразрывно связано с развитием слуха и музыкального понимания произведения.

Понятие «фортепианной техники» не сводится к понятию быстрой, ловкой и громкой игры. Данное понятие гораздо шире, объёмнее, т.к. фортепианная техника, по сути, есть техника художественного выражения. Она включает в себя не только быстроту и ловкость, которые сами по себе являются немаловажными предпосылками хорошей техники, но и ритм исполнения, динамику, артикуляцию и т.д. Говоря о развитии технических навыков у учащихся, имеется в виду та сумма знаний, умений, навыков, приёмов игры на рояле, при помощи которых учащийся добивается нужного художественного, звукового результата. Вне музыкальной задачи техника не может существовать.

«Техника без музыкальной воли – это способность без цели, а становясь самоцелью, она никак не может служить искусству» - писал Иосиф Гофман, один из крупнейших пианистов.

Техника – это сумма средств, позволяющих передать музыкальное содержание,

а всякой технической работе должна предшествовать работа над пониманием этого содержания.

Пианист должен представить себе внутренним слухом то, к чему он должен будет стремиться, должен как бы «увидеть» произведение в целом и в деталях, почувствовать, понять его стилистические особенности, характер, темп и прочее. Контуры исполнительского смысла уже с самого указывают главное направление технической работы.

Техника нужна во всяком искусстве. Фортепианное исполнительство не представляет исключения. Техника пианиста, многие её виды настолько важны, что без специальной многолетней работы овладеть ею невозможно.

Эта работа начинается с момента первого знакомства с клавиатурой и продолжается у пианистов всю жизнь. Обычно обучение на рояле начинается с 5-7 лет, а многие педагоги-наставники современности и раньше (Надежда Сергеевна Лемешкина).

Соотношения музыкальных и технических задач в работе пианиста, их последовательность можно сформулировать следующим образом: от понимания музыки к технической работе, и затем в процессе технической работы – к более высокому пониманию музыки.

Работа по развитию технических навыков у учащихся моего класса строится с учетом возрастных и психологических особенностей развития ребенка, на основе принципа наглядности – показа за инструментом.

При игре на фортепиано существуют следующие принципы движения кистей и рук:

- 1) Принципы естественности (меньше неестественных движений рук и корпуса).
- 2) Принцип экономности (чередуют мышечное напряжение и расслабление).
- 3) Принцип целесообразности (вся двигательная активность во время игры должна иметь смысл и не превращаться в формальный шаблон).

А. Корто сводит всю фортепианную технику к пяти основным формам:

1. Равномерность, независимость и подвижность пальцев.
2. Подкладывание первого пальца (гаммы и арпеджио).
3. Двойные ноты и полифоническая игра.
4. Растяжения.
5. Кистевая техника, аккордовая игра.

Основным методом работы над пианистической техникой является метод повторения. Формы работы: упражнения, гаммы и арпеджио, инструктивный материал (этюды, виртуозные пьесы и т.д.).

Организация движений ученика строится таким образом, чтобы воспитать у учащегося правильное отношение к фортепиано, как поющему инструменту.

2. Практическая часть.

Мастер-класс проводится с уч-ся 5 класса Нурхаликовым Биалом.

- а) Упражнения для достижения хорошего legato (Е. Гнесиной)
- б) Упражнение Н. Метнера (по полутонам, по целым тонам, по полтора тона) по чёрным и белым клавишам.
- в) Упражнение М. Лонг на подкладывание первого пальца.
- г) Упражнение Ш. Ганона №1 в транспозиции по мажорным тональностям.
- д) Гамма A-dur – основные виды, в том числе добавление гаммы двойными терциями в качестве подготовки к этюдам терции.

Работа на этюдами.

а) Т. Лак «Этюд» C-dur

Техническая работа на 16-ти нотах штрихом пальцевого стаккато

б) Дж. Конконе «На пикнике»

Подготовительные упражнения на терции на материале этюда. В движении терций слушать два голоса.

При исполнении этюда добиваться ровности движений терций и активного снятия в конце лиг в правой и левой руках.

в) К. Черни «Этюд» №16 D-dur.

Работа над техникой коротких арпеджио, приём «Неваляшка».

г) Ф.Лист «Юношеский этюд» Op.1 №4.

В данном этюде использована техника перекрещивания рук, терции и арпеджио, также есть скачки. Форма этюда — простая двухчастная, с яркими кульминациями в каждом разделе, поэтому кроме технических, здесь ярко выражены и музыкальные задачи.

Основные задачи в работе над игровым аппаратом:

гибкость и послушность кистей рук;

согласованность всех звеньев рук;

борьба с пассивностью, приводящей к «недобиранию» звука и общей вялости;

нахождение экономных, организованных движений, которые помогут освободиться от лишних напряжений.

Работая над техническим развитием ученика, педагог сталкивается с такими проблемами как мышечное напряжение, возникающее при игре, и забалтывание

Внешние признаки напряжения:

«тряска» руки;

растопыренные пальцы;

жесткое запястье;

прижатые или чрезмерно отведенные локти;

приподнятые плечи;

кривящийся рот;

неритмичное дыхание;

отсутствие гибкости в спине

Мышечное напряжение или зажим — это естественная реакция организма на трудности, возникающие при скованности тех или иных частей исполнительского аппарата.

Значительную пользу в борьбе с напряжением могут оказать некоторые двигательные приёмы:

освобождение кисти во время игры;

беззвучное проигрывание неудачающегося пассажа или трудной фигурации.

Забалтывание — это результат неумеренного и неумелого использования быстрого темпа в процессе работы над техническим материалом.

Причины утомляемости и зажатости в руках заключаются в следующем:

Когда навыки медленной и крепкой игры с высоким поднятием пальцев автоматически переносятся на быстрый темп. Чтобы не уставать, надо научиться играть «близко», уметь отдыхать во время игры «на лету», особенно в тех пьесах, которые построены на непрерывном движении.

3. Анализ: результат показал, что поставленные цели и задачи достигнуты, так как содержание мастер-класса было направлено на достижение рациональных приёмов игры через изучение практических упражнений и этюдов.

Для решения поставленных задач использовались следующие приёмы и методы работы:

четкость и ясность объяснения на доступных примерах;

создание образных сравнений и ассоциаций;

активизация слухового контроля;

развитие критического мышления.

ТАҚЫРЫПТЫҚ КОМПОЗИЦИЯ «ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ»

Түркістан облысы, Кентау қаласы,
Кентау оқушылар үйінің қосымша білім беру педагогі:
Мажитова Нафиса Мамматнабиевна



Пәні: Бейнелеу өнері

Сыныбы: 7-13 жас

Сабақтың тақырыбы: Тақырыптық композиция «Қыс қызығы»

Сабақтың мақсаты:

а) білімділігі: Қысқы табиғат әсемдігін көре білуге баулу. Қыс айларындағы табиғат өзгерістерін, құбылыстарын бейнелеуге үйрету.

Тақырыптық композиция және оның түрлері жайлы терең мағлұмат беру. «Қыс қызығы» композициясын құрастыру. Сурет салудың заңдылықтарын үйрету.

б) дамытушылығы: Оқушыларға композиция заңын меңгерту, ойлау, есте сақтау қабілетін және шеберліктерін дамыту;

в) тәрбиелігі: Көзбен елестетуге, ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. Живопись

өнерінің пейзаж жанры туралы білімдерін тереңдету.

Сабақтың типі: Жаңа материалды меңгерту.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың әдісі: Репродуктивті әдіс, түсіндіру, әңгімелесу, затқа қарап сурет салу

Қажетті технологиялар: Компьютер, интербелсенді тақта.

Сабақтың көрнекілігі: Суретшілердің шығармалары, презентация, графикалық материалдар.

Пәнаралық байланыс: Қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сабаққа жалпы дайындықтарын тексеру, оқушы назарын сабаққа аудару, сыныпта жоқ оқушыны белгілеу.

II. Өткен материалды қайталау:

Әңгімелесу: (әңгімелесу арқылы бүгінгі тақырыпты ашу)


Оқушылар қандай бейнелеу өнерінің түрлерін білесіңдер?

Кескіндеме, графика, мүсін, қолөнер, сәулет өнері.

Жарайды, енді бейнелеу өнерінің жанрларын атайық.

Пейзаж, портрет, натюрморт.

Мына суреттерде қандай жанрлар бейнеленген?



1-суретте портрет жанры. 2-суретте пейзаж.3-суретте натюрморт.

(Оқушылар жанр түрлерін ажыратады)

-Натюрморт дегенді қалай түсінеміз? (мұғалім натюрморт туралы сұрайды)

-Натюрморт дегеніміз – өлі табиғатты, қозғалмайтын денелерді бейнелетін бейнелеу өнерінің жанры.

-Өте дұрыс.

III. Жаңа материалды меңгерту:

Пейзаж жанры – табиғат көрінісін бейнелеген көркем шығарма.

Жылдың төрт мезгілі бар. Олар: қыс, күз, жаз, көктем. Біз бүгінгі сабағымызда қыс мезгіліне тоқталайық. Қыс қызықтарына не жетсін! Достарыңмен уақытты көңілді өткізген тамаша-ақ қой! Қар лақтырып ойнау, қар қамалын тұрғызу, шаңғы тебу, шанамен сырғанау, аққала соғу. Қысқы орман табиғаты, қысқы дала көріністері де алуан түрлі. Табиғат көрінісін бейнелеуде алыс, жақын, астыңда, үстінде, жаныңда ұғымдарын қалыптастыратын перспектива заңдылықтарын міндетті түрде білуіміз керек. Бірінші зат бізден неғұрлым алыс тұрса, ол соғұрлым кішкентай болып көрінеді.

«Перспектива» латынның тасадан көру деген сөзінен шыққан Қазақша ұғымы «көрініс» дегенге келеді. «Перспектива» ұғымын дұрыс білмесек, алыстағы, жақындағы заттар бірдей салынған болып шығады.

Сурет салу 3-кезеңге бөлінеді.

1 кезең-Ең әуелі көкжиек сызығын көлденең жүргізген соң төменгі бөлігі жер беті болып есептеледі. 1-ші тауларды, тау етегіндегі ағаштарды қарындашпен салу керек. 2-ші ағаштарды, өзенді, көпірді саламыз. Ал өзен төмендеген сайын кеңейте түсеміз. Жақын тұрған ағашты, шыршаны, қояндарды көрсетеміз. Екі қоян салынған кеңістікте салыстырмалы түрде бері орналасқан анық, көлемі үлкен болып саналады.

2 кезең-Тау, ағаш, шырша, өзен, көпірдің көлеңкелерін де кеңістікте бейнелеп көрсету керек. Алыстағы көріністердің бояулары, сұйық және көмескілеу, кейбір жерлері қоюлау болып боялады.

3 кезең-Қалған боялмаған көріністерді толығымен бояп, пейзаждың толық көрінісін аяқтаймыз.

Оқушылар табиғат көріністерін бейнелеуде алуан құбылыстарды бақылауға дағдыланды. Әсіресе бастауыш сыныпта дүниетану пәнінен алынған білімдерін табиғат көрінісін бейнелеу барысында одан әрі жетілдіре түседі.

Табиғат көрінісін бейнелеудегі негізгі мақсат-кеңістіктегі сұлу табиғатты көзбен көріп, көңілмен қабылдаған көріністерін суретке салу.

Оқушылар табиғат көрінісін бейнелеуден бұрын оны бақылап көруге үйренеді. Табиғаттың әр алуан құбылыстарын меңгеруге дағдыланады. Соның әсерінен табиғат көрінісін сәтті бейнелеуге үйренеді.

Табиғат құбылысы үнемі өзгерісте болғандықтан жылдам сурет салуға жаттыққан орынды. Табиғат көрінісін қас-қағым сәтте орындау «этюд» деп аталады. Этюд жазу барысында оқушы табиғат көрінісінен алған алғашқы әсерін сәтті бейнелеуге тырысады.

Этюд орындау үш топқа бөлінеді:

Табиғат көрінісін қағаз бетіне қарындашпен ықшамды етіп сызып белгілеу;

Табиғат көрінісіндегі сюжеттік көріністің құрылымын дұрыс орналастыру;

Түстік бояу шешімін табу.

Табиғат көрінісін бейнелеуде түстік бояу құрылымын қарастыруда шартты түрде екі буынға бөлуге болады.

Біріншіден, табиғат көрінісін бейнелеуде жылы және суық түстердің арақатынастарының басты ерекшелігін таба білу.


Екіншіден, табиғат көрінісіне байланысты құраушы бояулар тобын таңдап алу

Сергіту сәті

Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру мақсатында орындалады. Түстердің пайда болуына байланысты оқушылар көз және дене жаттығуларын орындайды.

IV.Сарамандық жұмыс:

- «Қыс қызығы» тақырыбына суреттердің бірнеше нұсқасы қойылады. (затқа қарап сурет салу)



Сурет салудың кезеңдері айтылады.

- Қағазға орналастыру заңдылықтары түсіндіріледі.

Қағазда суреттің үйлесімділік шартын жоғалтпау. Қойылған заттарды салу симметрия сызығын сыздан басталады.

Заттардың жазықтағы бейнесін дұрыс құрай білу, құрылысын жіктеу, кейбір бөлшектеріне дейін анықтау.

Тепе-теңдікті сақтай отырып, зат көлемін толық бейнелеу. Әр заттың түсіне сәйкістендіріп жарық көлеңкесін ажыратып бояймыз.



V. Бекіту. (Оқушылармен өзіндік жұмыс): Кескіндеме пәні сабағына байланысты тест алынады.

Тест үлгілері:

1. Балама жауаптары бар тест
2. Таңдамалы тест
3. Толықтыруды қажет ететін тест.

I Балама жауаптары бар тест.

1 Негізгі түстер - үшеу

а) иә б) жоқ

2. Акварель - суда еритін мөлдір бояу

а) иә б) жоқ

3. Белгілі көңіл күйді беретін бірнеше түстер жиынтығы түстер гаммасы

а) иә б) жоқ

II Таңдамалы тест

1. Түстер шеңберінде бір - біріне қатар орналасқан бояу түстері

а) қарама - қарсы түстер

ә) қосымша түстер

б) жақын түстер

2. Бояу араластыратын тақта

а) пастель

ә) палитра

б) нобай

3. Қазақ халқының қымыз құятын ыдысы

а) ожау

ә) кесепқап

б) торсық

III Толықтыруды қажет ететін тест

1. Бейнелеу өнерінде жансыз заттар мен бұйымдарды бейнелейтін көркем шығарманы.....дейміз

2. Түс және бояуын алуан тәсілдер қолданылатын бейнелеу өнерінің түрін..... дейміз

3. Дайындық суреттері..... деп аталады.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары

Балама жауаптары бар тест

1. а)

2. а)

3. а)

Таңдамалы тест

1. б)

2. ә)

3. б)

Толықтыруды қажет ететін тест

1. Натюрморт

2. Живопись

3. Нобай

VI. Қорытындылау.

Жаңа сабақты қорыта келе біз Пейзаж. Қыс көрінісі туралы және салыну жолдарымен таныстық. Өтілген сабаққа қорытынды сұрақ жауап арқылы жүргізіледі.

1. Біз бүгінгі сабақта не үйрендік?

2. Жыл мезгілі нешеге бөлінеді? (ата?)

3. Кімге қай жыл мезгілі ұнайды? (әр оқушы өзіне ұнайтын мезгілдерін және не себепті ұнайтынын айту)

4. Қыс мезгілінде табиғатта қандай құбылыстар болады?

5. Қыс мезгілі несімен көңілді?

Білемін	Үйрендім	Білгім келеді
Живопись өнері жайлы. Пейзаж деген не екендігін Қыс мезгілінің қызықтарын.	Пейзаж «Қыс көрінісін» кезен бойынша жазықтық бетінде бейнелеуді немесе суреттеуді. Әр түрлі түстерді пайдалануды.	Жыл мезгілдерінің басқа техникамен салыну жолдарын.

VII. Үйге тапсырма:

«Қыс қызығы» тақырыбына суреттерін аяқтау.

«Қысқы пейзаж» тақырыбын оқып келу

Оқушыларды бағалау: Сабаққа жақсы, белсенді қатысқан оқушыларды атап айтып, жақсы салынған суреттерді көрсетіп, мадақтау арқылы бағалау.

МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Битемір Айнаш Бескемпірқызы,
Юсупова Құралай Амангелдиновна,
Макаева Мансия Галламовна
Астана қаласы №27 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Аңдатпа

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт тілдік дағды арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Мақалада оқушыларға тілдік төрт дағдының (айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым) бірі – айтылым дағдысын тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың ұтымды жақтары қарастырылады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, тілдік дағдылар, айтылым, әдіс-тәсілдер, мәтіндер, әдістемелік құрал

Аннотация

Овладение языком осуществляется по мировому опыту через четыре языковых навыка. В данной статье рассматривается как эффективно обучать учеников одному из четырех языковых навыков (говорение, чтение, аудирование, письмо) – навыкам говорения с помощью эффективных методов.

Ключевые слова: функциональная грамотность, языковые навыки, говорение, методы, тексты, методическое пособие

Abstract

Language acquisition is carried out according to world experience through four language skills. This article examines how to effectively teach students one of the four language skills (speaking, reading, listening, writing) - speaking skills, using effective methods.

Key words: functional literacy, language skills, speaking, methods, texts, toolkit

2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауда білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай, алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігі баса айтылып, үкіметке

оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берілген болатын. Осы тапсырманың негізінде маусым айында Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары» қабылданды.

Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу және сол ортаға тез бейімделе алуы. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасатыны белгілі.[1]

Ұстаздардың мақсаты - оқушыларды осы өмірдің дағдысына дайындау, оларды белсенділікке, шығармашылыққа, іскерлікке жетелеу. Ол үшін әрбір ұстаз заманауи сабақты тиімді өткізу үшін «Балаларды қандай оқу материалымен қызықтыруға болады?» -деген сұрақтардың жауабын іздеп, дұрыс шешім табуға ұмтылады.

Осыған сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған «Мәтіндер арқылы айтылым дағдысын дамыту» тақырыбындағы көмекші әдістемелік құрал жазылды. Бұл құрал мектептің орта буын оқушылары деңгейіне жоспарланған.

Әдістемелік құралдың басты мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің назарын тиімді интербелсенді әдіс-тәсілдерге аудартып, айтылым дағдысын жүзеге асыруға жәрдемдесу. Бұл құралдағы барлық сабақтардың тақырыптары оқушылардың функционалдық сауаттылығын және сын тұрғысыдан ойлауын дамытады. Әдістемелік құрал негізгі алты тараудан тұрады және соңғы жетінші тарау қайталауға арналған. Құралдағы тараулардың әрқайсысы қазіргі таңда ең өзекті тақырыптарды қамтиды. Атап айтқанда, «Суға шомылу қауіпсіздігі», «Жер сілкінісі кезінде қалай қорғану керек?», «Самокатты жүргізу ережесі», «Сәнге айналған электронды темекінің зияны», «Энергетикалық сусындар», «Коланың зияны мен пайдасы», «Ең зиянды 7 тағам», «Мақсат қою және оған жету жолдары», «Адамдармен тіл табысу», «Көшбасшы болу», «Кибербуллинг деген не?», «Күйзелісті жеңу жолдары», «Кредитсіз өмір», «Интернет алаяқтарынан сақтану», «Қаржы пирамидасы», «Құмар ойынға құмартпа», «Әлеуметтік желі мәдениеті», «Бос уақытты тиімді пайдалану», «Алтын үшбұрыш – қауіпті аймақ», «Ақша үнемдеудің 5 құпиясы» және т.б.

Әр сабақ үш кезеңге бөлінген (сабақтың басы, сабақтың ортасы және сабақтың соңы), онда екі-үш және төрт тапсырмаларға дейін қамтылады.

Тыңдалым мәтіндерінің QR code (кюар код) арқылы тыңдалатындығы да мұғалім мен оқушы үшін өте ыңғайлы. Оқылым мәтіндері ғаламтордан таңдалып алынды және әр мәтіннің соңында сілтемелер берілген. Әдістемелік құралдың қарастыратыны - тілдік дағдылардың ішіндегі айтылым дағдысын дамыту болғандықтан көптеген интербелсенді әдіс-тәсілдердің ішінен осы дағдыны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдер іріктеліп, екшеленіп пайдаланылды. Айтылым дағдысын дамытуға сәйкес түрлі әдіс-тәсілдер пайданыла отырып түрлі тапсырмалар құрастырылды. Әр тапсырмадан кейін оқушыларды бағалау мақсатында он баллдық дескрипторлар ұсынылған.

Тапсырмаларды орындаудағы топтық, жұптық жұмыс түрлері іске асырылады, ол оқушылардың топпен, жұппен жұмыс жасау құзіретін арттырады, көшбасшылыққа тәрбиелейді. Берілген тапсырмалар оқушыларды жұпта немесе топта мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруге, түрлі мәселелерге ой-пікірін айтуға, өз көзқарасын дәлелдеуге, талқылауға қатысуға, басқаларды тыңдап, өзгелердің пікірін сыйлауға, пікірталас жүргізуге және шешім шығара алуға, сонымен қатар диалог пен монолог құрастыруға баулиды.

Мәтіндер арқылы айтылым дағдысын дамытатын тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталсақ, оқылым, тыңдалым мәтіндерінен кейін «Жетелеуші жеті сұрақ», «Сұрақтар бұрқасыны», «Әйлер шеңбері», «Қар кесегі», «Ыстық орындық», «Бес сұраққа бес жауап», «Білімпаз оқушы», «Сәлемдеме жіберіңіз», «Өрмекшінің торы» т.б. тиімді әдістер мәтін мазмұнын түсіну және сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Осы әдіс-тәсілдерді қолданғаннан кейін оқушылардың өз ойын еркін білдіріп, талқылауға белсенді қатысып, диалог пен монологты жеңіл құрай алатындығына көз жеткіздік. Мәтінмен жұмыс барысында «Ромбтық жіктелім» әдісі негізінде жасалған тапсырмаларды дарынды және талантты балаларды оқытуды іске асыру мақсатында қолдандық. Себебі мәтіннен негізгі ақпаратты

табу өте жақсы оқитын оқушы үшін жеңіл болуы мүмкін. Ал «Ромбтық жіктелім» әдісін қолданудың ерекшелігі - мәтіннен ең маңызды ақпараттарды табумен қатар жеткілікті түрде маңызды ақпаратты, онша маңызды емес ақпаратты және ең бір маңызы аз ақпараттарды да анықтау тапсырмаларының болуында.

Оқушыларды көшбасшылық қасиетке баулу мақсатында «Танымал тұлға» әдісіне сәйкес жасалған тапсырмаларды ұсынғанда оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары оянып, көшбасшы болуға ұмтылғандығының куәсі болдық. Сабақ мақсатына сәйкес «Тұжырымдамалық карта», «Кластер құру» әдісін қолданумен қатар «Өзі туралы кластер» әдісіне құрылған тапсырмаларды да жасап, сабақ барысында оқушыларға ұсындық. «Өзі туралы кластер» әдісін бірнеше рет қолданғаннан кейін оның тиімді жақтарына көз жеткіздік. Бұл әдіс оқушының белсенділігін оятумен бірге бойындағы басқару, көшбасшы болу қабілетін шыңдайды екен. Оқушы өзі туралы мәліметтерді тұжырымдап, көпшілік алдында таныстырылым жасауға үйренеді. Оқушыларға көбінесе басқа бір белгілі адамдар туралы тұжырымды ойын айтқызып келсек, енді оқушының өзі туралы да кластер жасайтын тиімді әдісті қолданудамыз. Бұл әдістемелік құрал арқылы үйренген әдісті тек сабақта емес, сабақтан тыс іс-шараларда да қолдануға болады.

Мәтінмен жұмыс барысында «Тоғысқан пікірталас» әдісіне сәйкес тапсырмалар құрастырдық. Бұл әдістің ұтымды жағы - белгілі бір тақырып аясында өткізілетін пікірталастарды жүйелі қадамдар арқылы (1) мәтінді тыңдау; 2) проблемалық сұрақты анықтау; 3) жұпта талқылау; 4) топта пікірталасқа қатысу; 5) дәлелдемелер келтіру; 6) ортақ шешімге келу) өткізіліп, мұндағы оқушылардың жүйелі түрде жұмыстануына жәрдемдесетіндігінде. Сонымен қатар осы құралға «Атаулар туралы 3 сұрақ» әдісін енгіздік. Мәтінді оқығаннан не тыңдағыннан кейін ондағы терминдерді тауып, кестеге жазу, осы терминдер бойынша қайда? қалай? қандай? деген сұрақтарға жауап беріп, өзара ой бөліседі. Бұл әдіс арқылы оқушылар терминдер туралы түсінікті ұзақ есте сақтайтындығына көз жеткіздік.

Мәтінмен жұмыста қолдануға тиімді әдістің бірі - «Топтағы бесеу» әдісі. Бұл әдістің тиімділігі - әр топ мүшесіне атқаратын жұмысының бөлініп берілетіндігінде. Әр топта шамамен бес оқушы болса, осы бесеуінің де өз міндетінің болуы (талқылаушы, түртіп алушы, тіл шебері, байланыстырушы, қорытындылаушы). Осы әдісті қолдау барысында оқушылардың жауапкершілікті сезініп, белсенді жұмыстанғандығы байқалды.

«Шеринг» әдісімен оқып-танысып, өз тәжірибемізде қолдандық. (Шеңберге отырып, кезек-кезек тақырып бойынша түйінді ой айтады, идеялардың қайталанбауы талап етіледі). Сабақтың аяғында оқушының есінде сабақ мазмұны есте қалу мақсатында өткізілетін тиімді әдістердің бірі деп айта аламыз. «Т-кестесі», «Блум-түймедағы», «DEAL», «TEDX», «SWOT талдау»

Әдістемелік құралдағы «Сиқырлы сөздер» әдісіне құралған сөздікпен жұмыс тапсырмаларын оқып шығып, өз сабағымызда қолдандық. Осы әдістің көмегімен оқушылар жаңа сөздерді ұзақ есте сақтайтындығына, сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі пайда болатындығына көз жеткізіп келеміз.

Жаңа сабақтың тақырыбын болжау мақсатында қолданылатын «Болжау ағашы», «3С», «Таза тақта», «Тірек сөздер», «Ассоциациялық қатар-1», «Ассоциациялық қатар-2», әдістерін қолданудың ұтымды жақтарының басым екендігін атап өткіміз келеді. Осы әдістемелік құрал арқылы сабақтың тақырыбын тек сұрақтар, суреттер, тірек сөздер арқылы ғана емес, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер арқылы да ашуға болатындығын үйренуге болады.

Әдістемелік құралдағы «Кибербуллинг» тақырыбындағы сабақтың басында тақырыпты ашу мақсатында жасалған «Кибербуллинг» сөзін естігенде көз алдыңызға не келеді?» деген сұрақпен басталатын «Ассоциациялық қатар-2» әдісінің тиімді екенін айтқымыз келеді. Әдістің мақсаты - тақырыпты ашу үшін оқушыны ойландыруға, өзіндік пікірін айтуға жетелейді.

Әр сабақтың тапсырмалары жеңілден ауырға қарай, қарапайымнан күрделіге қарай жасалынғандығын айтып өткіміз келеді.

Қорыта айтқанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сын тұрғысынан ойлауын дамытуға бағытталған оқылым, тыңдалым мәтіндерімен жұмыс жасаудағы әр түрлі белсенді әдіс-тәсілдер арқылы жасалған тапсырмаларды қамтитын «Мәтіндер

арқылы айтылым дағдысын дамыту» әдістемелік құралы мұғалімдердің сабақ беру үдерісін түрлендіруде және оқушылардың пәнге қызығушылықтарын оятуға жәрдемші құрал бола алатындығына сеніміміз мол. Бұл құрал жас ұрпақты қазіргі өмірдің дағдысына бейімдеу ісінде септігін тигізеді деп санаймыз.

Мақаланы қазақтың көрнекті ғалымы, ұлы педагог Ахмет Байтұрсынұлының сөздерімен аяқтағанды жөн санаймыз:

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу... Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы

2.Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану оқу құралы.– Алматы, «Кітап» баспасы, 2009. - 97, 99,105,150-154б

3. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдістер оқу құралы. - Астана «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 83, 112, 138, 141-142, 153, 157б

ҰЙҒЫР ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

« Алматы облысы білім басқармасының
Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
«Балалар өнер мектебі» КМҚК
Садиров Рустам Басиетович



Сабақтың тақырыбы:

«Ұйғыр халқының музыкалық аспаптарымен танысу түсіндіру»

Білімділік мақсаты:

Оқушыға Ұлттық музыка мәдениетінің негіздерімен таныстыру, үйрету, білім деңгейін кәсіби түрде жетілдіру.

Дамытушылық:

Оқушының шығармашылық қабілетін ашу, музыканы, сезінуге, түсінуге, аспапта орындау техникасын дамыту.

Тәрбиелік мақсаты:

Ұйғыр халқының музыкалық аспаптарын құрметтеу, музыкалақ аспаптарға деген сүйіспеншілігін арттыру, баулу

Сабақ барысы:

Біз бүгін ұйғыр халқының музыкалақ аспаптары мен танысамыз. Ұйғыр әндерінің ең басты ерекшелігі өздеріне тән халықтық, ұлттық мінез-құлқын ашаалуында деп айтсақ болады. Себебі бұл өнер түркі халықтың тұрмыс тіршілігімен, ішкі рухани жан-дүниесімен тығыз байланысты. Халықтың дәстүрлі өнерінде ерекше атап өтер қасиетінің бірі көңіліндегі айтар ойын сөзбен, әуенмен жеткізе алмаған тұстарын ұлттық би өнерімен үйлестіріп жеткізе білген. Ғалымдар еліміздегі ұйғыр халқының әндерін екі топқа бөліп қарастырған. Бірінші аспапсыз жеке немесе хормен бірнеше дауыста орындалатын әндер тобы болса, екіншісі – халықтық аспаптың я болмаса бірнеше аспапты оркестрдің сүйемелдеуімен орындалатын әндер тобы. Ұйғырлардың халық әуендері равап, гиджак, дутар, тамбир сынды аспаптардың сүйемелдеуімен орындалды. Ал елімізде көп қолданылатын ол; тамбир, дутар, рубаб, дап, сатар, гиджак аспаптары. Сондай-ақ ғалымдар ұйғыр халқының музыкалық аспабын былайша

3 топқа байланысты жіктеп жүр.

1.Идиофондар. Бұл қатарға – сапай, джупташ, чакча, кошук, чаучак. Мембрафондар – дан, награ, думбак, тевилваз

2.Хорофондар – дутар, тамбир, равап, калун, кашкар равап, долан равап, бас равап, гыржак, сатар, хуштар, бас хуштар, чанг

3. Аэрофондар – най, кошнай, сурнай, карнай аспаптары жатады. Осылардың ішінде ең кең тарағаны дутар аспабы айтуға болады.

Кеудесі алмұрт тәрізді болып келген 13-20 пернеден тұратын ұзын мойынды аспап. 2 ішектен тұрады. Әдетте құлақ күйі квартамен, кейде квинтамен бұрау арқылы келтіріледі. Дутардың негізінде прима, альт, бас және контра бас дутарлар жасалып, халық аспаптар оркестрінің құрамына енгізілген.

1.Оқушылардың орындауында дутар аспабын тыңдап көрейік Тамбир – кеуде бөлігі 2 бөліктен тұратын, алмұрт тәріздес ұзын мойнына ладтар байланған аспап. Негізінде тұт ағашынан жасалады. Тамбыр аспабында ойнап көрсету, түсіндіру.

Оқушылар орындауында күй.



Гиджак – кеудесі жарты шар тәріздес болып келген, жіңішке мойынды аспап түрі. Алғашында екі ішек, кейіннен 4 ішекті түрі пайдаланылып жүр. Сатар – көп тарамған. Себебі аспапты ойнау уақытында музыканттан асқан шеберлікті талап етеді. Аспап 9-13 ке дейін ішек сымдарынан тұрады. Чанг – формасы жағынан трапецияға ұқсас, жайпақ қорап, ішектері сымнан тартылған аспап. Аспап – тұт ағашынан жасалады. Рубаб аспабы туралы мағлұбаттар беру, түсіндіру, Рубаб аспабында ойнап көрсету.

Екінші сынып оқушысы Алахунов Мехризат оқушылар мен бірге рубабта бір күй ойнап беру. „Дап аспабы туралы малуматтар беру, көрсету Аталмыш аспаптардың барлығы жеке өнер көрсетуде, сүйемелдеуде, сондай-ақ ансамбльдік орындауларда да қолданысқа ие. Ұйғыр мәдениетінде кездесетін көне аспаптардың бірі – калун. Мамандардың айтуынша калунды әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби ойлап тапқан деседі. Аспаптың жалпы сипатына келер болсақ – ішектерінің орнына сым тартылған, ені - 45 см, биіктігі 15 см болып келетін тұт ағашынан жасалынатын аспап. Бұл аспапты көбінде Орталық Азия және Шынжаң ұйғырлары қолданады. Сол секілді ұйғыр ұлттық аспаптарының ішінде көп бөлігін хордафондар құрайды. Бұл аспаптар жұртты өздерінің түрлі пішіндерімен, дыбыс шығару жолында өзіндік ерекшеліктерімен таң қалдырады. Оқушылар аспаптарда ойнау.

Сөз соңында айтарымыз түбі бір түркі халықтарының ешкімге ұқсамайтын тек өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктерді біз сол ұлттардың әдебиеті мен мәдениетінен, дәстүрі мен тағамдарынан байқаймыз. Осындай құндылықтары өз қалпын бұзбай келешек ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып, тарих бетінде мәңгі сақталатынына сеніміз мол.

«БАҚЫТЫҢДЫ БАЛАҢНАН ІЗДЕ...» (АТА-АНАЛАРМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ)

Түркістан облысы, Кентау қаласы.
Кентау оқушылар үйінің педагог-психологы
Сарсенбаева Лаззат Мұратбайқызы



Мақсаты: ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту. Ата-ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластық әрекетінің мақсаты айқындалады, баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсінеді, бір - біріне деген сезім нығайады;
Идеясы: « Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілесің!»

Әдісі: әңгімелесу- пікір алмасу, сұрақ-жауап сыни тұрғыдан ойлау, тренингтер, ситуациялық сұрақтар шешу, шығармашылық жұмыс, кері байланыс, бағалау
Ресурстары: сызбалар, ватман, А4 қағаздары, маркер, доп, ойын элементтері, жағдаяттар, стикерлер, бағалау парақшалары т.б.

Түрі: дөңгелек үстел, топтық жұмыс

Жүргізілу барысы:

- Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар және әріптестер. Бүгінгі біздің «Бақытыңды балаңнан ізде » атты отырысымыз ерекше болады деген үмітпен дөңгелек

үстелімізді бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану.

Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі сабағымызға қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектепке келе беріңіздер демекпіз!

Психологиялық тренинг

1.«Амандасу» әр ұлттың салт –дәстүрі бойынша амандасу.(Корея,Индия,Қазақстан,Өзбекстан).

2.«Тәтті шоколад»

Обновление и развитие образования требует от преподавателей школ искусств и детских музыкальных школ знания инновационных педагогических технологий и владения современной техникой, освоения новых форм и методов обучения. Один из показателей современных, творчески работающих педагогов - использование информационно-коммуникативных технологий в образовательном процессе. В нашем быстро развивающемся мире обычные, наиболее распространённые схемы обучения часто уступают место более эффективным. В работе с учащимися ДШИ и ДМШ используются цифровые и электронные ресурсы: аудио, видеоматериалы, всевозможные графические, текстовые и др. документы, возможности Интернет. Интернет-технологии активно внедряются и в сферу музыкального образования и оказывают значительную помощь в творческой деятельности преподавателей и учащихся. Интернет-технологии могут применяться в работе для сбора, анализа информации учащимися, знакомства с видео- и аудиоматериалами и др. Эта работа организуется и контролируется педагогом,- даются ссылки на конкретные, изученные сайты,- создавая тем самым, эффект вовлечения в современные мировые процессы и стимулируя интерес учащихся к процессу обучения в ДШИ. Личность ученика, ее индивидуальность является основополагающим в обучении и развитии детей и находится в центре внимания педагога. Личностно-ориентированное обучение предусматривает дифференцированный подход: учет уровня интеллектуального развития учащегося, его задатков и способностей, особенностей психического склада, характера и темперамента. Сегодняшнее поколение детей достаточно свободно владеет компьютером, поэтому, начиная с младших классов, даются задания прослушать с помощью Интернет-ресурсов изучаемое произведение в исполнении разных мастеров-профессионалов, а также ровесников - учащихся ДШИ; прослушать, как звучит данное произведение в исполнении на других музыкальных инструментах, с последующей беседой-сравнением.

Важную роль играет заинтересованность со стороны родителей. Пользуясь Интернет-ресурсами, учащиеся могут составлять рефераты по музыкальной литературе, находить интересные факты творчества композиторов. Важно лишь компетентно сформировать мотивацию творческой деятельности, начиная с малого. В совместном творчестве преподавателя и учащихся при подготовке мероприятий с использованием мультимедийной техники, - подборка видеоряда, соответствующего характеру музыки, подбор музыкальных эпизодов к живописным полотнам, взятым из Интернета, - можно проследить связь музыки с другими видами искусства, такими как живопись, литература, поэзия.

Задача преподавателей ДШИ и ДМШ - заглянуть во внутренний мир каждого ученика и раскрыть его творческую индивидуальность с помощью современных образовательных технологий. Наша работа будет успешной, если к безграничным возможностям Интернета, к исследовательской работе учащихся добавить собственный искренний интерес, сделать учеников своими творческими партнерами, учиться вместе с детьми, а иногда и у них.

Часто учащиеся старших классов интересуются современной музыкой, поэтому во время занятий вместе с ними можно делать аранжировки мелодий из фильмов, компьютерных

игр, отдавая при этом предпочтение инициативе детей. Такая работа способствует получению новых знаний, развитию умения анализировать, сопоставлять и делать необходимые выводы.

Кроме знаний и умений, юные музыканты получают заряд положительных эмоций, яркие впечатления от классических и современных произведений. Таким образом, возникает союз рационального мышления и эмоционального восприятия, что очень важно для подготовки как к экзамену, классному или общешкольному концерту, так и к серьёзным конкурсам. Использование интернет- технологий становится мощным фактором повышения учебной мотивации.

При возникновении особого контакта между педагогом и учеником ребёнок раскрепощается, уходит психологическая скованность и зажатость. Ученик осознает, что учитель проявляет особую заинтересованность конкретно к нему, к его индивидуальности, к его творческому потенциалу. И вот юный музыкант уже готов к качественно другому восприятию музыки, к плодотворной работе над музыкальным произведением.

Полезно применять в работе с детьми средства арттерапии, здоровьесберегающие технологии. На занятиях можно использовать такие упражнения как:

- физические упражнения, снимающие мышечные зажимы;
- импровизационные упражнения как средство отображения настроения;
- игры, развивающие интонационный слух детей, фантазию, повышающие самооценку;
- упражнения для концентрации, умения сосредоточиться, для расслабления, снятия стресса.

Одним из приемов, развивающих коммуникативные навыки является коллективное музицирование (оркестр, ансамбль). Ему принадлежит огромная роль в процессе обучения детей игре на музыкальных инструментах. Вариантов организации коллективов может быть множество: в классе одного педагога по инструменту или в сотрудничестве с другими педагогами.

Наряду с традиционными однородными ансамблями, актуальными в последнее время, появляются разнотембровые сочетания инструментов.

В каждой школе в настоящее время существует детский ансамбль. Благодаря Интернет-ресурсам, проблем с репертуаром нет. Партии для каждого инструмента можно набирать в программе Finale. Коллективная игра в ансамбле приносит огромную пользу на всех ступенях обучения и развития учащихся. Известные педагоги всегда придавали большое значение участию учеников в ансамблях.

- Занятия в классе ансамбля отвечает современным задачам ДМШ и ДШИ:
- формирование начальных умений и навыков, работа с музыкальным текстом с целью приобщения, учащихся к различным жанрам музыкальной культуры.
 - подготовка одаренных детей к участию в концертах и конкурсах с целью совершенствования профессионального мастерства, сохранение традиций национальной музыкальной культуры.

- В классе ансамбля формируются следующие умения и навыки:
- умение слушать музыку, исполняемую ансамблем в целом и отдельными группами, слышать звучание темы, подголосков, сопровождения;
 - умение исполнять свою партию грамотно, следуя замыслу композитора и руководителя ансамбля;
 - умение рассказать об исполняемом произведении;
 - умение применять и совершенствовать исполнительские навыки;
 - использовать современные технологии для прослушивания и анализа произведений в исполнении выдающихся музыкантов.

Включение в занятия современных образовательных и информационных технологий способствует реализации этих задач.

Современные педагогические технологии позволяют не только проводить исследовательскую работу, но и развивают творческое воображение, способствуют росту исполнительского мастерства учащихся.

Ребенок развивается в деятельности: только 20% должен делать педагог, а остальное учащийся. Важно создать среду для творчества. Доверительность, строгость, обаяние,

требовательность являются основой отношений педагога и ребенка. Ведь не зря Ф. А. Фрадкин в своей статье выражал надежду, что «школе предстоит стать гуманной, «теплой» для ребенка и при этом открытой к диалогу и сотрудничеству со всеми социальными институтами общества; она научится организовывать педагогический процесс с ориентацией на интересы и потребности как ребенка, так и общества, в котором он живет;...»

На методическом уровне кроме получения теоретических умений и навыков, решения технологических вопросов STEAM - технологии предполагают:

- приобретение обучающимися навыков групповой работы;
- учатся конструктивно критиковать и отстаивать свое мнение;
- осваивают презентационные компетенции;
- учатся генерировать идеи в условиях неопределенности;
- применяют принципы дизайна и маркетинга для создания и продвижения продукта;
- осознают творческий потенциал применения технологий в разнообразных сферах деятельности [2, с. 554].

Таким образом, по сравнению с традиционной системой школьного образования STEAM - подход ориентирован на проведение экспериментов, конструирование моделей, самостоятельному созданию творческих произведений, воплощению своих идей в реальности. В результате обучающиеся получают продукт своей деятельности, что очень важно. Они видят результат своего труда. Данный учебный подход облегчает обучающимся процесс совмещения теории и практики и тем самым дальнейшую учебу в ВУЗе, поскольку будущее за технологиями.

Список литературы

1. Анисимова, Т.И. Подготовка педагогов для STEAM-образования / Т.И.Анисимова, Ф.М.Сабилова, О.В.Шатунова // Высшее образование сегодня. - 2019. - С. 31 - 35.
2. Морозова, О.В. STEAM-технологии в дополнительном образовании детей / О.В.Морозова, Е.С.Духанина // Баландинские чтения. - 2018. - С. 553 -556.
3. Семенова, Р.И. STEAM-образование и занятость в информационных технологиях как факторы адаптации к цифровой трансформации экономики в регионах России / Р.И.Семенова, С.П.Земцов, П.Н.Полякова // Инновации. - 2019. - №10. - С. 58 - 70.
4. STEAM-обучение: от практики к теории [Сайт]. - URL: <http://edurobots.ru/2019/04/steam-edu/> (дата обращения: 14.11.2021)
5. Хачатурьянц, В.Е. Использование элементов STEAM-образования в межпредметной интеграции биологических знаний школьников на базе создаваемой в России сети Кванториумов / В.Е.Хачатурьянц, А.В.Теремов // Европейский союз ученых. - 2021. - № 1. - С. 56-60.
6. Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе: использование интерактивных форм и методов в процессе обучения учащихся и педагогов. - Волгоград: Учитель, 2008.
7. Фрадкин Ф.А. Школа в системе социализирующих факторов. -Педагогика.1995.

ҰЛТТЫҚ ОЮ – ӨРНЕКТЕР

Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі Болатқан Мирас Жарасұлы

Пән: Бейнелеу (үйірме)

Мұғалім: Болатқан Мирас Жарасұлы

Мектеп, сынып: Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі

Сабақ тақырыбы: Ұлттық ою – өрнектер

Сабақтың мақсаты

1. Ұлттық ою – өрнектің түрлерімен таныстырып, оның бүктеу және қию әдістерін үйрету;
2. Оқушыларды халқымыздың салт – дәстүріне, қолөнеріне терең үңілдіріп, ой-өрісін дамыту;
3. Оқушыларға ою – өрнектер өнерін үйрету үстінде эстетикалық талғамдары мен өнерге деген шеберлік ынта, қабілетін арттырып, көркемдікпен, әсемдікпен жасалғанына көздерін жеткізе отырып тәрбиелеу;

Сабақтың түрі Ой қозғау, әңгіме.

Көрнекі құралдар ою-өрнек түрлерінен жасалған буклет, кітаптар, оюлардың үлгілері.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру бөлімі

Оқушылармен амандасып, керекті құрал-жабдықтарды дайындатып, сәттілік тілеу.

II. Өткенді пысықтау.

- Ою дегеніміз не? (Ою дегеніміз – бұйымға түсірілген өрнекті кесу арқылы өңдеу)
- Композиция дегеніміз не? (Композиция дегеніміз – өрнекті бұйымның бетіне реттеп орналастыру, жүйелеу)
- Ритм дегеніміз не? (Ою – өрнекте бір элемент қайталанып келсе, мұны ритм дейміз)
- Төрт жолдық өлең шығару, поэзия минуты. Енді үйден дайындап келген өлеңдерін болса, оқық.
- Орнамент дегеніміз не? (Қазақтың ою және өрнек қос сөзі біріге келіп, латынша орнамент деген ұғымды білдіреді, мағынасы – сәндеу, әсемдеу, әшекейлеу)
- Симметрия дегеніміз не? (Симметрия дегеніміз – ою-өрнектің екі жағының тең болуы)
- Колорит деген не? (Бұйымға салынатын ою – өрнектің бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы – колорит деп аталады)

III. Жаңа сабақ

Жайлаудың шырынды шөптерінің арасында, тау етегінде ауыл сұлап жатты. Алау түтіні, қойлардың маңырағаны, иттердің үрі, балалар күлкісі – осының бәрі ауылға жақындағанда естіледі. Міне, киіз үйлерде тұр. Қазақ халқы көшпенді ел болып, жаз – жайлауда, қыс – қыстауда заман ағымына сәйкес киіз үйде тұрмыс құрып өмір сүрген. Сол ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра – қазақтың киіз үйі.

Бүгін көп қызықты заттар көріп, ою – өрнек туралы білуіміз үшін және шығармашылық жасау үшін үш киіз үйге кіріп – шығуға шақырамыз.

а) - Қане, бірінші киіз үйге кіріп көрейік.

«Өнер – таусылмас азық, жоғалмас байлық», - дейді халық даналығы. Халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы – ою – өрнектер.

- Ою – өрнек не үшін қолданылады? (Ою – өрнек тұрмыста, бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын нақыш, өрнек)

- Халқымыз оюмен нені әшекейлеп безендірген? (Ою – өрнек әр түрлі үлгіде дамыған. Оның негізгі элементі мүйіз тектес болып халқымыздың жиі пайдаланатын

заттарында – өру, тігу, құрау, қию арқылы үй жиһаздарына, зергерлік бұйымдарға, кілем, сырмақ, текемет, қоржын, ыдыс-аяқтарға, киім – кешектерге безендіріліп салынған)

Кезеңде өнертанушы В.Чепелев «қазақтар тек ою – өрнек әлемінде өмір сүрген сияқты», - деп атап көрсеткен.

Ежелден қолөнерді қастерлей білген халқымыздан мұра болып келе жатқан тұрмысқа оюланған қажетті бұйымдар өте көп.

Қазақ шеберлері әр нәрсені жарық, көркем, төлді етіп жасауға тырысқан.

ә) - Ал, енді білейік, қандай ою түрлері бар. Ол үшін екінші киіз үйге кіріп көрейік. (Ою-өрнек кестесі, слайд)

Ою – өрнектің атауы мен түрлері өте көп. Ғалымдар бүгінге дейін 200-дей түрін анықтаған.

«Ою – өрнекті қайдан, кімнен үйрендің?» - деген сауалға атақты суретші Ә. Қастеев:



Таудың бұлағынан,
ойдың құлағынан
Апамның киізінен
Ешкінің мүйізінен, - деген өлең жолдары жоғарыда айтылғандардың дәлелі.

б) Әр түрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою – өрнегінің шебері – оюшы.



- Келесі киіз үйге кіріп көрейік. Бұл киіз үй – шеберхана. Шағын еңбегімізде – қолөнерді әрі қарай дамытып, осы шеберханада жетілдіру керекпіз.

- Балалар, әжелеріміз ою үлгісін жасауды, оюды кімдерден үйренген? Оларды өз әжелерінен, аналарынан, әпкелерінен үйренген. Осылай ұрпақтан -ұрпаққа

ауысып, бүгінге жеткен. Бізде ою ойып көрейік.

IV. Сарамандық жұмыс

- Балалар, мүйіз оюын қиып үйренейік. Қию алдында, қайшымен жұмыс техникалық қауіпсіздік ережесін қайталайық.

1. Қайшыны арнайы қобдишада сақтау қажет.
2. Қайшыны жолдасына үшкір ұшымен берме
3. Қайшыны ашық қалдыруға болмайды.
4. Қайшымен жұмыс кезінде жолдасының көңілін бөлме.
5. Қайшыны ойыншық ретінде пайдалануға болмайды.

- Жарайсыңдар, енді жұмысымызға кірісейік. Мына мүйіз оюын қию нұсқасына назар аударыңдар (слайд – қағазды бір бүктеу әдісін көрсету)

а) Сұраққа жауап

- Қазақ оюының кең тараған түрі (мүйіз оюы)
- Қыз есімімен аталған өрнек (ботакөз)
- Гүл оюы нені бейнелейді? (қуаныш)
- Үзілмейтін бағыт, мәңгілік нышаны не? (дөңгелек оюы)

V. Сабақты қорытындылау.


- Ұлттық ою – өрнек қанша топқа бөлінеді? Және қандай?
- Ою дегеніміз не?
- Симметрия дегеніміз не?

VI. Бағалау

VII. Үйге тапсырма: Бүктеу, қырку тәсілдері бойынша ою – өрнек түрлерін орындап келу.

ЕСЕПТІ КОНЦЕРТТІ ДАҰЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Джамбулов Ерсұлтан Мұратханұлы
«Алматы облысы білім басқармасының
Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі»
театр сыныбының мұғалімі



Ең жақсы сценарийлерде, концерттің шынайы рухани мазмұны мен үлкен эмоциясы шоғырланады. Егер, сценарий театрландырылған болса, оның әсері маңызды да, өзекті болып табылады. Сондықтан, бұл идея жан-жақты қамтылған және көркем бейнелі көрініспен әсерленіп техникалық жабдықтар, театр костюмдері, макияж, тағы сол сияқты

Концертті жоспарлау кем дегенде бір ай бұрын басталуы керек. Көптеген ойластырылған кем-кетіктерді дұрыстау (костюмдер, аспаптар т.с.с) алдын-ала тапсырыс беру керек. Сонымен қатар, орта мектепте оқитын оқушылардың бос уақытын ыңғайлап, дайындық кестесін жасаған дұрыс. Концертке дайындық кезінде шешілуі керек көптеген маңызды мәселелер бар. Мұғалімдермен бірлесе отырып, шешім қабылдағанға дейін бірнеше адамның пікірін білу

тиіс. Олар сонымен қатар егжей-тегжейлі ойлауға көмектеседі. Үйлестірушіні, маңызды шешімдер қабылдайтын және үйлестіруге көп уақыт бөлетін негізгі адамды таңдаймыз. Қаражат жағын да ескеру керек, өйткені концерт өткізетін зал болмаса, мәдениет үйлерін жалға алуға тура келеді.

Алдыңғы жылдарда концерт бір тақырыпта өткен-өтпегенін біліп, қайталанбау жағын реттеу тиіс. Концерттің ұзақтығы қатысушылардың болжамды санына және концерт барысында қамтамасыз етілуі қажет барлық қажеттіліктерге байланысты. Концертте орындалатын ән-би, қойылым, әр түрлі аспапта ойналатын шығармалардың тақырыптарын және концерттің атауын анықтағаннан кейін концерттің ашылуынан бастап жабылуына дейін кесте жасалынады. Концерт тақырыпқа сәйкес әртүрлі тәсілдермен өткізілуі мүмкін. Концертті өткізу барысын жоспарлауды жеңілдету үшін келесі тәртіпте үйлестіруге болады:

- Кіріспесін кіріспе сөзбен бастап, оны әдетте белгілі бір қонақтар, танымал адамдар сөйлейді немесе жоспарға сай театрландырылған концерттің ортасына не соңына кіріктіруге болады.

- Орындаушылардың санына байланысты, концертті блокқа бөлуге де болады. Концертке шақыру жарнамасын алдын ала (екі-үш апта бұрын) бастап, ұсыныстар мен пікірлер болса, ескере отырып жоспарға өзгері енгізуге болады.

Концерт – қобалжу мен толғанысқа толы музыкалық мереке. Концертке қатысу құрметті де, жауапты іс. Көпшілік алдында өнер көрсету - бұл музыкалық іс-әрекеттің ерекше түрі. Бұл оқушының музыкалық қабілетінің даму динамикасын дәл анықтауға көмектеседі, сонымен бірге оның орындаушылық батылдығы мен ерік-жігерін оятудың құралы. Оқытушы оқушыны концертте өнер көрсетуге мұқият дайындау арқылы оның эстрадалық шыдамдылығын, шығармашылық қиялы мен эмоционалды жауапкершілігін қалыптастырады, әсемдікті сезініп, көркемдікті тануға тәрбиелейді.

Жылдық есеп беру концертті мұғалімнің, мектептің бір жылдық еңбегі деп алсақ. Жалпы концерттің құрылым режиссер қойса, қойылымды алып шығу біздің орындаушының яғни оқушының қолында.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, жас музыкант-орындаушыны концертке дайындау үрдісінде шешілуі керек күрделі мәселелердің бірі – оқушылардың концерттік

өнер көрсету алдындағы қобалжуын жеңу. Қосымша білім беру ошағында оқушылардың концерттік-орындаушылық өнерін дамыту тақырыбы өзекті және музыкалық педагогика мен психология саласындағы көптеген мамандардың назарынан тыс қалмаған күрделі мәселе. Соңдықтан, оқыту үрдісінде білім алушы-орындаушының көпшілік алдында өнер көрсетіп, өз орындаушылық шеберлігін қалыптастыруына мүмкіндік беру - бұл музыкалық-орындаушылық іс-әрекетте оқушының көркемдік және шығармашылық әлеуетін жетілдіруге ықпал ету.

Сахнада сәтті өнер көрсету дағдыларын игеру барысында оқушы болашақта өнер жолында қызметті жалғастыруға қажет күзиреттілікті игере алады. Оқу орнында алған сахналық тәжірибе өнердің кез-келген саласында: жеке орындаушылықта, өнер ұжымындағы жұмыс немесе педагогикалық қызметте қажетті дағды. Концерттің сценарийінен бастап мәресіне дейін жеткізу барысында төмендегідей жұмыстар атқарылады:

1. Концерттік нөмірлерді көру, іріктеу;
 2. Нөмірлерге лайықты киім үлгілерін таңдау;
 3. Іріктелген нөмірлерді сценарийге түсіру;
 4. Концерттік нөмірлерге жауапты адамдар тағайындау;
 5. Жүргізушіні дайындау; (тақырыпқа сай сценарий құру)
 6. Нөмірлерді жеке дайындау;
 7. Тақырыпқа сай жарнама жасау (билеттер, бағдарлама мен шақыру қағаздары).
 8. Сахнаны тақырыпқа сай безендіру (лэд экран болса әр номерге сай бейнеролик жасау);
 9. Концерттік бағдарламаның техникалық құралдар мен жабдықтарын дайындау;
- Жұмыс барысында жоспарланған жұмыстардың өзі бірнеше рет өзгеруі мүмкін.

Атқарылған жұмысты талдау

Қобалжудың кез-келген түрі орындаушыны психологиялық шаршау күйіне әкеледі. Әсіресе концертте орындау кезінде не физиологиялық, не эмоциялық шаршау күйіне жол берілмеуі тиіс. Ал сахналық қобалжу синдромының пайда болуы концерттік өнер көрсеткенде техникалық ақаулардың әсерінен болуы мүмкін. Жауапты адамдардың жауапкершілігі болмауынан (мысалы, орындықтың уақытылы орнына қойылмауы, микрофон тіреуі орындаушының бойына сәйкессіздігі, киініп үлгермеуі, 2 нөмірдің ортасында кідірістің болуы, сахнаның бос қалуы т.б.) орындаушыда қобалжу пайда болып, ән айту немесе басқа да өнер көрсету кезінде кедергілер болады.

Атқарылған жұмысты талдау барысында жалпы концертте орындаушылар мен жауапты адамдардың істелген жұмысының нәтижесіне қарай мадақтай отырып, шабыт беріп, кемшіліктердің салдарын анықтай келе, келесі концертте қайталанбауға тырысу керектігі ескертіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Пьесада қойылымға дейін» датасы: 10.10.2016 авторы: Әубәкір Рахимов
2. «Сценарист» авторы: Альманах
3. «Киносценарий. Сценарий жазу негіздері» авторы: Сид Филд



ЗАМАНАУИ БИДІҢ ДАМУЫ. ЗАМАНАУИ БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Ермекбаева Жанар Омирбековна

Бөлім	Хореография
Педагогтің Т.А.Ә (бар болған жағдайда)	Ермекбаева Жанар Омирбековна
Күні	19.04.2023ж.
Секция немесе үйірме атауы, топ	Қазақстан хореографиясы 6 сынып
Сабақтың тақырыбы	Заманауи бидің дамуы. Заманауи би және оның ерекшеліктері

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1.Ұйымдастыру кезеңі 2 мин	а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. ә) Көңіл-күйлерін сұрау;	«Сәлеметсіз бе ? – ұстазымыз, Өнер – білімге құштармыз.» Оқушылар оқу құралдарын дайындайды;	Ауызша мадақтау сөздер арқылы бағаланады	
2.Үй тапсырмасын сұрау 5 мин	Отандық хореографияның дамуының заманауи кезеңі туралы не білеміз?	Оқушылар сұраққа жауап беріп, өз білетіндерін ауызша айтып жеткізеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.	Жарайсың!	Хореография өнерінің тарихы
Басы 3.Жаңа сабаққа кіріспе 3 мин	Заманауи би дегенді қалай түсінесіңдер? Классикалық биден қандай айырмашылықтары бар деп ойлайсыңдар?	Заманауи бидің қимылдары бишінің өз ішіндегі ойы, эмоциясын жеткізуге мүмкіндік беретін би түрі. Әркім өз ойларын айтады.		Алишева А. Т. Хореографиялық білім беру мәселелері

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Ортасы 4. Жаңа сабақ</p>	<p>Қазіргі заманғы би - батыстың кең жанрлы концерт немесе театрландырылған биі, ең алдымен 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында Германия мен Америка Құрама Штаттарында пайда болды. Бидің бұл түрі музыкадағы заманауи бағыттарды ұнататындарға, кештер мен клубтарды ұнататындарға арналған. Қазіргі билер көптеген көріністер мен стильдерді қамтиды. Алайда, заманауи стильдердің тамыры ескі классикаға тән. Мән беретін болсақ, дабстеп, хип-хоп және гоу-гоудың бәрі балет, бал және халық билері дәстүрлері негізінде дүниеге келген. Бұл қазіргі заманғы хореографиядағы бағыт, ол белгілі бір уақыт аралығында би тенденциялары мен музыка бағыттарына байланысты</p>	<p>Би қимылдарын оқушылар қайталайды.</p>    	<p>Тамаша!</p>	<p>Бейне-көрсетілім құралдарын <u>ноутбук,</u> <u>Тақта</u></p>

	<p>үнемі өзгеріп отырады. Контемпте белгілі бір құрылым жоқ, бұл толық импровизация. Қазіргі билер бүгінгі күннің сезімдері мен эмоцияларын көрсетеді. Зумба биі, Модерн биі, Клубтық би түрлері: джаз-фанк, индастриал, хаус, стрип-данс, шафл, хакка, джампстайл, гоу-гоу, вог т.б.билердің бейнекөрсетілімі көсетіледі.</p>			<p>Аюханов Б. Современное состояние балетного искусства в Казахстане. Алматы, 17 января 2005 г. Электрондық ресурс] URL: www.aukhanov.kz</p>
<p>Соңы 5. Қорыту</p>	<p>Биден ләззат ала отырып, иммунитет бір уақытта күшейеді, дененің барлық бұлшықеттері дамиды. Бұл спорт пен сұлулықтың тамаша үйлесімі. - Осындай би қимылдарын күнделікті спорттық жаттығу ретінде қолданып жүргендер бар ма? - Осындай би түрлері несімен ұнайды?</p>	<p>Оқушылар өз пікірлерін айта отырып, қимылмен көрсетіп бере алады.</p>	<p>Жақсы!</p>	<p>Суреттер</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>«3 қ» әдісі Сабақта не құнды, не қызық, не қиын болғаны туралы ойларыңды айтыңдар.</p>	<p>Оқушылар кестені толтырып, өз ойларын айтады.</p>	<p>Тамаша!</p>	<p>Кесте</p>

МЕТОДИКАЛЫҚ ӘЗІРЛЕУ

ӘЛІМҚҰЛ ЕРБОЛАТ НЫШАНҰЛЫ Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебінің «Домбыра» сыныбының мұғалімі

Методикалық әзірлеудің мақсаты. Сабақтың жоспарлама құжаттамасын жасау, сабаққа дайындық, сабақтың негізгі сәттерінің уақытын мөлшерлеу.

Пән: Қазақ музыка тарихы

Бағдарлама тақырыбы: Дәстүрлі күйшілік мектептер

Дәріс атауы: Маңғыстау күйшілік дәстүрі (Абыл, Шонай, Жанай мектептер ерекшеліктері, жанрлық күй топтары)

Дәріс мақсаты:

• Маңғыстау дәстүрлі күйшілік мектебінің аймақтарындағы күйшілік өңірлердің ерекшеліктерімен таныстыру

• Жанрлық күйлер топтарымен таныстыру

Сабақтың түрі: Жаңа материалдарды игеру

Оқытудың әдіс-тәсілі: пікір алмасу, презентация арқылы таныстыру.

Сабақты жабдықтау: Оқулықтар:

1. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1971.

2. Сахарбаева К. Мұрат мұрасы // Музыкалық білім және музыкалық ғылым саласындағы өзекті мәселелер: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2005.

3. Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі. Есбай // күйлер. Алматы, 1996, 63-65 б.б., Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997 ж.

4. Жаңбыршы А. Нарату: Маңғыстау күйлер жинағы: 2-кітап. – Алматы: «Нұрлы Әлем» 2008. 200 б.

Ашық сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: 5 минут

- Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, аудиторияның санитарлық-гигиеналық жағдайын тексеру, оқушылардың сабаққа тексеру, оқушылар зейін ұйымдастыру (психологиялық дайындық сәті)

- Ұйымдастыру кезеңінің қысқа мерзімділігі; сыныптың жұмысқа толық дайындығы; білімгерлердің жұмысқа жылдам кірісуі; барлық білімгерлердің зейінінің ұйымдастырылуы.

2. Үй тапсырмасын тексеру: 10 минут

3. Дәріс мақсатын түсіндіру: 5 минут

- Маңғыстау күйшілік дәстүріндегі аймақтардың ерекшеліктерін анықтау

- Аймақтардағы күйшілермен танысу

- Маңғыстау күйшілік дәстүрі бойынша жазылған еңбектермен танысу

4. Жаңа тақырыпты түсіндіру: 30 минут

Кіріспе: «Маңғыстау дәстүрлі күйшілік мектебі»

Аймақтың күйшілік дәстүрі арнайы терең зерттеуді қажет етеді. Қазіргі таңда Маңғыстау күйшілік дәстүрі бойынша зерттеу еңбегін жарыққа шығарған С.Өтеғалиева ақтаңдақтың орнын толтырып, ғылыми айналымға тың деректер қосты.

Қазіргі таңда зерттеушілер Батыс Қазақстан күйшілік аймағын бірнеше мектепке бөледі:

1) Бөкей күйшілері. Бұл мектеп Астрахань, Орал, Атырау, Сарытау (Саратов), Орынбор жерлерінде Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Байжұма, Сейтек, Әлікей т.б. шығармашылығымен байланыстырылады;

2) Оңтүстік батыс аймағы. Маңғыстау, Үстірт қазақ-түркмендердің шекаралас жатқан жері және Қарақалпақстанмен тұтасып жатқан аймақты Маңғыстау күйшілік дәстүрі дейді;

3) Ақтөбе мен Қызылорданың Аралға дейін созылып жатқан аймағы. Қазанғап және осы аймақтан шыққан атақты күйші Үсен төре, Мырза, Құрақтың Досжанының т.б.күйлері қазақ жерінен асып Қарақалпақстан, Өзбекстанда орындалған.

XVI-XVII ғасырларда Маңғыстау арқылы Ресейдің Еділ, Қама өзендерінің бойымен орналасқан қалалардан Ұлы Жібек жолы бойындағы тұрған Орталық Азияның Хорезм, Хиуаға қалаларына өтіп отырды. Бұл бұрыннан полиэтникалық аймақ ретінде қазақтың адай, табын, беріш, түркменнің абдал, игдыр, чоудыр, қарақалпақтар мен қалмақтардың қоныс тепкен жері еді. XVIII ғасырдан бастап адайлар түркмендермен бірге көшпенді өмір салтын ұстанды. Осы аймақта үлкен қала орталықтарының орналасуы (Мары, Хиуа, Хан Базар, Орда) аймақта руаралық, халықаралық қатынастардың жаңдануына септігін тигізді:

а) адай домбырашылары мен Бөкей домбырашылары тығыз қарым-қатынаста еді. Мәселен, Есір Құрманғазыға арнап «Жалды қара» күйін шығарса, Құрманғазы «Адай» және «Төремұрат» күйлерін адайлар жерінде шығарды;

б) адай күйшілері түркмен бахшыларымен бірге көпшілік орындарда өнер көрсетіп, ел жадында қалған. Тарихта Өскенбай мен түркмен бахшысы Қолыбай арасында болған сайыс уақиғасы сақталған. Осыдан Абыл, Қалнияз, Өскенбай, М.Өскенбайұлы репертуарына енген түркмен күйлерінің барын айтсақ, өз кезегінде Абыл, Өскенбай, М.Өскенбайұлы сынды адай өнерпаздары түркмен музыкасының жетік білгірлері болды.

Маңғыстау өңірінде ән дәстүрі, жыр және күйшілік өнер тең дәрежеде дамыған.

1) Әншілікте: сал-серілерді «адайдың жеті қайқысы» атаған (диалект сөз қайқы – ер азамат, сәңкі – әйел әнші) Өскенбай, Шолтаман, Әділ, Тастемір, Жылкелді, Досат, Тұрсын есімдерін ерекше мақтанышпен аталады;

2) Жыраулық дәстүрде: Абыл, Нұрым жырау, Сүгір, Қашаған, Ақтан, Сәттіғұл шығармашылығымен танымал.

3) Домбырашылық мектептің ерекшелігі – күйшілер өнерінде фольклорлық синкреттілік сақталады, яғни аймақ күйлерінің айрықша қасиеті – шығармашылығында бірнеше жыраулық, әншілік, күйшілік дәстүрді бірдей дәрежеде жетік меңгеруі. Ондай қасиет Өскенбай, Қалнияз, Шамғұл Ибраимов, Избасар Шыртанов сынды өнерпаздардың бойынан табылатын.

Әсіресе, өңірдің жыр мен әннің жетік білгірлері С.Шәкіратов, М.Өскенбаев сол ән, жырдың аспаптық өңдемесін күй нұсқасында орындады. Ондай лайықтаманы Маңғыстау өңірінде жыр – күй, ән – күй деп атайды.

Жалпы, XX ғасырдың басына дейін Маңғыстауда 3 ішекті домбыраның болғандығын, ал қазіргі маңғыстаулық домбыралардың шанағы дөңес, жұмыр, батыс домбырасынан кішірек, дутарға ұқсаңқырайды. Бұл өңірде сыбызғының өзгеше, аймақтық сипаттағы түрі де кең таралған.

Негізгі бөлім:

Түбектің күйшілік дәстүріне келсек, Маңғыстау өңірінде ішінара бірнеше күйшілік мектеп қалыптасқан:

Абыл мектебі (Абыл Тарақұлы (1820-1892)

А.Жұбановтың жазған деректеріне сәйкес көп жер мен елді аралаған өнерпаз еді. Оның өнерін Қарақалпақстан, Түркменстан, Хиуа жұртшылығы тамашалады. Ұстаздары: Қошқар, Боғда, Абыл. Шәкірттері: Есбай, Алтынай, Сәулебай, Құлшар, Қауен.

Абылдың шәкірттері арасында Есбай ерекше көзге түседі. Ол Атыраудың Қарабау жерінде туған. Елдегі аты Тазбала. Батыс Қазақстан, Сарытау, Үстірт жерінде болған сапарларында Есірмен кездескен. Есбай күйлерінде табиғат көріністерін («Бөгелек», «Сарыарқа»), дүниетанымдық («Әлем жалған», «Өттің дүние», «Теріс қақпай»), техникалық шеберлікті қажет ететін («Байрақ алды», «Кер бұқа») күйлері белгілі.

Бірнеше күймен тартылатын Есбайдың «Үш ананың тартысы» атты туындысының аңызында Кіші жүздің Үш руының күйшілерін (Әлімұлы, Байұлы, Жетіру) күйімен озып шыққандығын баяндайды. Аталған күйлер Маңғыстауда жиі тартылады.

Зерттеуші С.Өтеғалиева Маңғыстауда бүкілаймақтық салмағы бар танымал күй мектебімен бірге жергілікті сазгерлер мектептері бар деп мәлімдейді.

Шоңай мектебі.

Солардың қатарында I күйшілік мектеп – Есір Айшуақов атымен байланысты (Шоңай мектебі – адай руының тармағы). Күйші туралы жеткен деректерден Есір Маңғыстаудан

көп ұзап кетпегендігі, күйшілігімен қоса зергер болғандығы, өзінің 13 күйі осы заманға ұмытылмай жеткендігін баян етеді. Олардың арасында «Әлди бөпем», «Ақжелең», «Шалқыма», «Сайға бұқтым», «Қызыл қайың».

Ал сазгердің шығармашылығының шыңы – бір аңызбен күйшінің айдалғандығын әңгіме ететін: «Қос қайырған» (ауылымен қоштасуын), «Манатау», «Ақжарма» (туған еліне оралуы) тармақты күйлер тобын атауға болады.

Есірдің күйлерін осы заманға жеткізіп таратушылардан Арал Тағаниязұлы (1818-1911), жыршы әрі сазгер Шамғұл Ибраимов (1891-1967), Алым, Сержан Шәкіратовтар (жыршы, сазгер, күйші) атауға тұрады, соңғысы тартыс-күйлерді шебер орындаған.

Жанай мектебі

II күйшілік мектеп – Өскенбай Қалмамбетов (Жанай мектебі) атымен аталады. Бұл мектептің өкілдері түркмен саздарын, қазақ аңыз-күйлерінің түркмен нұсқасын, Науаи әуендерін орындады. Қағыстарында жалпы ойнау ерекшелігінде дутар музыкасының әсері көп. Өскенбай репертуарында 200 күй, ән, дастандар болды. Түркменстан, Батыс Қазақстан жерлерін көп аралаған. Күйшілерден Есірмен, жырау, ақын Сәттіғұл, Қашағанмен кездескен, сонымен бірге Құрманғазы, Дәулеткерей күйлерін де жетік меңгеріп түркмен бахшысы Қолыбаймен күй тартысқан. Өскенбайдың шәкірті бел баласы М.Өскембаев адайдың күйшілік және түркменнің дутар музыкасының білгірі танылып, Түркменстан мен Қарақалпақстанға аты жайылған. Репертуарында 300 күй оның ішінде қазақ күйлері мен түркмен саздары, аңыз-күйлердің сирек орындалатын нұсқаларынан «Ақсақ құлан», «Жабай ұшқан», «Өрелі мая», күй-тартыстар, науаи әуендері болды.

Змектеп – Байшағыр тұлғасымен байланыстырылады. Есірдің замандасы Байшағыр жыр-күйге, ән-күй жанрларын дамытты.

Шәкірттері: Мойын, Қауымбай, Жүзбай.

Маңғыстау күйшілік дәстүрінің жанрлық күй топтары

- Аңыз-күйлер тобында «Нар идірген», «Ақсақ құлан», «Жабай ұшқан» мен «Өрелі мая» күйлерінің түркмен нұсқасы;

- Тартыс күйлер. Бұл күйлер тобында екі күйшінің сайысын бейнелейтін және бірнеше күйден тұратын күрделі шығарма (ондай күйлерге «Үш ананың тартысы», «Қолыбай бахшы мен Өскенбай тартысын» атауға тұрады). Мұндай тармақты күйлерде мұңды, зарлы сарындар басым болғандықтан, олар секунда, унисон интонацияларын және ілме, сүйрете қағыс қолдану арқылы жеткізіледі (Есір «Ақжарма»);

- Түркмен күйлерінде:

а) түркмен перне

б) түркмен ладтары (пернелері) қолданылады. Олар «гырklar» (үлкейтілген секундасы бар), «науаи» (алтыншы сатысы жоғарыланған);

в) ырғағында триоль, пунктирлі ырғақтар басым;

г) түркмен саздарына тән вариантты ән құрылымында (ABA1B1) дамиды.

- ән-күй, жыр-күй – ол ән мен жыр мақамының аспаптық нұсқасы, лайықтамасы болып, ән, жыр әуені күйдің әуендік негізін құрайды. Мұнда сөздің айтылу мәнері ырғақтық өрнек арқылы сөйлейді. Күйдің құрылымы ән мен жыр құрылымына тәуелді. Ырғағы қарапайым, біркелкі, төрт-бес күй сазынан құралады.

- Науаи күйлері – «Науаи» сөзі әуен мағынасын береді. Х.Сыдықовтың пікірінше бұрын осы аттас алпыс шақты күй белгілі болса, қазіргі кезде алтауы ғана жеткен. Олар «Қарт Науаи», «Бала Науаи», «Тел Науаи», «Тамшы Науаи», «Шер Науаи», «Қақпалы Науаи». Осы күйлер тобы тек қана Өскенбай мектебінің өкілдерінен табылады.

Қорытынды: Қазақ музыкасының күрделі түрі күй өнерін зерделей түскен сайын жаңа деректер, зерттеудің жаңа әдістемелерімен толықуда. Музыкатану, күйтану ғылымындағы ғалымдардың негізді сан-салалы еңбектері бұл ұстанымды айқын бағытты танытады.

Маңғыстау өлкесі күйшілік өнерінің ерекшеліктерін, дәстүрлі күй өнерімен сабақтастығын, жалпы халық, ел тарихымен өзектестіре қарастыру күй өнерінің жаңа қырларын анықтауға септігін тигізді.

Маңғыстау өңірінің күйшілік өнері жалпы төкпе күй дәстүріне жатқанымен, өзіне ғана тән стильдік, орындаушылық, құрылымдық айырмашылығымен дараланады. Мәселен, осы адай күйлеріндегі «шалыс қағыс», «сүйретпе қағыс» басқа өңірде байқалмайды. Төкпе күйдің «Бөкейлік», «Аралдық» дәстүрлеріне қарағанда «маңғыстаулық» үрдісте күйшінің

орындаушылық мәнеріне, оның дене қозғалысына, екі қол шеберлігіне үлкен мән беріледі. Күй тарту кезінде қағыстар мен оң қолды түрліше ойнату тәсілдері шағын музыкалық театр іспетті әсер беріп, күйшіден үлкен шеберлікті, ептілікті қажет етеді.

Маңғыстаудағы күйшілік өнерде «Шоңай мектебі» деп аталатын күй орындау дәстүрі бар.[25; 19 б.] Бұл дәстүр адайдың шонай руынан шыққан күйшілерге байланысты аталса керек. Осы мектептің ең көрнекті өкілі – Есір Айшуақұлы.

«Есір – қазақ күй өнерінде саусақпен санарлық дарындардың жеткен биігіне көтеріліп, әлденеше шәкірттің ұстазына айналған, «Шоңай» домбыра мектебін дүниеге әкелген өнердегі дара тұлғалардың бірі»[31; 26 бет.]

Есір күйлерінің кең алқапқа көп тарамғанының басты себебі, ол ел аралап, күйін кәсіпке айналдырмаған адам. Туған өңірінен көп алысқа шықпай, өз тұстастарынан бөлектеу өмір сүрген. Малға кедей болса да құдық қазып, су тартып, бау-бақша өсіріп, ұстахана ашып, қол өнерді кәсіп қылған. Бар өмірі еңбекпен өткен момын Есір, өз күйлерін үйінде отырып, ұстахана ішінде, бақшасының тұсында шығара берген. Оның күйлерін нақтылы үйреніп, елге тарататын шәкірттері де аз болған.

Есірдің күйшілік мұрасы – Маңғыстау дәстүрінен өрбіген өзіндік сазды, орындалу мәнері күрделі, саздық тілі бай, асыл қазына.

Ол Хиуа хандығына барып, біраз жүріп, сондағы көрген-білгендерін күй тілімен суреттейді. Осы сапарында ол бес күйден тұратын күй тізбегін шығарады. Олар «Қос айырған», «Тоғыз түйеші», «Көктөбе», «Манатау», «Ақжарма» деп аталады.

Есір күйлері бірнеше толқын орындаушылар қолынан өтіп келеді. Бүгінгі күнге Есір күйін жеткізушілер Арал, Есбай, Өскенбай, Бегімсал, Қартбай, Көпендер болса, олардан Нәби, Атанғұл, Байғали сақтап, Шамғұл, Мұрат үйренген. Қазіргі кезде Есір күйлерін Сержан Шәкіратов, Избасар Шыртанов, И.Шамғұлов, Қ.Тасболатов, Қ.Ахмедияров, О.Борашевтар шебер орындаған. Есір күйлері халықтық музыка өнерінің алтын қазынасына айналды.

Рухани мұрамыздың алтын қазыналарының бірі – Маңғыстау күйлері әлі талай сан ұрпақты сусындата бермек.

Қазақ күй керуенінің айрықша бір саласы маңғыстаулық күй тарту мектебі орындаушылық және құрылымдық тұрғыдан да аса күрделі әрі өте терең. Сезімдік бейнелер тудыру қасиеті де келісті. Сондықтан болар, бұл өңір күйлеріне кез келген домбырашы қол соза алмайды.

5. Бастапқы түсіндіруді тексеру: 7 минут

- Маңғыстау дәстүрлі күйшілік мектептеріндегі өңірлердің ерекшелігі?
- Маңғыстау күйшілік мектептерінің өкілдері?

6. Үй тапсырмасы: 5 минут

Маңғыстау күйшілік мектебі жайында жазылған зерттеу еңбектер, мақалалар оқу. Абыл, Шоңай, Жанай мектептерінің басқада өкілдерін анықтау.

7. Дәріс қорытындысы: 3 минут

Сабақтың өтілу барысына, білім алушылардың жұмысына қысқаша баға беру, дайындалып оқығанның басты идеясын еске салу.

ӨРУ ӨНЕРІ. ӨРУ ТҮРЛЕРІ. МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ТАНЫСУ.

Жумабаева Ляззат Таттығалиевна

Бөлім	Көркемөнер
Педагогтің Т.А.Ә (бар болған жағдайда)	Жумабаева Ляззат Таттығалиевна
Күні	19.12.2023ж.
Секция немесе үйірме атауы, топ	Қолөнер
Сабақтың тақырыбы:	Өру өнері. Өру түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5мин	<p>Оқушылармен сәлемдесу. Құндылықтарды еске түсіру. Оқушыларды жаңа тақырыппен оқу мақсаттарымен таныстыру.</p> <p>Бүгінгі сабақтағы іс-әрекеттерін атап шығу. Назарын аудару үшін оқушыларға түрлі техникада орындалған суреттер тарату. Осы арқылы оқушыларды топтарға бөлінеді.</p> <p>Өру түрлерімен таныстыру: макраме, ағаш шыбықтарынан, газет түтікшелерінен, шілтер, бисер тоқу және т.б. Сонымен қатар, өруге арналған материалдар түрлерімен, олардың табиғи және жасанды болып бөлінуін: әр түрлі фактуралы және жуандықтағы жіптер, жүгері собықтарының қабығы, былғары баулар, дәстүрлі емес материалдар (пластик ыдыстардан, полиэтиленді пакеттерден жасалған жіптер, газеттен жасалған түтікшелер) жайлы мәлімет беремін.</p>	<p>Оқушылар сабаққа құрал-жабдықта рын дайындайды. өруге арналған материалдар түрлерімен, олардың табиғи және жасанды болып бөлінуін: әр түрлі фактуралы және жуандықтағы жіптер, жүгері собықтарының қабығы, былғары баулар, дәстүрлі емес материалдар (пластик ыдыстардан, полиэтиленді пакеттерден жасалған жіптер, газеттен жасалған түтікшелер) жайлы мәлімет алады</p> <p>Сұрақ-жауап кезеңі</p>	<p>Өзін-өзі бағалау</p> <p>Өзін-өзі бағалау</p> <p>Мадақтау сөздер</p>	<p>Қосымша Топтарға таратпа материалдар. иллюстрациялық материалдар: бисерден, макраме және т.б. орындалған бұйымдар</p>

<p>Сабақтың орта-сы 5 мин</p> <p>15мин</p>	<p>Макраме (фр. Macramé-өрнектеп тоқу) — белгілі ретпен орналасқан әр түрлі түйіндердің көмегімен тоқу. Түйін тоқу арқылы әр алуан өрнек шығаруға болады. Тоқу үшін әр түрлі жуандықтағы жіптер, баулар, таспалар пайдаланылады.</p> <p>Өру – плетение – Embroidery, Макраме – Macrame, Түйін түрлері – Виды узелков - Types of knots</p> <p>Өру схемаларындағы шартты белгілер мен оларды оқу негіздерімен таныстыру. Тапсырма Қарапайым өру үлгілерін жасау. Өру және сұлбаны оқу бойынша бірнеше жаттығулар орындау.</p> <p>Өрілген бұйым жасауға қажетті негізгі материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау.</p> <p>әстүрлі емес материалдарды да қолдануға болатынын түсіндіру. Оқушылар әсерлерімен, сезімдерімен бөлісіп, өруге арналған әртүрлі материалдар түрімен жұмыс жасау бойынша өз ойларын айтады.</p> <p>Бұйымды өруге арналған сұлба мен нобай жасайды. Оқушы жұмыс барысында материалын, түсін, өру техникасын өздігімен таңдайды. Өру техникасында орындалатын бұйымның нобайы мен сұлбасына байланысты материалды, құрал-жабдықтарын дайындайды.</p> <p>Дифференциация: бұйымдағы қарапайым, орташа және күрделі өрнекті өру орындау ұсынылады.</p>	<p>Оқушылар өру түріне байланысты материал таңдайды, мысалы макраме, шілтер өруге арналған жіптер т.б.</p> <p>Оқушы материалды және өру сұлбасын орындағаннан кейін, бұйымды орындау кезеңдерін жоспарлайды. Сұлбалармен жұмыс жасау барысында оқушылар түрлі түстермен өру түйіндер мен кейбір орындарын белгілей отырып, қажетті өрілім түрлеріне назарын аударып отырады</p>	<p>өру өнері туралы білімін көрсетеді; *өрудің бірнеше тәсілдерін меңгерген; *түрлі өру өнеріне байланысты материалдар мен құрал-жабдықтарды біледі және ажырата алады; *шығармашылық жұмысты ұқыпты орындайды; *өз идеяларын бірнеше ізденіс нобай ретінде келтіре алады; *Өз іс-әрекетін жоспарлай алады.</p>	<p>түйрегіш тер, қайшылар, сантиметрлік бау, тығыз нығыздалған жастықша</p>
--	--	---	---	---

Сабақтың соңы 5 мин

Кері байланыс. «Екі жұлдыз – бір тілек» әдісі арқылы сабақтың ұтымды тұстарымен келесі сабақта жақсартуға болатын тұстарына ұсыныс жаза алады.

Өз ой пікірлері стикер

АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ ТРЕНИНГТЕР (ШЕБЕР СЫНЫП)

«Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі» МКҚК
театр өнері сыныбының мұғалімі
Жұматай Жәнібек Жанғазыұлы

Театр өнері- әдеби шығарманы (пьесаны) сахналық әрекетпен, өзіне тән бейнелі театрлық бояу өрнекпен (сахнадағы жарық, декорация, реквизиттер т.б.), пьесадағы оқиғаны жанрға сәйкес әр-бір кейіпкердің мінезі мен эмоциясын (актер шеберлігі), олардың өзара қарым қатынастарынан, қақтығыстарынан туатын талас-тартыс пен іс-әрекеттері арқылы (сахналық қимыл қозғалыс, хореография, би т.б) автордың әрі қоюшы режиссердың пьесадағы негізгі идеясын өз қоғамындағы өзекті мәселелерді айқындай отырып көрермендерге тәрбиелік, рихани, мәдени –эстетикалық тұрғыда көркемдеп жеткізетін қоғамдық-әлеуметтік құрал

Театрдағы басты тұлға – Актёр .

Актёр – пьесадағы берілген жағдайға байланысты әрекет етіп, жеке болмысындағы қасиеттерді пайдалана отырып, таланты мен дарыны, білімі мен ақыл-ой санасы, келбет сұлулығы мен дене сымбаты, сахнадағы іс-қимылы үйлескен, рухани жан дүниесі кең, өмірлік тәжірибесі мол, зейіні қырағы ал қиялы ұшқыр, дауыс ырғағы әдемі, дикциясы таза, сөзге шешен, өз ойын сауатты әрі көркем жеткізе білетін, әр түрлі жанрдағы сахналық образдарды, эмоциаларды, қимыл-қозғалыс арқылы, рухани тұрғыда толықтырып, байытып, өзінің эстетикалық сезім түйсігімен әр-бір образды аша білетін ойшыл суреткер, ірі тұлға болуы керек.

АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ МАҚСАТЫ

Жас жеткіншектерге актёр шеберлігінің қыр-сырын үйрету, жалпы театр өнерімен жақын таныстыру, өнерді сүйуге тәрбиелеу, дене сымбаты мен икемділігін арттыру, эстетикалық талғамын дамытуға көмектесу, қиял әлемін, зейінін, есте сақтау қабілетін арттыру, ішкі ұяңдық пен түйықтықтан, өз-өзіне деген сенімсіздіктен арылуға көмектесу, сахнадағы іс-әрекет пен роль сомдаудағы негізгі қағидалармен таныстыру, таза, анық сөйлеп (дикция, артикуляция), өз ойын толық әрі көркемдеп жеткізуге үйрету, ой-өріс кеңістігін, дүниетанымын (кругозор), даралық қасиеттерін дамыту, жас жеткіншектерге өз орталарында бір-бірімен сенімді әрі сыйластық қатынас құрып, ұжымдастыруға үйрету және т.б.

ТРЕНИНГ

ЗЕЙІН ТЕМПОРИТМ ИМПРОВИЗАЦИЯ КООРДИНАЦИЯ ЭТЮД

Зейін дегеніміз – сананың бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы және шоғырлануы. Зейін шеңбері 3ке бөлінеді. 1. Кіші з.ш 2. Орта з.ш 3. Үлкен з.ш

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту

Шарты: Зейін шеңберіне байланысты көрініс қояды. Басты кейіпкер екі боксшы. Ринг үстіндегі төреші (кіші зейін шеңбері). Ринг сыртындағы төрешілер (орта зейін шеңбері). Бокс көруге келген көрермендер (үлкен зейін шеңбері). Осы зейін шеңберіне байланысты балаларды орналастырып, тапсырма беріледі.

ТЕМПОРИТМ – БҰЛ ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ

Актёрлерде темпоритм деген ұғым бар. Бұл сыртқы немесе ішкі әрекеттің жылдамдығы мен өлшемділігі. Сыртқы әрекет - сырттан көрінетін, физикалық әрекет. Ішкі іс-әрекеттер - бұл, бір сөзбен айтқанда, адамның «ішінде», оның санасы мен жан дүниесінде болып жатқан нәрсенің бәрі. Сырттай жылдам әрекет етуге болады, ал ішкі процестер баяу жүруі мүмкін. Керісінше.

Темпоритмнің 5 жылдамдығымен тренинг жасау жылдамдық қозғалысын реттеуге жаттықтыру;

Өте баяу – қадам аттамай жүру;

Баяу- жарты қадам аттап жүру;

Орташа – 1қадам аттап жүру;

Жылдам - 2 қадам аттап жүру;
Өте жылдам-4 қадам аттап жүру;

ИМПРОВИЗАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ - суырып салмалық – көркем туындыны орындау кезінде өнерпаздың аяқ астынан туындыға өз жанынан жаңалық қосып, оны орындауды жалғастырып әкетуі. Бұл оқушыларды алғырлыққа, тапқырлыққа, сөз саптау шеберлігін шыңдауға баулиды.

Координация дегеніміз – дене мүшелерінің қозғалыс үйлесімділігі. Бұл жаттығуда оқушылар берілген тапсырмаға сай қол, аяқ , бастың қозғалысын біркелкі ретпен қимылдатып, есте сақтауға, айтқанды тез ұғып қағілез болуға дағдыланады.

ЭТЮД дегеніміз – (франц. Etude) – оқып үйрену, жаттығу, зерттеу деген мағынаны береді.

Зат этюды: бір затты тірілту, яғни сен салайын деп жатқан затыңа жан бітіру.

Этюд 2 минуттан басталады 4, 5 минуттан аспағаны жөн, өйткені қызықсыз ұзақ болып кетеді.

Жануарлардан этюд жасау дегеніміз-мысалы, жылқылардың жайылып жүргені немесе қасқырлардың орманда жүргені сияқты көріністерді бейнелеу.

Адам этюд- басы, ортасы, оқиғасы, шиеленісуі бар мимика арқылы, сөзсіз көрініс қою.



Заттық этюд



Жануар этюд

Тренингтер - актерлік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар арқылы театр бірлестігінде оқитын балалардың актерлік қабілеттерін дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Станиславский К. С. Собр. Соч. 8 Т. 5. Мақалалар. Сөйлеу. Жазбалар. Күнделіктер. Естеліктер (1877-1917). М., «Өнер», 1958.

2. Ершов. Актерлік өнер технологиясы. М., 1964.

3. Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, V том

АЗЕРБАЙДЖАНСКАЯ ГАРМОНЬ И КАЗАХСКИЙ СЫРНАЙ

ИШБЕКОВ САЛАУАТ АЙДАРБЕКҰЛЫ
“Алматы облысы білім басқармасының
Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі” ММ
“Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі”
баян сыныбының мұғалімі

В традиционный музыкальный инструментарий азербайджанцев, который отличается большим разнообразием, более ста лет входит так называемая «азербайджанская» или «восточная»/«азиатская» гармонь. В данной статье предпринимается попытка сравнить, как используется инструмент у азербайджанцев и у казахов.

Время появления гармоники в Азербайджане и Казахстане совпадает – приблизительно конец XIX века. Инструмент пришел к нам из России. В Казахстане диатоническая гармоника, завезенная еще в XIX веке, а затем и баян (усовершенствованная гармоника) получили наименование по аналогии со старинным казахским аэрофоном – сырнай. Как пишет Б. Сарыбаев, «у многих народов духовые инструменты носят названия: сур, сурма, зурма, зурна, сурнай, най, нэй, сарнай, сырбаснай» [1, с. 49]. Исследователь также приводит примеры применения слова “сырнай” у казахов для обозначения разновидностей аэрофонов (қамыс сырнай, мүйіз сырнай, саз сырнай и др.) и отмечает: «Позже термином “сырнай” стали называть гармонику и губную гармошку. Например, гармонику казахи называли “қағаз сырнай”» [1, с. 50]. Казахи адаптировали так называемую татарскую гармонь («татар гармон»), представляющую собой местную разновидность вятской гармони, которая подошла как аккомпанирующий инструмент для казахских певцов и акынов.

В Азербайджане, где очень развито инструментальное исполнительство, гармонь проникает в традиционную музыкальную культуру и постепенно становится популярной на рубеже XIX-XX столетий. Как указывается в различных источниках, гармонь получает название «Azərbaycan qamoni». Интересно, что первыми на гармони стали играть женщины. Возможно, одной из причин этого была доступность инструмента, поскольку хордофоны были сложны в освоении (по версии З. Мирзоева). Распространению гармони в Азербайджане способствовало и народное танцевальное искусство, инструмент был очень удобен для исполнения танцевальной музыки во время всевозможных праздников и торжеств. Отметим, что у казахов фактически отсутствовала народная хореография. Одна из причин этого – кочевой образ жизни.

Известный азербайджанский этноорганолог Саадат Абдуллаева отмечает: «после того, как гармонь была привезена из России и адаптирована в Азербайджане для исполнения национальной музыки, она была несколько изменена, и эту работу осуществил знаменитый музыкант и исполнитель Ког Әһəd (Ахад Алиев – С.И.). С помощью бакинского мастера Архипа Карпушкина в 1926 году он усовершенствовал саратовскую гармонику, и с этого момента начинается триумфальное шествие гармони в пространстве национальной музыки» [2].

Азербайджанская гармонь и казахский сырнай

Саадет Абдуллаева подробно пишет о конструкции азербайджанской гармони: «Составные части гармони – корпус, мех, голосовые части и клавишный механизм. Корпус, размером 362x268x195 мм, состоит из правой и левой деревянных рам, на которые крепят и монтируют остальные части инструмента. Мех (көйнек), соединяющий рамы, играет роль воздушного резервуара. Он выделяется из гофрированного картона, обклеенного с обеих сторон тонкой плотной тканью. К правой части корпуса прикреплена планка-гриф, где расположена клавиатура с 18 тоновыми и 12 полутоновыми клавишами (дил). В отличие от русской гармони, восточная гармонь не имеет “наборных” аккордов в левой

руке. Вместо них пользуются кнопками (дуйме), расположенными в два ряда (18 тоновые и 12 полутоновые), нажатием которых получают звуки на октаву ниже, чем извлекаемые правой рукой. Диапазон гармонии от “до” малой октавы до “фа” второй октавы» [3, с. 358]. Как мы видим, у азербайджанцев используется гармоника с клавишами на правой клавиатуре (аккордеонного типа), а у казахов – разновидность с кнопочной правой клавиатурой. Звучание у этих двух типов несколько отличается.

Так, нам кажется, что азербайджанская гармонь удобнее для исполнения мелизмов, которые характерны для мугама. Неслучайно, по-видимому, гармонь стала использоваться в мугамном исполнительстве, то есть в профессиональном музыкальном творчестве азербайджанцев. Известно, что прекрасным исполнителем мугама на гармонии был знаменитый Ахад Алиев (1893-1942 гг.). «Мастера, занимавшиеся в Азербайджане изготовлением и сборкой этого инструмента, привели его звуковую систему в полное соответствие со звукорядом азербайджанской музыки, что в совокупности с тембровой окраской инструмента и широкими техническими исполнительскими возможностями сделало гармонь очень удобным инструментом для исполнения азербайджанской народной музыки, в том числе, мугамов» [4]. Интересно, что 1932 году Ахад Алиев организовал ансамбль «Гармонисты Востока».

Қоғамның жалпы нормаларына сәйкес адамның дыбыстарды дұрыс айту қабілетін анықтайтын нәрсе. Егер адам сөйлеу сөздерін (дыбыстарды) анық, әдемі және т.б. айтса, онда біз бұл адамның жақсы дикциясы бар деп сенімді түрде айта аламыз.

Анық, таза сөйлеу дәрежесіне жету «артикуляцияның», яғни дыбысталу мүшелерінің қызметіне байланысты. Оған: ерін, тіс, иек, жақ, тіл жаттығуларын жасау арқылы кемшіліктерін жоюға болады. Сөз техникасы – дикция, орфоэпия, дем. Орфоэпия – грек тілінде «әдеби тілді бұрмаламай, дұрыс сөйлей білу» деген сөз.

Кейбір дауысты дыбыстардың айтылуымен жұмыс жасап көретін болсақ:

А әрпін айтқанда астыңғы жақ сүйек төмен түседі, тістердің арақашықтығы кішкене ғана ашылады, тіл бос жатады, бірақ тілдің ұшы астыңғы тіске тиеді.

О дыбысы, жақ сүйектерінің арақашықтығы аздап ашылады, ерін біршама алға тартылады және дөңгеленеді, тілдің ұшы төмен түседі.

У дыбысы, жақ сүйектері кішкене ашылады, ерін алға қарай қаттырақ созылады, барынша дөңгеленеді.

Ы дыбысы, тістердің арақашықтығы бір біріне жақынырақ, бірақ аздап ашылады, тілдің алдыңғы ұшы алдыңғы тістерге тиіп тұрады.

Э дыбысы, астыңғы жақ сүйек төмен түседі, тістер аздап ашылады, тіл өзінің ұшымен алдыңғы тістердің астыңғы жағына тиеді.

И дыбысы, ауыз шамалы ашылады, тіл екі тістің ортасында тұрып, таңдай шымылдығы көтеріледі.

Сабағымызда оқушыларға сөздің қадір қасиетін бағалаудан бастап дикция, дем, тыныс, дауыс, екпін заңдылықтарын үйрету үшін бірнеше жаттығулар жасалынады.

Бірінші ауыз қуыстарына, жаққа, иекке, тілге, тіске, ерінге.

Екінші тыныс мүшелеріне жаттығу: мұрынға, кеңсірікке.

Үшінші көкірек бұлшық еттеріне жаттығу.

Әр әріптің өзіне ғана тән үні бар. Әр әріп дыбысталғанда тілдің, еріннің қызметі де өзгеше болады. Демек, әріптерді нақты әрі анық айту үшін беттің, жақтың, иектің, ауыз қуысының бұлшық еттерін босату керек. Бұл ретте айнамен көбірек жұмыс істеген дұрыс. Әріптерді айтқан кезде, айнаға қарап отырып, дыбыстың шығуына байланысты ауыз қуысының, еріннің, жақ сүйектерінің қимылын қатаң бақылау қажет. Демді ішке тартпай, сыртқа шығаруға мұқият болған жөн.

Сабақ барысында жаттығуларға арналған жаңылтпаштарды көбірек пайдаланамыз. Мысалы:

1. Алпыс алты ала баспақ бақтым,
Алпыс алты ала баспақтың ішінде
Тарғыл тарбақбас ақ баспақ бар.
Сол тарғыл тарбақбас ақ баспақты
Мен тарғыл тарбақбас ақ баспақ демей
Кім тарғыл тарбақбас ақ баспақ дейді.
2. Пришел Прокоп кипел укроп
Пришел Прокоп украл укроп.
Как при Прокопе кипел укроп

Так и без Прокопа кипел укроп.

Жаңылтпаштар тек қана сөйлеу мақамын жақсартып қана қоймай, сонымен бірге адамның қиялын да дамытуға көмектеседі. Жаңылтпаштармен жұмыс істеген кезде оқушылар бір қалыпты, бір сарынды дауыспен оқымаулары керек. Жаңылтпаштарды қолданып өткізген сабақтар қызық ойын түрінде өтуі керек.

Жаңылтпашты айтқызуға алдымен оны жаңылмай тез әрі бірнеше рет қайталау қажеттігін ескерген жөн. Баланың тілін дамытып, ойлау қабілетін арттыру үшін бірнеше әр түрлі дыбысқа байланысы білетін жаңылтпаштарын жатқа айтқызу керек. Осы балалар категориясына неғұрлым жаңылтпашты көп қолданса, соғырлым олардың тілі тез ширап, дыбыстарды анық айтатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Станиславский К.С. Актердің өз үстіндегі жұмысы. Көркем әдебиет. М., 1938.
2. Кнебель М.О. Актер шығармашылығындағы сөз. М., Искусство, 1954.
3. Станиславский К.С. Менің өмірім өнерде. Academia, 1933.

«ЖЕҢІС КҮНІ» (ТӘРБИЕ САПАТЫ)

Мұқан Мадияр Абелханұлы
“Алматы облысы білім басқармасының
Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі” ММ
“Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі”
вокал сыныбының мұғалімі

Мақсаты: Балаларға адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу. Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, батырлардың суреттері, Ұлы Отан соғыс кезін сипаттаған бейнероликтер.

Өткізу барысы: Музыка ойнап тұрады.

1 - жүргізуші: Жеңіс күні 9 - мамыр – бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

2 - жүргізуші: Бүгінгі мерекелік шара Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне арналады.

1 - жүргізуші: Аз емес зар жылаған, егілген жан, Аз емес өшкен өмір, төгілген қан. Кеудеге зілді қасірет салды соғыс. Қирады талай арман көңілге алған Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т. б. және де өз жерлестеріміз де бар. Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске алайық. Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан боздақтарымызды бір сәт үнсіздікпен еске алайық. (1 мин үнсіздік) (Сахнадада күй ойналады. Халық, бейбіт өмір көрінісі жүреді)

Видеокөрсетілім: Соғыстың басталуы

1 - жүргізуші: Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. Әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты. Олай болса сұрапыл соғыс және елін, жерін қорғаған майдангерлер туралы өлең жолдарын тыңдау үшін оқушыларға сөз берейік!

1. Алтынбек Айзада: «Майдангерлер»

2. Хаумет Рамазан: «Екеуін де көтерді ол» Ж. Молдағалиев
3. Жанатбек Айкүнім: «Мен соғысты жек көрем!» (Қ. Жұмағалиев)
4. Талпынұлы Даниял: «Соғыс» Қ. Әбдіқадыров
5. Серік Раяна: «Жеңіс күні» Т. Молдағалиев
6. Сәндіғали Алдияр «Болмасын соғыс»
7. Дүйсен Азиза: «Сен құрметте оны»

2 - жүргізуші:

Жабады дала төсін нала, қайғы,

Шын қайғы жөн кәріге қарамайды,

Қып - қызыл көлдің бетін сұңқылдаған

Аққулар қанатымен сабалайды

1 - жүргізуші: Ардагерлерге мың тағзым!

2 - жүргізуші: Жеңістің туы мәңгі желбіресін!

1 - жүргізуші: Жер үстінің шуағы тарқамасын!

«Бейбіт күн тілегі» әні

Сөзі: Жүмекен Нәжімеденов

Әні: Шәмші Қалдаяқов

Орындайтындар: Бейсенбек Айша, Алтынбек Айзада

Екі жүргізуші бірге: Жеңіс тойы мәңгі жасасын! Мерекелік бейбіт күнде кездескенше аман - сау болыңыздар!

«Жеңіс күні» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.

ҰЛЫ ЖЕҢІС ЖАСАСЫН!

Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі Мырзахан Ерасыл Төреханұлы

Сабақтың мақсаты

1. Оқушыларға Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту.

2. Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру патриоттық сезімге баулу

3. Оқушыларды үлкен адамдарды сыйлауға, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі Ой қозғау, әңгіме.

Көрнекі құралдар Үнтаспа, презентация.

Сабақ барысы

Ұйымдастыру бөлімі

Мұғалім сөзі:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Салеметсіңдер ме, балалар!

Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы: «Ұлы Жеңіс жасасын!».

Мұғалім: Құрметті оқушылар! 9 мамыр Жеңіс күні. Бұл соғысқа қазақ жерінен қара көз қыздарымыз бен ұлдарымызды әкетті. Мәлдір аспанды бұлт қаптады. Шаттық әнді қайғылы үнге, нұрлы күнді қара түнге айналдырмақ болып 1941 жылы 22 маусым фашистік Германия Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Отанымызға қатерлі күн туды. Дүниедегі бейбітшілік бағына сұрапыл соғыс қаһарын төкті.

Суық хабар сол күні байтақ елімізге, жер – жерлерге, ауыл – селоға тарады. Ер – азаматтар асығыс соғысқа атанды. Кейбірі өздері сұранып кетті. Қасиетті жеріміз, бейбіт еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасық қаны, шыбырдай жаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. Қаншама адамның өмірін жалмады. Міне, осынау елімізге лаң салған алапаттың жеңіспен яқталғанына биыл 78 жыл толып отыр. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызға асқар таудай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауы тиіс.

Дәл осынау жадыраңқы жай күні
Болса дағы қай ғасырдың қай жылы.
Ұлы Отаным басым иіп бір минут
Есіне алмақ сол бір апат қайғыны.

Жүргізуші:

Отанымызды қорғау үшін Совет Одағының патриоттары майданға аттанды. Барлық халық майданға көмектесі. Партизан отрядтары құрылды. «Бәріде майдан үшін» - деген ұран тасталды. Осы қатыгез майданымызға қазақтың қара көз қыздары қатысты.

1-оқушы:

Мәншүк туралы қысқаша шолу.

Мәншүк 1922ж. Батыс Қазақстан облысы Орда қалашығында туған. Оның балалық шағы Алматы қаласында өтті. 1942 жылы өзі сұранып майданға аттанды. 1943 жылы қаза тапты. Оған Кеңес Одағының атағы берілді.

2-оқушы:

5.Әлия 1924 жылы Қобда ауданы, Көкбұлақ деген жерде туған. Екі жасында жетім қалып, Әубәкір деген ағасы өз қолына тәрбиеге алды. Кейін ол ағасы Санкт-Петербург деген қаласына көшіп кетеді де, Әлия сол қалада оқиды, отбасының жағдайына байланысты Әлия кейін балалар үйінде тәрбиеленеді.

Әлия ерекше ұстамды зерек жаңалыққа бой ұрғыш болып өседі. Соғыс басталғанда небәрі 17 жаста болған. 1942 жылы өзі сұранып атқыштар мектебіне оқуға түседі, оқуын бітіріп майданға барады. 1944 жылы қайтыс болады.

3-оқушы:

Хиуаз Доспанова 1922 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. 1940 жылы Оралдағы орта мектепті үздік бітіріп, запастағы ұшқыш куәлігін алған. Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери әуе академиясына аттанады. Алайда жолы болмай, Мәскеудің медициналық институтына түседі. Осы кезде соғыс басталып, Хиуаз майданға медбике болып баруға сұранады. Атақты ұшқыш Марина Роскованың авиация тарихындағы тұңғыш рет қыз-келіншектерден авиапөлк құрып жатқандығын естіп, соған асығады. Хиуаз осы полктің жауынгерлік құрамына қабылданып, Саратовтағы әскери әуе училищесіне жіберіледі. Сөйтіп, 1942 жылдың 27 мамырынан бастап, Оңтүстік майданда шайқасты.

20 мамыр 2008 (86 жас) қайтыс болды.

(Бейнетаспалардан үзінді көрсетіледі.)

Оқушы:

- Отанға жаулар қаптады,

Опасыз дұшпан тапталды.

Қасиетті жер үшін,

Қастерлеп батыр ел ісін,

Әлия, Мәншүк, Хиуаздар

Жаулардың көзін жойды олар.

Қорытынды сөз

Жеңісті елге әкелген ағалар да

Тіпті азайып кетті ғой амал бар ма?

Барларына гүл сыйла, ал жоқтарын

Даңқ бол, - деп табыста замандарға, -дей отырып, тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Құтты болсын Жеңіс күні!

Қатысқандарыңызға рахмет!

Кері байланыс

- Сабақ ұнады ма?

- Қандай ой түйдіңдер?

ГАММАМЕН ЖҰМЫС

«Алматы облысы Білім басқармасының
Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ұзынағаш ауылындағы
өнер мектебі» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны
Кларнет, саксофон сыныбының
мұғалімі: Оразғұлов Еркебұлан Қаржаубайұлы



Кларнет сыныбын жүргізетін ұстаздың негізі мақсаты музыкант тәрбиелеу. Аспапта ойнауға үйретумен қатар оқушыға эстетикалық тәрбие беріледі. Олардың көркем шығармалардағы әдемілікті сезінуі өз музыкалық қабілетін дамытуына, үрмелі аспаптарда орындаушылық шеберлігін жетілдіруіне ықпал етеді. Музыкалық көркем шығармалардың мәнін терең түсінбей музыкант тәрбиелеу мүмкін емес. Аспаптың техникалық көркемдік мүмкіншілігін білу, оны шығарма мазмұнын ашу үшін пайдалану болашақ кәсіпқой немесе әуесқой музыканттың шығармашылық жұмысының нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу жүйесінде берілген тапсырманы оқытушының басшылығымен орындалуы үшін және дамыта оқыту принципінің негізі боп табылатын ойлау

қабілетін дамыту мақсатында шығармамен өз бетінше жұмыс істеуге үйретіп, олардың шығармашылық белсенділігін арттырып, техникалық қиындықтарды жеңуге бағытталған.

Балалар сөзге қарағанда, қимылды тез қабылдайды. Сол себептен теориялық түсініктемелер қысқа тұжырымды болып, міндетті түрде аспапта ойнап көрсетіліп отыруы керек. Әр жаңа шығарманы балаға мұқият түсіндіріп қана шектелмей, іс жүзінде ойнатып, ұғындырып жіберген жөн. Дыбыс қатарын (гамма мен арпеджиосы) оқушыларға нота үйренген кезеңнен бастап таныстырған жөн. Іс – тәжірибемізде осы жалаң техникалық жаттығуларды жаңадан оқи бастаған оқушыларға ойната беру олардың музыкаға деген ынтасын жойып жіберетін кездері болатынын да байқап жүрміз. Сондықтан, оларға алғашқы дыбыс қатары мен аккорд дыбыстарына негізделіп жазылған әуендерді берген пайдалы.

Дыбыс қатарына негізделген әуенде дыбыс қатары менарпеджиоға негізделіп жазылған әуендер оқушыны поэзиялық ойлау негізінде оқытуға жағдай жасайды. Бұл оқушының аппликатурасы дұрыс ұйымдастыра отырып, саусақтардың ретті түрде ойнау дағдысын меңгеруіне жол ашады.


Гамма — бірінші және соңғы ноталары бір бірінен бір октава арақашықтықта орналасқан ноталар қатары. Кең тараған гаммалардағы көршілес сатылардың арасындағы интервал жарты, бүтін немесе бір жарым тон болуы мүмкін. Музыка мектептерінде гамма деп ұзындығы бір немесе бірнеше октава болатын өспелі немесе кемімелі ноталар қатарын атайды. «Гамма» сөзі (грек әріпі γ атына сай келеді) музыка теориясында Х ғасырда сол кездегі ең төменгі нотаны (қазіргі белгілеу бойынша G, яғни үлкен октаваның соль нотасы) белгілеу үшін пайда болған.

Гамманың орындаушыға маңызы

Гамма — орындау өнерінің іргетасы. Кларнет гаммалары — кларнетшілерге арналған арнайы жаттығулар. Техникалық дамудан басқа, олар музыканттардың практикадағы музыка-теориялық білімдерін жетілдіреді. Яғни, оқушы барлық үндестіліктерді тезірек ұғады, кілттегі диездер мен бемольдардың саны оны қорқытпайтын болады, ол мажор мен минорды, мелодиялық және гармониялық қатарларды тезірек ажырататын болады. Сонымен қатар, механикалық немесе автоматтық есте сақтау қабілеті дамиды, аппикатуралар оңай жатталады. Өз кезегінде, бұл оқушының ұзақ шығармаларды үйренуін

жеңілдетеді, саусақ қимылының тездігін, координациясын арттырады. Сонымен қатар, жиі жаттығулар бұлшық еттердің көнбістігін дамытады. Бұл спортсмендердің немесе баллериалардың концерт алдындағы дене шынықтыруы сияқты маңызды жаттығу, себебі кез-келген жаттығудың алдында денені «қыздырып» алу керек.

Өздеріңіз білетіндей, музыка мектебіне келетін 6-8 жас аралығындағы балалардың көпшілігі алдымен магнитофонда жаттығады, содан кейін кәсіби аспапқа ауыстырылады: флейта, кларнет, гобой, керней т.б. Дәл осы бастапқы оқыту кезеңінде оқушылардың орындаушылық техниканың іргетасы қаланады, дағдылар қалыптасады және бекітіледі. Сондықтан орындалу сапасын бақылау өте маңызды. Бірден дұрыс емес және қажетсіз қозғалыстарға жол бермей, тек орынды қозғалыстарды енгізу керек. Атқарушы аппараттың еркіндігін ұдайы қадағалап, қандай да бір таршылық пен шектеуге жол бермеу қажет. Басқа музыкалық аспаптарға қарағанда үрмелі аспаптар орындаушылары денедегі ағзалардың қызметін пайдаланады, жүрек пен өкпе жұмыс істейді, сондықтан жұмыста қысқа үзіліс жасау өте маңызды.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Михайлов Л. Саксофонда ойнау мектебі. - М.: Музыка, 1975.
2. Мозговенко И.П. «Кларнетке арналған хрестоматия 1-3 сыныптар. Пьесалар.
3. Кларнет үшін этюдтер А.30 штарк. Рига, 1975 Кларнет үшін этюдтер А.30 штарк. Рига, 1975

«...ӘННІҢ ДЕ ЕСЕРІ БАР, ЕСТІСІ БАР...» АБАҰ

Д.А.Рақымбай

Бөлім	Ұлтаспаптар
Педагогтің Т.А.Ө (бар болған жағдайда)	Д.А.Рақымбай
Күні	04 қараша
Секция немесе ұйым атауы, топ	Дәстүрлі өн
Сабақтың тақырыбы	«...Әннің де есері бар, естісі бар...» Абау

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1. Ұйымдастыру кезеңі 3 мин	а) Оқушымен амандасып, сабаққа дайындығын тексеру. б) Аспаптың құлақ күйін келтіріп, оқушыға беріп, дұрыс отырғызу. Өтілетін тақырыппен таныстыру.	Оқушы өн айтуға ынғайланып отырып, аспабын дайындайды; Домбыраның құлақ күйін келтіреді;	Жарайсым!	
2. Өткенді пысықтау 5 мин	Өн айту тынысы әдеттегі тыныс алудан айтарлықтай ерекшеленеді. Күнделікті өмірде адам еріксіз дем алады, өн айту кезінде тыныс алу әншінің еркіне толығымен бағынады.	Тыныс алу жаттығуларын оқушы орындайды;	Жарсы!	Көпқолм. Әншілік өнердің тарихы Әлістеминов өздел.
3. Жаңа сабақ Кіріспе әңгіме 5 мин	Өн үйрену Абайдың «Сегізаяқ» өлеңінің алғашқы қатарларын тыңдайды. Өлеңнің мазмұнын түсіне отырып тақырыпқа болжам жасайды. Өлең өзегінен «өмірді көрегендікпен тани білу, шындық пен әділеттілікті сарыла іздеу, халықты «түзу жолға», мәдени, прогрестік даму жолына, шығуға бағыттау сияқты аса маңызды идеялар айқын танылады, ал өңмен айтылғанда оның басталуы бар, шарықтау шегі бар, аяқталуы бар симфониялық поэма түріндегі шығарма.	Оқушы жаңа сабақ, яғни, өн туралы оның авторы туралы мағлұмат алады.		«Нашкомер» Р.Степанович «Сарыарқа» М.Абылғазы
4. Жаңа сабақты өткізу барысы 15 мин	Әнді бірге айтып үйрену Ауыз резонаторы өн айту кезінде дауыстық вокал түсі үшін қолданылады және мұрын резонансымен үйлесімде алға қарай орналасу немесе маска резонансын жасайды. Алдымен аспапсыз айтып көрелік.	Тыныс алу жаттығуларын орындайды. Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап бойға жайылған. Қиудан шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған — Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл.	Дұрыс!	Өн дәстүрі
5. Бекіту 5 мин	Дем алу өн айту кезінде қалыптасады. Дем алу өн айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі.	Домбырамен қосытып әнді бірге орындайды.	Жарайсым!	

	Домбырамен қосылып әнді бірге орындаймыз.			
6.Қорытынды 5 мин	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Бүгінгі тақырып неге «...<u>Әннің</u> де <u>естісі</u> бар, <u>есері</u> бар...» деп <u>алынған</u>? ✓ Қандай ой түйдің? ✓ Әнді үйренуде қандай қиындықтар болды? ✓ Әннің сөзінің тәрбиелік мәні бар ма? Болса не туралы айтады? 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Тақырып туралы өз ойын айтады; ✓ Өзіндік пікіріне дәлел келтіре алады; ✓ Дәлелді нақтылау үшін өмірден мысал келтіре алады; <p>Қорытынды шешім айта алады.</p>		
7.Үйге тапсырма 2 мин	Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің сөзін жаттау.Әнімен айтып үйрену.	Дауыстың табиғи таза шығуына,әнді мәнерлі орындау шеберлігін дамыту үшін дайындық жаттығуларын жасап үйренеді;		

ЖАМБЫЛ ӘНДЕРІНЕН ҮЗІНДІ

Сағымбаев Жанат Осанович

Сабақтың мақсаты

- а) Оқушыларға жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өлеңдері туралы мәлімет беру.
- ә) Ақынның әндерінің идеясы, мазмұны туралы түсініктерін кеңейту.
- б) Ақынның өлең жолдары арқылы оқушылардың бойындағы өнерге деген қызығушылықтарын нығайту.

Сабақтың түрі Ойқозғау, әңгіме.

Көрнекі құралдар Үнтаспа, презентация.

Сабақ барысы

1.Ұйымдастыру бөлімі

Мұғалім сөзі:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Бүгінгі тәрбие сағатымызда Жамбыл Жабаев туралы пікір алмасып, ақынның өлеңдерінің шығу тарихымен танысып, әндерін айтатын боламыз.

Бүгінгі тәрбие сағатымыдың – «Жамбыл әндерінен үзінді».

(Тақырып төңірегінде бірнеше сұрақтар қойылып, әңгіме жүргізіледі.)



Жамбылдың қандай әндерін білесіңдер?

Балалар туралы өлеңін кім жатқа айта алады?

(Оқушылардың жауабы тыңдалады)

Бейнекөрсетілімге назар аударайық.

- Не байқадыңдар?

- Жамбыл атаның балаларға деген мейірімі

туралы не айтар едіңдер?

Балалар, аманбысың шырақтарым,

Майысып көлге біткен құрақтарым!

Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,

Ішінен асып кетсе бір аптаның.

Қонаққа келді міне Жамбыл атаң,

Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,

Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған
Қуанып жастығына сендей ботам.
Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су —
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ.
(Әуенін қосып айтқызу)
Мұғалім түсіндірмесі:

Жамбылды нағыз ақын ретінде байтақ елге танытқан, оның есімін бүкіл Жетісуға, Қырғызстанға, Сыр бойына таратқан өнері – оның айтыстары. Ақындармен айтыс Жамбылдың суырып салмалық дарынын шыңдады, ақындық шеберлігін арттырды, азаматтық өресін өсірді және тақырып аясын кеңейтті. Жамбылдың Сайқал қызбен, Жаныс ақынмен, Бөлектің қызымен, Бұрым қызбен, Айкүміспен, Сарамен, Сары ақынмен, Шыбылмен, Бөлтірікпен, Майкөтпен, Сарбаспен, Құлмамбетпен, Доспамбетпен, Шашубаймен, т. б. айтыстары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды.

Оның айтыстарында қыз бен жігіттің қайым айтысы да, түре айтыс та, сүре айтыс та бар. Осының қай-қайсысында да Жамбыл өзінің нағыз майталман, кестелі сөздің шебері, әрі ұшқыр ойлы, тапқыр шешен екенін көрсетеді.

«Уғай-ай» – жер жаннаты Жетісуға кең тараған кәусар әуезді әндердің бірегейі. Кезінде бұл ән Жамбылдың құштар сезімді үнімен ел жүрегіне аңыз боп тараған еді. Оны зерделі жандар: «Уғай-ай» Жамбыл мен Нұрбек байдың қызы Сараның айтысынан бері қарай аян болған ән ғой?» деп еске алып, әңгімелейді.

Мерекелік көңіл-күй әлі басталған жоқ, ал Жамбыл ауылды атпен баяу жүріп өтіп, ұзақ жолдан кейін тоқтап, демалуға болатын киіз үйді таңдап, бір киіз үйдің әдемі, дауысты, әйел әнін естіді. Ол киіз үйге кіріп, ондағы қыздардың үлкен тобын, олардың арасында ән салатын сұлулықты көрді. Бұл бай Нұрбектің қызы Сара болатын. Ол әнін үзіп, иығына домбырамен кірген, қарапайым киінген ақынды мұқият қарап, әзіл үшін қызық қыздардың көңілін көтеру үшін оған қайым өлендегі мотивіне қарсы шығуды ұсынды.

Сара: Нұрбек байдың қызы едім, атым – Сара,
Жеке келген бәйгіден мен бір дара,
әй, уғай-ау уғай, әй, уғай, уғай-әй, уғай!
Өзің білмей кісіден жөн сұрайсың,
Қайда кеткен ақылың, байғұс бала,
әй, уғай-ау уғай, әй, уғай, уғай-әй, уғай!
Жамбыл: Нұрбек байдың қызы едің – атың Сара,
Жеке келген бәйгіден сен бір дара.
әй, уғай-ау уғай, әй, уғай, уғай-әй, уғай!
Жанамалап қасыңа келіп қалдым,
Бұл баланы жүргейсің есіңе ала,
әй, уғай-ау уғай, әй, уғай, уғай-әй, уғай!

Кейін осы әуенмен айтылып жүрген Жамбылдың Уғай-ай әнін Қанат Айзере орындайды.

Кеңес Одағының халық әртісі, халқымыздың бұлбұлы Күләш Байсейітованың Жамбылға сәлем бере барғандағы ұлы ақынмен кездескен кездегі Күләшқа арнаған өлеңі ән болып шырқалуда.

Осы әнді Қалдархан Нұрмұханның орындауында тыңдап көрелік.

Жамбыл Жабаев
Бұлбұл
Қызым келді қасыма қызғалдақтай,
Жүрер ме екен кәрінің сөзі жақпай?
Сені тапқан анаңнан айналайын
Бір мін жоқ мүсініңде арғымақтай.
Ән маржанын шашқандай,
Күй теңізі тосқандай.

Аялап Отан өсірген,
Мыңдаған қыз бен ұлы бар.
Отанымның бір гүлі,
Құс дауысты бұлбұлы,
Күләш сынды қызым бар.

Қорыту

(Бейнекөрсетілімнен Угай-ай әнін тыңдау)

«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз»

Кері байланыс

- Бүгінгі тәрбие сағатының қандай ой түйдіңдер?


- Ақын «Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су—


Бәрі де сендердікі деп не үшін айтқан? - деп ойлайсыңдар?

(оқушы ойлары тыңдалады.)

ТӘТІМБЕТ «ҚОСБАСАР


А.З.Султанбаев

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1. Ұйымдастыру кезеңі 3 мин	а) Оқушымен амандасып, сабаққа кіргізу. ә) Сабаққа қажетті құрал-жабдықтарды алып, оқушыны сабаққа дайындау. б) Аспаптың құлақ күйін келтіріп, оқушыға беріп, дұрыс отырғызу	Оқушы аспабын дайындайды; Құлақ күйін келтіреді;	Ауызша мадақтаулар Жарайсың!	Слайд
2. Өткенді пысықтау 5 мин	а). «С диг» гаммасын әр түрлі штрихтарда оқушыға санатып жатқа тарттыру. ә). Өткен сабақты қайталау;	Тапсырманы оқушы аспапта орындайды;	Таласпа!	
3. Жаңа сабақ Кіріспе әңгіме 5 мин	а) Оқушыға жаңа сабақ, яғни күй туралы оның авторы туралы түсінік беру. Тәттімбет Қазанғапұлы (1815 – 1862) Қазіргі Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданында өмір сүрген халық күйшісі. Шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық аспаптық музыкасының күйдің классигі. Орта шаруа отбасында туған. Домбырашылық өнер арғы атасынан дарыған. Ән – күйге бала кезінен құмар болды. Алғаш домбыра тартуды Әлиден (әкесінің інісі) үйренеді. Тәттімбет тек күйші ғана емес, сөзге ұста, шешен, шыншыл, әділетті көксеген ақын жанды сері адам болған. Тәттімбеттің 40 тан астам күйі бар. Оның күйлері лирикаға толы адам сезімін , табиғатты суреттейді. Сол күйлерінің ішінде «Қосбасар» деген күйдің бірнеше түрін шығарған. Күйлері: «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Сыңылдақ», «Былқылдақ», «Бес тере», «Көкейкесті», «Боз қанғыр» т.б. Тәттімбет күйлерін насихаттаушы домбырашылар: Ә.Хасенов, М. Хамзин, У.Бекенов .	Оқушы жаңа сабақ, яғни күй туралы оның авторы туралы мағлұмат алады. 		«Сарысарқа саздары» Тәттімбет тегісізіндегі күйлер жинағы «Домбыра үйрену мектебі» А.Жайытқов
4. Жаңа сабақты өткізу барысы 15 мин	«Қосбасар» күйінің шығу тарихы Бұл күй туған жер табиғатын, адам өмірін суреттейді. ә) Күйді ұнтаспадан тыңдату және жай екілде өзім орындап көрсетемін.	Аспапта ойнап, мұғалімнің көрсеткенін қайталайды. Үйренгенін домбырада ойнап, қателіктерін түзетеді	Жақсы!	Нога дәстегі

	<p>б) "Қосбасар" күйін талдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Авторы: Тәттімбет Қазанғашұлы - Тональділігі: а - moll - Екпіні: жәй - Орындалу түрі: шертпе - Қағысы: П П ПП П V П; - Дыбыс күші: р; mf; - Қосымша белгі: лига - Нұсқа (I - түрі) 			
5.Бекіту 5 мин	<p>"Қосбасар" күйін нота бойынша талдау. Күйдің тональдігін тауып, қағыстарын қойып, саусақтарын белгілеп, өлшемін көрсетіп беру.</p> <p>Тактімен жұмыс жасау, түсінбеген жері (тактітері) болса қайталап көрсетіп отыру.</p>	Оқушы үйренгенін аспапта ойнап, тактілерді қайталайды;	Жарайсың!	
6.Қорытынды 5 мин	<p>"Ойлан тап!" Сөзжұмбақ шешу ойыны.</p> <p>Жаңа сабақты түсінген – түсінбегенін білу үшін арнайы торкөздерде бүгінгі өтетін күйіміздің аты берілген сөзжұмбақ шешу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қосбасар» күйінің авторы 2. Әуен жазатын адам 3. Қазақтың күйші-домбырашысы 4. Есжанның күйі 5. Қаланың аты 6. Өте тыныш дыбыс, музыкадағы динамиканың реңктерінің бірі; 7. нота жазуында доға тәрізді сызықшамен (үсті, асты) қолданылатын шартты белгі. 8. Күй мақамының атауы; 			Сөзжұмбақ жазылған кесте
7.Үйге тапсырма 2 мин	<p>Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің 1 ші бөлімін жәй екпінде жаттап келу.</p> <p>Өткен тапсырмаларды үнемі қайталап жүру және тремоло қағысына, арпеджио выбрация алуға көбірек дайындалу керек.</p>	Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің 1 ші бөлімін жәй екпінде жаттап келеді.		

БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІ, ДАУЫСЫ, ДИКЦИЯСЫ

Сұлтанбек Айза Есімбекқызы
“Алматы облысы білім басқармасының
Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі” ММ
“Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі”
вокал сыныбының мұғалімі



Сөйлеу аппараты. Сөйлеу аппаратына дыбыстау мүшелері жатады.

Дыбыстау мүшелері; өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, бөбешік, (кішкене тіл) тіс, ерін, иек т.б. Өкпе-тыныс мүшелерінің бастысы. Өкпе көрік сияқты, бірде ауаны сыртқа теуіп, бірде ауаны ішке тартып тұрады. Өкпеден шыққан ауаның алатын кеңірдектің өкпеге қосылатын тарамдарынан (бронхи) тамаққа, одан көмейге, көмейден жұтқыншақ қуысына келеді де, одан әрі ауа не мұрын қуысы, не ауыз қуысы арқылы өтеді. Сөйтіп, тыныс мүшелері қызметінің бірі-дем шығару, екіншісі демді ішке тарту болады.

Сөйлеу аппаратын күте білу керек.

Қандай бір жақсы дауыс болмасын оп-оңай бұзылады. Дауысты бұзып алмау үшін, мынадай ережені мұқият сақтаңыздар;

1) Өркім өзінің табиғи даусымен сөйлеуге тиіс. Айқайлап, тым қатты сөйлемген дұрыс. Бұл-сөйлеу аппаратын бұзады.

2) Тамақ кеберсіп, жыбырлағанда жөтелмей, аздап су ішіп жіберген жөн.

3) Ұзақ сөйлеп, не ұзақ өлең айтып дауысты шаршатпаған абзал.

4) Тамақты суыққа шалдырмаған дұрыс. Денең қызып, не терлеп тұрғанда суық су ішпеу, балмұздақ жемеу, аязда терең дем алмау және аз сөйлеу керек. Тамаққа суық тиген жағдайда мүлдем сөйлемеген дұрыс. Салқын, ылғалды ауада өлең айтпау керек.

5) Мұрын жолының ауруынан сақтаныңыздар. Дауыс пен тыныс аппаратының аз да болса ауырғанын байқасыңыз, дәрігерге көрініңіз. Сөйлеу мен дауыстап оқу кезіндегі ерікті тыныс алуға сәйкес жаттығып төселуге болады. Алғашқыда дағдылану, жаттығу, мұғалім басшылығымен өткізіледі. Одан кейін жаттығуды өз беттеріңше жүргізуге болады.

Жылжымалы актив мүшелер:

1) Тіл жатады. Тіл өте жылжымалы мүше. Тілдің бірде ілгері, бірде кейін жылжуынан, бірде жоғары көтеріліп, бірде төмен түсуінен, сондай-ақ оның артқы шені, орта шені ұшының қимылынан әр түрлі дыбыстар жасалады. Тілдің ұшы жоғары тіске тиюінен тіс дыбыстары (т.д.) ал тілдің артқы шенінің артқы таңдайға жуықтауынан тіл арты дыбыстары (к, ғ, қ, г) жасалады. Дыбыстар осылай тілдің өзге мүшелеріне тиюі, не жуықтауына қарай соның атымен топтастырылады. Ал тілдің артқы таңдайға қарай жиырылып, бүктеліп кіреп айтылуынан жуан дауыстылар (а, ы, о, ұ, у) алдыңғы жағына жуықтап айтылуынан жіңішке дауыстылар (ә, е, і, ү) жасалады.

2) Ерін. Дыбыс шығаруда астыңғы ерін мен үстіңгі еріннің қызметі басым. Екі еріннің жымдасуынан б, п дыбыстары пайда болса, бірде астыңғы еріннің тіске қақтығысуынан ф, в дыбыстары жасалады, ал еріннің бірде дөңгеленіп, бірде тартылуы арқылы түрлі дыбыстар, айталық ұ, о дыбыстары жасалады.

3) Таңдай. Дыбыстың жасалу орнына қарай алғы, орта, артқы таңдай болып бөлінеді. Алғы таңдай күрек тіс тұрған қызыл иекпен (альвеолмен) ұштасады. Дауыссыз дыбыстардың осы альвеол арқылы да жасалатындары бар.

4) Иек. Иек (мұнымен ұласып жатқан тіл) төмен түскенде, ауыз кең ашылады да, жоғары көтерілгенде, ауыз тар ашылады. Осыған орай қазақ тілі дауыстылары ашық (а, ә...) қысаң (ы, і...) болып бөлінеді. Мұрын қуысы арқылы м, н,ң үнді дауыссыздары жасалады. Ал басқа дауыссыздар мен дауыстылар айтылғанда, фарнациялық ауа ауыз жолы

арқылы шығады. Сөйлеу техникасына төселу жолдары; Дұрыс тыныс ала білу, дауысты жаттықтыру, дикцияны (үн реңкін) қалыптастыру.

Дауыс. Сөз сөйлеуге дауыс қатысады. Дауыстың естілуі-психо-физиологиялық әрекеттің нәтижесі. Оны әрбір сөйлеушінің даралық қасиеті, эмоциясы, еркі бағыттап отырады. Сөздің естілуі тыныс алумен тығыз байланысты. Адам сөйлеуге ыңғайланғанда, ең алдымен ауа жұтады, одан кейін барып біртіндеп ауаны сыртқа шығарады. Дауыс шымылдығының керіліп, жиырылуының нәтижесінде дауыс пайда болады, бірақ ол солғын шығады. Әркімнің өз даусы (дауыс нақышы) болады.

Осыған қарап сөйлеп тұрған адамды көрмей-ақ даусынан тануға болады. Негізгі дауыспен бірге бірнеше қосымша дауыс тоны (сарыны)-обертондар да болады. Ол сөйлеушінің тамақ, мұрын қуысының құрылысына байланысты шықпақ. Осындай обертондар арқылы адамның жеке-дара даусы жасалмақ, үні таза шығады. Дауыста оның биіктігі (дыбыстау ырғағы) ұзақтығы үшқырлығы екінші сөзбен айтқанда, дауыстың алысқа шырқалу бейімділігі, басқа дыбыстардың ішінен айрықша ерекшеленуі айқындалады. Егер айналадағылардың сөзі мен өз сөзіңізді тыңдап бақылассаңыз, дауыс дыбыстың әр түрлі биіктігі мен жылысатынын байқайсыз. Өстіп негізгі дауыс тоны (сарыны) бір көтеріліп, бір бәсеңдеп ауытқиды да, орташа қалыпқа (регистрге) түседі, тағы осылайша қайталаанады... Бірақ бұл қалай болса солай емес, белгілі заңдылықпен жылыса отырып, сөйлеу мелодикасын (әуенін) түзеді. Дауыстың жоғары, орташа, төмен ырғақты жеңіл жылыса алуын дауыс икемділігі дейді. Көркем сөз орындаушы, нақышына келтіріп әңгімелеп беруші үнін жетілдіре отырып, өз даусының мүмкіншілігін байқап, диапазонын анықтап, ширақ шығуын жаттықтыруы керек. Тексті оқу немесе әңгімелеп беру кезінде дауысқа күш түспеген жөн, сонда ғана оның жұмсақ, жылы лебі немесе керісінше, қатал, салқын үні нақышталады.

Тамақ. Дауыс шымылдығы. Тамақ-кеңірдектің кеңейген жоғары тұсы. Дауыс шымылдығы көмейде болады. Дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл пайда болып, үн шығады. Көмейдің үстіңгі жағында жұтқыншақ қуысы бар. Бұл ауыз қуысы және мұрын қуысымен жалғасады. Дыбыстардың айтылуында ауыз қуысы мен мұрын қуысы жаңғырық қосып, резонаторлық қызмет атқарады. Дыбыстардың айтылуында ауыз қуысы мен мұрын қуысы жаңғырық қосып, резонаторлық қызмет атқарады. Кейбір үнді дауыссыздар (м, н, ң) мұрын қуысы арқылы жасалады. Ал дыбыстардың басым көпшілігінің жасалуында ауыз қуысы айрықша қызмет атқарады. Тілімізде дауысты фонемалардың түрлі-түрлі болып келуі, әр алуан түрге бөлінуі ауыз қуысындағы жаңғырықпен байланысты. Сол сияқты дауыссыз фонемаларды жасауда да ауыз қуысы резонатор болып, оларға түрлі өң береді. Дыбыстау мүшелерінің бір бөлігі жылжымалы келеді. Олар-актив мүшелер. Бұлар түрленіп, құбылып тұрады. Алуан түрлі дыбыстардың барлығы актив мүшелердің қыймылы арқылы жасалады. Тіл дыбыстарын, олардың жасалу түрлерін толық түсіну үшін, дыбыстау мүшелерінің қызметін жақсы білу шарт. Дыбыстардың анатомиялық-механикалық жақтарын білудің теориялық мәнімен бірге практикалық маңызы да бар. Дыбыстау мүшелерінің қызметін түбегейлі білгендер ана тілінің де, өзге тілдің де дыбыстарын, сөздерін қатесіз, дұрыс айтады. Қиналмай меңгереді.

Психологияда сөйлеу тұжырымдамасы адам пайдаланатын дыбыстық сигналдар жүйесі, ақпараттық багажды беру туралы жазбаша ұғымдар ретінде шешіледі. Кейбір зерттеушілер ақыл-ойдың материалдандыру және беру процесі деп сипатталған.

Психологиядағы сөйлеу функциялары:

Психология сөйлеуді, ең алдымен адамның жоғары ақыл-ой функцияларының бірі ретінде қарастырады. Оның құрылымы кез-келген басқа қызметтің құрылымымен сәйкес келеді. Сөйлеу қамтиды:

- ынталандыру ;
- жоспарлау;
- жүзеге асыру;
- бақылау.







Психологиядағы сөйлеудің барлық түрлерінің өз функциялары бар. Егер бала сөйлейтін сөздерін (дыбыстарды) анық, әдемі айтса, онда біз бұл баланың жақсы дикциясы бар деп сенімді түрде айта аламыз.







Падаланған әдебиеттер:

- -Көркем сөз оқу шеберлігі, А., Білім. 2001,(10п.л.).
- -Сырлы сөз сахна сәні, А., Білім. 2003 (11п.л.).
- -Сахна тілі, А., Білім. 2011 (12 п.л.).
- -Көркем сөз оқу шеберлігі, А., Білім. 2001,(10п.л.).
- -Сырлы сөз сахна сәні, А., Білім. 2003 (11п.л.).
- -Сахна тілі, А., Білім. 2011 (12 п.л.).

САЗ, ТОНАЛЬДІК. МАЖОР ГАММАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ. ДО МАЖОР ТОНАЛЬДІГІ


Таипова Улжан Дауреновна

Бөлім	Музыка бөлімі			
Педагогтің Т.А.Ә (бар болған жағдайда)	Таипова Улжан Дауреновна			
Күн	12.10.2023ж.			
Секция немесе үйірме атауы, топ	Сольфеджио			
Сабақтың тақырыбы:	Саз, тональдік. Мажор гаммасының құрылымы. До мажор тональдігі			
Сабақтың барысы:				
Сабақтың кезеңі/Уақыт	Мұғалімнің әрекеті:	Оқушының әрекеті:	Бағалау	Ресурс тар
Сабақтың басы:	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеріп, сәттілік тілеп, көңіл-күйлеріне назар аудару.	Сәлемде селі. Құралдарын түгендейді.	Жарайсың!	Слайд
Өткен сабақты еске түсіру:	Сұрақ-жауап: 2/4 өлшемі -? №37 дирижерлап әндету.			
Сабақтың ортасы:	Тоника саздың негізгі тұрақты дыбысы екендігіне, тональдіктерге, саздың тұрақты дыбыстарына, жалпы саз ұғымына түсініктеме беру. Саз дегеніміз -музыкадағы дыбыстардың өзара белгілі бір жүйеде үндесіп үйлесуі. Негізгі екі саз бар: мажор және минор . Мажор - көңілді, ашық болып келсе, минор -көңілсіз болып естіледі. Мажор сазыда минор сазыда тұрақты және тұрақсыз дыбыстардан тұрады. Тоника деп - ең басты, әрі тұрақты дыбысты айтамыз. Тоника дыбысымен айқындалатын саздың орналасуындағы биіктік дәрежесін – тональдік деп аталады. Тональдікті жазылған дыбыс қатарының тоникасына қарап анықтауға болады. Қай тональдіктің атауы болмасын, тоника дыбысымен (атымен) белгіленеді. (саздың бірінші басқышының атымен), оған қоса атауға саз түрінің атауы қосылады, яғни тональдіктің толық атауы іштей екі компонентті сақтайды. Тониканың атауы Саздың атауы Гамма дегеніміз - бір аттас екі дыбыстың арасындағы дыбыстардың жоғары және төмен орналасуы. До дыбысынан келесі до дыбысына дейінгі дыбыс қатарын до мажор гаммасы дейміз.  Тұрақты басқыштары: I, III, V, яғни до, ми, соль.	Аспап арқылы жаттығуы әндетеді		 
		Нога дәптермен жұмыс		

<p>Сабақтың соңы:</p> <p>Кері байланыс:</p> <p>Үйге тапсырма:</p>	<p><i>Тұрақсыз басқыштары:</i> II, IV, VI, VII- ре, фа, ля, си.</p>  <p>Мажорлық гамманың құрылымы: 1 тон, 1 тон, 0,5 тон, 1 тон, 1 тон, 1 тон, 0,5 тон.</p>  <p><i>Жаттығумен жұмыс:</i></p>  <p>Сергіту сәті: «Көңілді күн» музыкалық би Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау: Сөз дегеніміз не? Тональдік дегеніміз не? Тоника дегеніміз не? Мажорлық гамма құрылымын ата?</p> <p>Сабак ұнады ма? Нені түсінбей қалдың? Ереже жаттау. №21-дирижерлап, әндету.</p>	<p>Жаттығу мен жұмыс жасайды</p>		<p>Слайд</p>  
---	---	----------------------------------	---	--

«BATTEMENT FONDU» ҚИМЫЛЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Тугелбаева Айгуль Алимсеитовна
“Алматы облысы білім басқармасының
Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі” ММ
“Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі”
хореография сыныбының мұғалімі



- Мақсаты: оқушылардың ынталы күш-жігерін және зейінділігін қалыптастыру, олардың еңбекқорлығын арттыру, мінездерін шыңдау, жеке тұлға ретінде жан - жақты дамуға ықпал ету, би билеу сауаттылығын меңгеру үшін, классикалық бидің әліппесін үйрету.

- Дамыту: қозғалыс үйлесімділігін, икемділікті, әсемділікті, төзімділікті дамыту; білім алушылардың музыкалық ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.


- Тәрбиелік: төзімділікке, еңбек сүйгіштікке баулу, ерік күшін тәрбиелеу, бала тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыру, көркемдік және эстетикалық тәрбие беру.

- Міндеттері:

Оқыту: би композицияларын сауатты орындауға мүмкіндік беретін негізгі теориялық пен практикалық білімді, білікті және орындаушылық дағдыларды меңгерту; техникалық, музыкалық-ырғақты дағдыларын қалыптастыру.

Жалпы түсінік беру

Battement fondu — бұл баппен орындау қозғалысы, тізенің бүту мен ұзартылуының жұмыс принципі demi plie —нің жұмыс принципімен бірдей, тізе белгілі бір деңгейге дейін бүгілгеннен кейін біз олардың ұзартылуын бастаймыз, battement fondu қимылын зерттеуге кіріспес бұрын, шартты sur le cou-de-pied дегеннің не екенін еске түсіру керек.



Бұл жерде, тағы еске түсіретін бір жайт demi plie қимылы арқылы жасалынатын болғандықтан, тізеге, тірек аяқтың табанына үлкен көңіл бөлу қажет. Тірек аяқ дұрыс болмаса, battement fondu қимылы дұрыс орындалмайды. Осы қимылды жасаған кезде, көп қателіктер кетіп жатады, сондықтан балаларды үйреткен кезде, оңайдан қиынға көшу арқылы орындату керек. Классикалық бидің экзерсисі тірек аяқтың білегіндегі жұмыс аяғының орнын қатаң анықтайды: sur le cou-de-pied.

Ол екі түрлі болады: алдыңғы және артқы .

Sur le cou-de-pied алдыңғы жағында – жұмыс істеп тұрған аяқ тірек аяқтың білегінің алдында тұрады. Бұл қимылда өкшені алдыға беріп, үлкен бақайды сүйекке қойып, қимыл жасап тұрған аяқтың тізесін жаңға дұрыс ашылуын қадағалау және де тірек аяқтың тізесінің тік ұстауына ерекше мән беру керек. Ол екі түрлі болады: алдыңғы және артқы .

Sur le cou-de-pied алдыңғы жағында – жұмыс істеп тұрған аяқ тірек аяқтың білегінің алдында тұрады. Бұл қимылда өкшені алдыға беріп, үлкен бақайды сүйекке қойып, қимыл жасап тұрған аяқтың тізесін жаңға дұрыс ашылуын қадағалау және де тірек аяқтың тізесінің тік ұстауына ерекше мән беру керек.



Артқы sur le cou-de-pied көрінісі
Sur le cou-de-pied артқы жағында – жұмыс істейтін аяқтың өкшесін тірек аяқтың тобығына тіреп, аяқтың бақайларын созу керек. Бұл қимылда да тізеге үлкен мән беру қажет.



Battement fondu [батман фондю] – жамбас және тізе буынында аяқтарды бір уақытта бұғу және жазу;

Battement fondu қозғалысы классикалық биде Demi-plié мен Battement tendu jete-ні жақсы меңгергеннен кейін орындалатын қимыл. Тірек аяқта біз Demi-plié-ні орындай отырып, жұмыс аяғын жаймен ашу арқылы Battement fondu қимылын біркелкі орындаймыз.



Алға қозғалысты орындау кезінде жұмыс аяғы тіздегі бұрылысты сақтай отырып, өкшемен алға қарай ашылады. Артқы қозғалысты орындау кезінде жұмыс аяғы артқы жағында sur le cou-de-pied позициясына жабылып, тіздегі бұрылысты сақтайды. Қозғалыстағы аяқ тірек аяқтың артына ашылады. 45° жұмыс істейтін ашық позицияда тірек аяғының қысқа саусақтарының қозғалысы қиындайды.



Алға ашылу көрінісі



Жанға ашылу



Артқа ашылу

Сондай-ақ, battement fondu жұмыс істейтін аяқтың ашылуымен 90° орындалуы мүмкін. Battement fondu көптеген басқа қозғалыстармен біріктіріледі (rond de jambe en l'air, pas tombe, battement frappe және т. б.) Музыкалық өлшемі 2/4, баяу. Battement fondu

— battement double fondu (Қос fondu) түрі бар. Battement fondu барлық ережелеріне сәйкес орындалады, бірақ sur le sou-de-pied позициясында жұмыс істейтін тірек аяғына екінші Demi-plié қосылады. Музыкалық өлшемі 4/4. Battement tendu және battement double fondu аяқтың күшін, бұралуын, серпімділігін дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Борзов А.А. Әлем халықтарының билері. - М.: Наталья Нестерова университеті, 2006.

2. Р. Захаров, Балетмейстердің жазбалары. - М.: Өнер, 1976.


3. Зацепина К., Климов А., Рихтер К., Толстая Н., Фарманянц Е.





4. Лопухов А., Ширяева А., Бочаров А. Сипатты би негіздері. - Л.-М.: Өнер, 1939.

ҚУЫРШАҚҚА АРНАЛҒАН КУИМДЕР. БЕЛДЕМШЕ ТІГУ

Уркинбаева Зауре Байгожаевна

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Бағарлар
1. Ұйымд астыру кезеңі 4мин	Оқушыларды түгелдеп, кезекшіні белгілеп, оқушылардың назарын сабаққа аудару; Сабақ басталмай тұрып қауіпсіздік ережесін қайталап алайық. Жұмбақтар арқылы қолданылған заттарды еске түсірейік. Екі сөмісер айқысып. Оқта текте шайқасқан... (Қайшы) Бар екен дүниеде жалғыз көзді. Сол көзбен дүниенің бәрін көзді. Әлемді он сегіз мың күндіріп. Дүниедеп жал қаламын өзі белді (ине)	Мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. Оқушылар қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, керекті заттарды дайындап, орын-орнына қояды. Жұмбақтардың шешуін айтады. Қайшы, ине	Ауызша мадақтау;	қайшы, жөпір, қалам, сызғыш, мата үлгілері, түрлі түсті қағаздар, ине, түрлі жіптер .
2. Үй тапсырма сын сұрау 6 мин	Матаның түрлері жөнінде не біліп келдіңдер? Химиялық талшықтардан алынған мата түрлерін ата.	Тоқылған талшықтарға байланысты маталар – табиғи талшықтардан алынған және жасанды талшықтардан алынған болып екіге бөлінеді. Табиғи. Оларға зығыр, жүн және мақта жатады. Бұл жағдайда маталарды өндіруге арналған шикізат табиғи өсімдік талшықтары мен жануарлардың жүні болып табылады. Жасанды талшықтардан алынатын қоспа маталар жылтырлау, беті тайғақ, тез сетінейді, аз қыртыстанады. Нейлон, капрон, велор, атлас, парча т.б.	Жарайсың! Тамаша!	Мата суреттері 
3. Жаңа сабақ Кіріспе 5мин	Бөбектердей бұлдіршін, Киініп тұр бір мүсін. Ол қаз басып жүрмейді, Сөйлемейді, күлмейді. Ол не балалар? Қуыршақ туралы мағлұмат беріп, киімді модельдеу әдісімен таныстырып, тақырып бойынша материалды	Жұмбақтың жауабын айтады. Қуыршақ. Қуыршақ туралы білетіндерін айтады. Қуыршақ-бұл қыз балалар ойнайтын ең көп тараған ойыншық. Қуыршақтар балалар ойыншығы болғандықтан пластмасса материалдан жасалады, қазіргі уақытта олардың қимылдап жүретін,		Слайд, белдемше түрлері

	меңгерулерін қамтамасыз етемін.	сөйлейтін түрлері көп.		
Сарамандық жұмыс 20 мин	Жұмыстың орындалу реті: 1. Матаны екіге бүктеп, дайын үлгімен бастырып сызып алу. — Қандай мата түрлерін білеміз? (Мата түрлерін көрсету) 2. Сызық бойымен қиып алу. 3. Белдемшенің ортасын ашып, оң бетімен қиындыларын теңестіру. 4. Белдемшені екі шетін біріктіріп тігу. — Қандай тігіс түрін қолданамыз? (Көктеп тігу – бөлшектердің шетін біріктіруге (және матаның шеті сетінеп сәгілмеуі үшін тігіледі) үшін қолданылады.) 5.— Олай болса, жұмысымызды бастайық. Қол ұстасып, бір-бірімізге сәттілік тілейік.	Оқушылар тапсырманы орындайды  	Жақсы! Тамаша!	 
4. Қорыту 3мин	1.Біз бүгін не істедік? 2.Модельдеу деген не? 3.Белдемше деген не? 4.Бұл жұмысты жасау үшін бізге қандай материалдар мен құрал-жабдықтар қажет болды? 6. Модельдеу дегеніміз не?	• Қалың мата, таспабау, бор, ине-жіп, қайшы Модельдеу дегеніміз-бұл эскиз бойынша жасалған бұйымның үлгісі. •	ЖАҚСЫ!!	
5.Үйге тапсырма 2мин	Үлгермеген бөліктерді толық аяқтап келу тапсырылады.	Оқушылар белдемшелерді толық бітіріп, өз беттерінше безендіріп келеді.		

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРІНДЕ (АНСАМБЛІНДЕ) ҰЖЫМДЫҚ МУЗЫКА ОЙНАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

**“Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебі”
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны домбыра сыныбының
мұғалімі: Чалгынбаев Еркебұлан Еркінұлы**



Оркестр жұмысын ұйымдастыру кезеңінде қойылатын басты талап – репертуар таңдау. Репертуар бүгінгі өмір деңгейіне сай терең мазмұнда, көркемдік педагогикалық талапты қанағаттандыратын дәрежеде және оқушылардың жас ерекшеліктеріне, аспаптарда ойнау мүмкіндіктеріне сәйкес болуы тиіс. Жетекші ойналатын шығарманың идеялық-эстетикалық мәнін, көркемдік ерекшелігін дұрыс ашып таныта білгенде ғана оқушылар музыканы терең сезініп, дұрыс түсіне білу қабілетін дамытып, дүние танымы кеңейе түседі.

Репертуар іріктеуде нені ескеру керек?

оркестрде ойналатын музыкалық шығарманың мазмұны мен көркемдік ерекшелігі;

репертуардың жан-жақталығы;

іріктелген шығармалар тақырыбы;

құрылысы;

тілі;

жанры;

Оркестр құрамын тұрақтандырып, оқушылардың белсенділігін арттыру үшін не істеу керек?

Оркестр құрамының тұрақтылығы жетекшіге де байланысты. Егер де дайындықтар қарапайым, ешқандай эмоциялық әсерсіз, репертуар қызықсыз болса, оның үстіне дирижер дауысын көтеріп, орынсыз жекіре берсе немесе көптің алдында олардың намысына тиіп, дұрыс ойнай алмайтындығын айтса, әрине, оқушы көп ұзамай-ақ оркестрді тастап кетуі ықтимал.

Кейде оқушылар жаттығуларға әр нәрсені сылтауратып келмей немесе дайындық кезінде көңілсіздік, салғырттық танытады.

Оқушы оркестрде домбырада ойнауға бөлінді делік. Егерде аспапта жазылған партияда ноталар өте қарапайым, мелодиялық түзілістері аз, көп жерлерінде паузалық кідірістер кездесе, бұл оқушыны зеріктіреді әрі жалықтырады. Осы сияқты көріністі оркестрге ілесе алмай бүкіл дайындық бойына бос отыратын басқа аспаптарда ойнайтын оқушылардан да байқауға болады. Міне, осындай жағдайлар оқушының ынтасына әсер етіп, құштарлығын бәсеңсітеді.

Оркестр құрамын тұрақтандыру- жетекшінің тапқырлығы мен шеберлігіне байланысты. Ол әр-сәт, әрбір оркестр мүшесінің психологиялық рухани дүниесін, ой-өрісін дәл басып, сезіне білуі тиіс. Мысалы, бас домбыраның партиясына алдын- ала көңіл бөліп, олармен жеке дайындықтарды жиілетсе, қызықты да көңілді ән-күйлер, пьесалар берсе, партияға мелодиялық үзінділер кіргізсе, олардың музыкаға деген белсенділігі арта түседі.

Оркестр жетекшісі – үлкен тұлға. Домбырашының отыру реттілігі, қол мен саусақтарды аспаптарға дұрыс қоя білуі, аспаптан музыкалық дыбыс әуенінің мәнді шығуы, штрихтер апликатурасы, т.б. Егерде бұл талаптар дайындық кезеңінде тиянақты қалыптаспаса, оқушы аспапты өз мәнінде игере алмайды да алға қойған мақсаттың жүзеге асуы қиын соғады.

Жетекші аспапты игерудің ғылыми тиімді жолдарын әр сәт іздестіріп, қалыптасқан теориялық қағидалар мен методикалық тұжырымдарға сүйене отырып жұмыс істеуі қажет. Шығарманы игеру алдында жетекші әр ойналлатын композиторлардың өмірі мен творчествосы жайлы қызықты деректер жинау жөнінде ұсыныс айтып отыру керек. Бұл, оркестр мүшелерін аталған сазгерлердің өмірінен хабардар болып, ізденіске ұмтылдырады. Оқушылардың аспапты үйде ойнап жаттығуы. Ұстаз үйдегі жаттығудың методикасын өзі аспапта ойнап көрсетіп, мысалдар арқылы айқындағаны жөн. Үйдегі жаттығудың маңызын терең түсіндіргенде ғана, оқушылардың өз бетімен дайындық белсенділігі арта түседі.

Сонымен қатар өзіндік жұмыс істеу, зерттеу және проблемалық, сұрақ-жауап әдістеріне де ерекше көңіл аударған жөн.

Оркестр дайындығының мынандай жұмыс түрлері болады:

Шығарманы бастан аяқ бірнеше рет қайталап, көркемдік дәрежеге дейін жеткізу;

Шығарманың техникалық жағын жетілдіру;

Оркестрдің жеке топтарымен жұмыс дайындау;

Концерттік дайындық;

Егер оркестр концертке шығатын болса – практикалық ойнау тәсілі, жаңа шығарманы игеру барысында әңгіме және көрнекілік тәсілдері кеңінен пайдаланылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. Алматы, Жазушы, 1975

2. Ерзакович Б.Г. Музыкальное наследие казахского народа. Алматы, Наука., 1979.

3. Инструментальная музыка казахского народа: Статьи, очерки /Сост. А.Мухамбетова. Алматы, Өнер, 1985.

4. Турекулов Н. Современный казахский фольклор (Жанрово – структурный анализ).-Алматы: Мектеп., 1982

ЕЛ БІРЛІГІН САҚТАҒАН ТАТУЛЫҚТЫ АҮТ

Шакеева Несіпкүл Шарынбаевна

Сабақтың мақсаты

а) Оқушыларға жыр алыбы Жамбыл Жабаев туралы мәлімет беру.

ә) Ақынның айтыс өнеріндегі тапқырлығымен таныстыра отырып, оқушылардың татулық, бірлік, ынтымақ туралы түсініктерін кеңейту..

б) Ақынның өлең жолдары арқылы оқушылардың бойындағы Отансүйгіштік қасиеттерін нығайту.

Сабақтың түрі Ой қозғау, әңгіме.

Көрнекі құралдар Үнтаспа, презентация

Сабақ барысы

1.Ұйымдастыру бөлімі

Мұғалім сөзі:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгінгі тәрбие сағатымызда ұлы ақын туралы пікір алмасатын боламыз.

Сәлемдесіп алдымен,

Басымызды иеміз.

Бүгінгі күн баршаға

Сәттілікті тілейміз

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Ел бірлігін сақтаған татулықты айт».

(Тақырып төңірегінде бірнеше сұрақтар қойылып, әңгіме жүргізіледі.)

Назарымызды тақтаға аударайық та, сұрақтарға жауап берейік.

Бірлік, татулық дегенді қалай түсінесіңдер?

«Бірлік бар жерде тірлік бар» деген мәтелдің мағынасын қалай түсінесіңдер?

(Оқушылардың жауабы тыңдалады)

(Мұғалім оқушыларға бір-бірден таяқша таратып беріп, сындырыңдар дейді. Олар тез-тез сындырады. Енді буылған бірнеше бума таяқшаны береді. Тағы да сындыруды талап етеді.)

- Неге жалғыз таяқша тез сынды?

- Буылған бірнеше таяқшаны неге сындыра алмадыңдар?

(Оқушы жауаптары)



Мұғалім түсіндірмесі: Тату болу үшін бірлік керек. Бірлікте болу үшін бір-бірімізбен тату болуымыз керек екен.

Біз ұстаздардың, үлкендердің айтқанын тыңдап, ғұлама ғалымдардың нақыл сөздерін оқып үйренуіміз керек.

Ендеше, суретке назар аударайық.

- Бұл кісі кім деп ойлайсыңдар?

- Неге біз бүгін дәл осы тұлғаға тоқтағалы отырмыз?

- Иә, дұрыс айтасыңдар, бұл - Жамбыл Жабаев. Біз биыл бұл кісінің 177 жылдығын атап өтеміз.

- Ендеше, Жамбыл туралы, өмірі туралы не білеміз?

- Қандай өлеңдерін білесіңдер?

- Сонымен, Жамбыл кім?

(Суырып салма ақын, күйші, жыршы, айтыскер)

1881 жылы Іле өзені бойындағы бір жәрмеңкеде тоғыз ақынды жеңген Құлмамбет Жамбылды алдырып, айтысады.

Бейнетаспа арқылы «Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысын» тамашалайық.

Мұқият тыңдасаңыздар бүгінгі тәрбие сағатының негізгі идеясы айтылады.

- Айтыста не туралы айтылды?

- Кім жеңді?

- Кім жеңілді?

- Жамбыл қалай жеңді?

Қорытынды сөз

Егер айтатын болсақ, ең алдымен асқан адамгершілікті, еңбегімен танылған ерлерді, елін қорғаған батырларды айтайық. Екі ел арасындағы жарасқан тату-тәтті, бейбіт өмірді айтайық деген мағынада осы сөз қолданылады.

Бұл сөзді Жамбыл Құлмамбетпен айтысқанда айтыпты. Осы айтыста Жамбыл:

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!..

Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,

Оны мақтап әуре болмай жөніне қайт!» -

деп аталы сөздер айтып, Құлмамбетті жеңіп шығады. Осыдан былай қарай Жамбыл атақты ақын деп атала бастайды.

Кері байланыс

- Сабақ ұнады ма?

- Қандай ой түйдіңдер?

САХНА ТІЛІ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

